

83.3(5423)

H 55



DADA

Гүлзада Ниетқалиева

ШАРА

Ғ. СЛАНОВ АТЫНДАҒЫ
ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ
ӘМБЕБАП КІТАПХАНА

418618 сар

ЛИАНТ
БАСПАСЫ

Астана - 2010

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 Қаз

Н 55

Пікір жазғандар:

ЖҮСІП Қадыр, филология ғылымдарының докторы, профессор;

СЕЙТАЛИЕВ Қадыржан, педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

ӘБДІРАХМАНОВА Жұмазия, филология ғылымдарының кандидаты;

АЯПОВА Гүлзира, филология ғылымдарының кандидаты

Н55 Ниетқалиева Гүлзада.

Дара. –Астана: Фолиант, 2010. – 176 бет.

ISBN 978-601-292-241-7


Бұл еңбекте қазіргі қазақ прозасының көрнекті өкілдерінің бірі Рахымжан Отарбаев шығармашылығы ғылыми-теориялық, сыни-сараптамалық тұрғыда талданған.

Жазушы шығармашылығындағы көркем бейнелер жүйесінің түзілуіне, мифтік ұғымдардың тарихи-генетикалық құбылуына ғылыми сараптама жасалған. Әдеби-теориялық талдау нәтижесінде қаламгердің шығармашылық келбеті ашылған.

Кітап әдебиеттанушыларға, қалың көпшілік оқырманға арналған.

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 Қаз



ISBN 978-601-292-241-7

© Ниетқалиева Г., 2010

© «Фолиант» баспасы, 2010

ПСИХОЛОГИЗМ ИПІМДЕРІ

Қазіргі әдебиетте кең орын алған мәңгілік тақырыптардың бірі – адамның өмір сүру туралы толғанысы. Бұл адамның қоршаған ортамен тікелей гармониялық қарым-қатынасын, яғни адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты көркем ой арқылы зерделеу мәселесімен тығыз байланысты. Ал бұл ағым қазіргі таңда жарық көріп жатқан әдеби-көркем шығармаларда көтерілген негізгі арнаның бірі болып отыр. Әдетте адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты бейнелейтін прозалық шығармалардағы тартыс сан салалы, көп желілі болып келеді. Мұның басты себебі – планеталық ауқымдағы экологиялық дағдарыстың күшеюі және оның табиғатты қорғау, жердегі тіршілікті сақтау мәселесімен қат-қабат ұштасуы. Көркем шығармаға арқау болған бұл тартыс бір-біріне қарама-қайшы келетін жаңа ағымды қалыптастырады. Сондай бағыттың бірі – қоршаған ортамен қоса адамның жан дүниесін қорғау мәселесін қатар шешуге ұмтылған ағым, яғни адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты адамгершілік мәселесімен ұштастыра баяндап, адам мен табиғат арасындағы бір-біріне тәуелділіктің арта түскендігін баса көрсетеді.

Мынау жалған дүниеге есесі кетіп, сағы сынбай жүрген кім бар дейсіз? Жұбатып тұрып жылатқан, биікке көтеріп тұрып құлатқан екіесті өмірдің баянсыздығы мен

тұрлаусыздығы жазушы Рахымжан Отарбаевтың «Тоқтышақ» әңгімесінде кеңінен ашылған. Бес күндік опасыз фәнидің көзді арбаған әлекей-шүлекейіне малданып, жалғанды жалпағынан басатынымыз өтірік емес. «Ескі сарай бұл дүниеге кім келіп, кім кетпеді?» деген жалған пәлсапаны жаттап алып, ұлт қамын ойлағансып, көлгір сөздермен жүректі айнытатын «ұлылар» көбейіп кетті бүгінде. Жер бетіндегі аз ғана күн сапарда «қоңыз» боп тұщы дүниенің құлына айналмағандар, Әй, жоқ-ау. Жан дүниесін кірлетпей, жерлік тозаң мен былғаныш тірлікке белшесінен батпай өмір сүретін жанды тал түсте қолға шам алып іздесек те таппайтынымыз ақиқат. Жазушы осы мәселені аталмыш әңгімеде сәтті көтерген. Әңгіме: «Наурыздың шағырмақ күні мен өкпек желі сіре қардың көбесін екеулеп сөгіп жатты», – деп басталады. Жазушы әңгіменің бас кейіпкері Тоқтышақтың жаңа ашылған ақ парақтай көңілін мұздай суық бетімен қайтарған тасжүрек дүниенің кім-кімнің де қабырғасын сөгіп, өзіне құл ететін мейірімсіз қалпын да осы бір сөйлемнен айқын аңғарта алған. Бар әлемнен тек жақсылық күтіп, өмір мөлдірліктен ғана тұрады деп сенген бала көңілдің аспаннан жерге түсіп, құлпарша боп сынуы оқырманға үлкен философиялық ой аңғартады. Әңгіменің экспозициясы ашөзек тұлкінің ауыл жаққа тұмсығын төсеп, иіс аулауынан басталады. Қарға аунап, терісі өрттей құлпырған тұлкіні Тоқтышақ қана аңғарады. Басқаларының сінбіруге де мұршасы жоқ, диірмен тасындай айналған тірлік тауқыметінен мыжылған, құлпарша боп сынған. Тұлкі – бұл жерде жалған дүние, бес күндік фәни символы іспеттес. Ол енді өзіне жан сарайы аппақ қардай таза Тоқтышақты баурап алмақ... Шығармадағы философиялық тереңдік – тұлкі-жалғанның алдағанына ермейтін пенде атаулы жоқ екенін мегзеуі. Бұл жерде тұлкі аллегориялық бейне деп тануға да негіз бар. Аспан астында әділдік пен адалдық бар деп сенген жас балаға өзінің әлемішке толы сайқал бетін туғаннан көрсетіп келе жатқан тағдырдың

әділетсіздігі де түлкі арқылы көрініп тұрғандай. Мынау жер бетінің алдау-арбауға толы тірлігінен бейхабар, жаны әлі кірлемеген бір ғана сол еді.

Жазушы оқиғаны бас кейіпкердің жан күйзелісі, ішкі монологі арқылы оқырманның көз алдына жайып салады. Ішкі монолог – қазақ әдебиетінде бұрыннан келе жатқан дәстүр. Ол сонау ауыз әдебиетінде де кездеседі. Мәселен, «Алпамыс батыр» жырында Құлтай бабаның далада мал бағып жүріп:

...Қайда кетіп барасың,

Қарағымның аманат қойған серкесі-ай?

Шөрей, жаным, шөрей, –

деп зарлап, Алпамыс жауға аттанып, мыстанның құрған торына түсіп, кешіккеннен кейін Ұлтан құлдан көрген қорлығын айтып, мұңын шағатын жері бар емес пе? Бұл жерде белгісіз жырау ішкі монолог арқылы қарттың сағынышы мен зарын көрсеткен. Халық фольклорындағы осы бір әдісті қолдана отырып, жазушы бұл әңгімеде табиғат пен адам жанының үндестігін шебер суреттеген. Адам бәрібір табиғатқа тәуелді, табиғаттан өзіне үндестік іздейтіні де рас. Тасбауыр тағдырдың талай теперішін басынан өткізген кейуананың жанындағы жұбанышы болған жалғыз қара да осы бала. Бір қызынан өлідей, бір қызынан тірілей айырылып, көкірегін күйік шалған нағашы әжесінің зар-запыранын үнсіз тындап бөлісетін, Жаратқанға айтатын назы мен ренішін де түсініп, кешіретін жалғанда бір адам болса, сол – осы Тоқтышак. Ересектердің жан түсініп болмайтын шымшытырық жұмбақ өміріне сын көзбен қарап, өзінше баға беріп тұратын, әр қылықтарына талдау жасап, «Неліктен ересектер қателеседі екен?» деген сұраққа жауап іздеп, өз жасынан ертелеу ересек тартқан баланың жан дүниесіне тереңірек бойлауы жазушы шеберлігінің айғағы іспетті. Бұны сыншылар «жазушының ішкі түйсігі» деп немесе

«тақырып ішіндегі тақырып» деп те атап жүр. Торша бала түлкіге: «Әжем қорада жүр. Өскен соң қақпан құрып ұстап аласың деді. Әзірге жүре тұр», – дейді кәдімгідей сөйлесіп. «Оң аяғын билете басып» сәске кезінде малын шаруалап шыққан ақсақ кемпір өз зарымен кішкене ауылды ұйқыдан оятады. Осыдан кейін басталған бұйығы ауыл тіршілігі... Ақ шатырлы үйдегі ерлі-зайыптылардың ешқашан бітпес шаң-шұңы... «Пермі бастық» Пішенбайдың екі көзі майланып, тоқал тамның ішінен екіленіп шығуы... Осылайша оқиға өз-өзінен тізбектеліп жүре береді. Қазіргі ауылдың көрінісін жазушы айны қатесіз, бүкпесіз оқырманның көз алдына жайып салады. Тоқал тамның иесі – «қақ-соққа қатысы жоқ, бар өмірі мал соңында өткен» жадау шал... «Аңқау еді, жарықтық», – деп бір ғана сөзбен кейіпкер мінезін сомдайды автор. Сөйтеді де қожанасырлау мінез шалдың кеңес кезіндегі бір жиналысқа қатысқан сәтін әңгімелейді. «Қозыны қалай көп алып жүрсіз? Малды қалай жаясыз?» – деген сұрақтарға бар шынымен жауап берген шалдың жауабы, күлкілі боп көрінгенімен, ойланатын мәні бар жанды мәселелер. «Біреуге күлкі, біреуге түрпі» деген халық даналығы ойға оралады әлгі жерде.

Цивилизация дегенді білместен, кара танымай өткен жадау шалдың жан дүниесіндегі тазалық, аңғалдық пен Пішенбайдың қараулығын шендестіре суреттейді жазушы. Қойдан жуас жанды басынып, мініс атын бермей, бураға мінгізіп сиыр айдатуы шектен асқандық емей немене? Әлсіз шалды тулақтай жұлып алып, езіп өлтірген бураны пішеміз деп екіленген Пішенбай қылығы – әлсіздерге тізесін батыратын, өзінен күштіні көрсе құйрығын бұлғандатқан күшіктей жағымпазданатын тоңмойын тоғышардың ісі. Әңгімедегі оқиғалардың шиеленісуіне келетін болсақ, «Заппермінің» өпірем де ойсыз қылығының салдарынан ажал құшқан шалдың аянышты өлімі, әкесінің бураға шайналып өлгенін көрген жалғыз ұлының жынданып кетуі де шынайы су-

реттелген. Бура – бұл жерде өктемдік пен тасжүректік, астамдық бейнесі. Бураны пішем деп жүрген Пішенбайдың өзіне тап берген есірік меңдеген жадау шалдың жалғыз ұлынан оның зәресі ұшып, қорқуы да нанымды. Бірақ ешқашан жеңілмейтін арамдық пен зымиян сатқындық ту тіккен бүгінгі қоғамның кескін-келбеті содан анық көрініп тұр. Оны жену мүмкін емес. Адал да момын жандардың азап шегіп, қорқау пиғылды көркеуделердің жолы оңынан туатыны мынау дүниеге таңсық емес. Бұл – әлмисактан қалыптасқан тірлік заңы. Тоқтышақ осы ойлармен алысып тұра берер ме еді? Шаңқ етіп үрген иттің даусы бала назарын өзіне аударады. Жазушы алақандай ауылдың бар келбетін торша баланың көзқарасы тұрғысынан әңгімелейді. Сөйтіп жақсы бір өзіндік қолтаңбаны, өзгелерге ұқсамайтын стильді таңдаған.

Жас сюжеттік байланыс – кара қанденнің көрші ауылдан құйғытып келе жатуы. Ауылдың бар тұрғыны Тоқтышақ назарынан тыс қалмайды. Перзент аңсаумен күн кешірген Жамиға жеңгесін тастап, көрші ауылдағы «кәрі қыздың қолына кіріп алған». Әскербек ағасының қылығына да түсінбейді ол. Тоқтышаққа салса, Жәмиға жеңгесін зар еңіретіп, қойнындағы күйеуін кіргізіп алған кәрі қызы көп көрші ауылдың сазайын берер ме еді?!

Бала тағдыр жазуы деп адамдар бар кінәні тағдырға жаба салатын, бірақ бәрін өздері жасайтын былғанышқа толы тірлікті қабылдағысы келмей жанұшырады. Яғни, жан дүниесін кірлеткісі жоқ. Бала жүрегі содан ауырады, сөйтіп жалғыздықпен достасып, өз мұңын табиғатпен шарпыстырады. Жазушы психологиялық параллелизмді өте бір шеберлікпен, сәтті қолданған. Таңдайы жібіп өз бауырынан перзент көрмей, жөргек иісіне зар Жәмиғаның жан дүниесіндегі күйзелісті кара қанденмен арадағы диалог арқылы шебер береді жазушы. «Иә, тоқал тамағыңды тойдырды ма? Сен де қолына кіріп алмадың ба?» – деген сөзді

естіген қара қанден бәрібір қолын жалатып өсірген иесін көрмей тұра алмайды. Осы бір ауыз сөзде үлкен салмақ, күйеуі тіріде жесір атанған әйел қасіреті жатыр. Жас иісті малданып жатқан күйеуіне деген өкпесі, бұған дегенде бауыры тас боп қатқан тағдырға деген наласы – бәрі осында. Иесінің неге көрші ауылға кеткенінен, бөтен босағаға байланғанынан бейхабар қара қанденнің екі ауылдың арасын жол қылғаны қандай аянышты? Ол үшін Жәмиға мен Әскербек бірдей, екеуі де қымбат. Содан да күнде екі ауыл арасында алқынып жүргені.

Иттің иесіне деген адалдығы... Адамдар неге адалдықты сақтамайды екен? Жазушы қара қанденді кейіпкерлердің сезім сергелдеңінің символы етіп алған. Бала таппағаннан өзге жазығы жоқ, жібек мінезді Жәмиғаны қимаған күйеуінің де екі ұдай қалпын осыдан тануға болар. «Жақсыны бір кесек еттен қысады» деген халық даналығы еріксіз ойға оралады. Әйтеуір, төрт құбыласы түгел жанды бұл фәнидің жүзінен таба алмасымыз анық. Жазушы бір ғана деталь арқылы тұтас бір повеске жүк болар сюжетті алған. Және: «Тоқтышақтың ойына әжесінің «Осы ит түбінде сағыныштан өледі» деген сөзі оралды», – деген сөйлемде де астарлы мағына, жан сыздатар салмақ жатқаны тағы айқын. Кішкене ауылдың өзіне тән өмірі, өзекті мәселелері көп. Алақандай ауылдың он шақты түтінінің өзіне тән қайғысы бар. Егер Жәмиға перзентке зар болса, мынау ерлі-зайыптылардың арманы – ұл. Ылғи қыз туа берген әйелін кінәлап, араққа салынған еркек пен аузынан ақ ит кіріп, көк ит шыққан, сөйтіп «бейбақ жеңдім дейді, бейшара көндім дейдіні» өз бейнесі арқылы дәлелдеп шыққан көкайыл әйел бейнесі де типтік бейне екені рас. Өмірде бәрі де кездесетін жайттар екені де мәлім. Осының бәріне бала көзімен баға бере келіп, жазушы тағы да Тоқтышақ пен түлкінің андысқан сәтін бейнелейді. Бұл жолы өзін түсінбеген айналасындағы ересектердің осыншама лас, былғаныш өмірінен жеріген бала түлкіге мұң

шағып тұрады. Мұң шағатындай да-бар. Тоқтышақтың осы күнге дейін әкесін көрмеуі, танымауы, әкесіне ерегіскен шешесінің ажырасып, баланы нағашы әжесінің бауырына салуы, сөйтіп ата-анаға деген сағыныш жанын жеген ұлдың жалғыздықпен кеңесуі сәтті де нанымды.

Жазушы бүгінгі өмір келбетін суреттеуде асқан шеберлік танытады. Жалаң баяндамай, болған оқиғаны кейіпкерлердің диалогі арқылы беруі де соны үрдіс. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген мақал тіл ұшында ериді... Бірнеше күйеуге шығып, бағы ашылмасына көзі жеткен әйелдің ашынған халі, тамам еркектен өш алу мақсатында «саудаға кетуі» қазіргі өмірдің дерті асқынған қатерлі ісігі екені ащы да болса ақиқат. Тоқтышақтың түлкіні қақпан құрып ұстап алып, терісінен қалада жүрген, әжесінің сөзімен айтқанда «миы сұйылып, төбесі жұқарған» анасына малақай тігіп бермек боп ойлануында да астарлы мағына, философиялық ой жатыр. Оның үстіне бұны еркелетіп, жанындай жақсы көретін аяулы жан бар еді. Ол да өз намысының отына күйіп, пойыздың астына түсіп өледі.

«Саған қандай жақсы. Жат болып кеткен әкең, жағаласып жатқан көршің жоқ. Атасынан қалған жаман тонды мектепке киіп барса мазақтап жүргізбейтін достарың жоқ. Тіпті өз ұятына пісіп өлді дейтін ақ торғындай апаң жоқ», – дейді ол түлкіге мұң айтып. Аспан астындағы тіршілік атаулы балаға қосылып мұная қалыпты. Баланың әлден-ақ мынау күйбені мен сүргіні бітпейтін жалғаннан көңілі қалған. Ересектердің жанжалы мен күндестігінен шаршаған.

Тоқтышақ бала жүрегімен әжесін аяйды. Тірліктің шын бетін танып, салқын өмір салтынан беті суыған кейуана үшін жер бетіндегі тозақта еш нәрсе де таңсық емес. Себебі көрген, білген, жеңілген. Жеңілген де барлығынан жеріген. Тек кей-кейде кеудесіне толған күйік запыранын шығарып, «Жаны күйген Тәңірісін қарғар» дегеннің керімен Жаратқанға тіл тигізетіні болмаса...

Жазушы: «Ақ торғындай еді-ау, қайтейін?..» – деген қайталауды қолдана отырып, сол арқылы әңгіменің эмоциялық бояуын қоюлата түседі. Ана сағынышы, ана көкіректің аңсаудан сыздауы, қасірет салмағы, өзекті өрттей күйдірген өкініш – бәрі осы бір ауыз қайталау арқылы көрініп тұрғаны жазушы шеберлігі екені даусыз. «Ақ торғындай қарғасы» адалдығын еш жанға дәлелдей алмай өзін-өзі өлімге қиғаны – ана үшін өмірлік күйінішіне азық болар жай екені түсінікті. Тірілер қашанда өлілердің алдында тәуелді. Сондықтан да әпербақан жігіт өзін шексіз сүйгендіктен пойыз астына түскен қалыңдығынан мәңгілікке жеңілген. Егер мерт болмаса, оның да жаны көлгір жалғанның опасыздығынан кірлеген пенделер іспетті кірге баттасқан болар ма еді? Шын сүйген жанының ақтығын түсінбей, жанына жара, тәніне дақ салуы еді ол періштені өлімге итермелеген. Осы бір оқиғадан қазақ қыздарына тән намысқойлық пен ибалылық, инабаттылық сезіледі. Ел арасындағы сыпсың сөз бен өсек өрті, тірілер тұрмақ, өлілерді де тыныш жатқызбайтынын, соның өзінің қазақтың арылмас сору екендігін аңғартады жазушы. «Жел болмаса шөптің басы қимылдамайды» деген бар тағы да... «Арым – жанымның садағасы» дегенді ту еткен халықтың ұрпағы азып, құрт-құмырсқаға айналып бара жатқаны да бұл... Ел қамын ойлар ер жігіттердің от басынан, етек бағудан аса алмай жатқанын суреттейді жазушы бұл жерде.

Оқиғаның шарықтау шегі – наурыздың ақша қарының жауып, баланың аққаладан батырларды соғуы. Әр түрлі мұңды ойлар қамалаған бала қыламықтап жауған наурыздың ақша қарына қуанып, айналаны ұмытып, енді бір сәтте ойын қызығына беріледі, сөйтіп аққала соғады. Бастарына түбі тесік шелек кигізіп, жылқының тезегінен көз, мұрын жасаған Тоқтышақ келесі сәтте оларға ат қояды. Қардан жасалған аққалаларды өзі жатқа айтатын, әжесінен талай естіген қиссалардағы батырлардың есімдерімен атап, кәдімгідей мұңы мен сырын айтып, батырлармен ойынға

кіріседі. Ер Чапай, Алпамыс, Қобыланды бар, бәрі бірге ұрыс салып, әлсіздерді жүндей түтетін, жадау шалдың өліміне себепкер «Пішенбайларға», монтер ағасын тілімен ықтырған «тілі көсеудей жеңгесіне», анасының өмірін бұзған жылмаңтөс көселерге, мұртты серілерге, Жәмиға жеңгесін бақытсыз еткен кәрі қызы көп көрші ауылға қарсы ұрыс салады, бұл оны жалғыздықтан құтқарып, балалық шағына қас қағым сәтке болса да бақыт сыйлағандай. Қас қарая батырларымен қоштасқан Тоқтышақ үйге кеп, сүріне жығылады. Түнімен түсінде батырлармен бірге әділет орнатқан бала сәске түсте көңілді оянған. «Аңқаң кепті ғой, жазған», – деп қара қанденге сүт құйып, итке жорыққа аттанатынын айтады. «Алдымен кәрі қызы көп ауылды шабамын. Сенің өшінді әперемін. Сосын шешеме сауда жасатып жіберген жылмаңтөс көселерді, мұртын сылаған сабаздарды, қаба сақал қараларды...» – деп қара қанденді ертіп қайтадан батырларына асыққан Тоқтышақтың көңілі су сепкендей басылғаны өкінішті. Шақырая қалған күн қызуына шыдамаған «батырлар» жартылай еріп кетіпті.

«Мен сендерге сеніп едім ғой! Батыр емес пе едіңдер?! Барар жерім жоқ!.. Панам қалмады! Көңілім тозды!» – деп бақырып жылаған баланың мөлдір әлеміне лай балшық жаққандай сезім жанды баурайтыны шын. Әділетсіздікті көріп, танып, онымен қалай күресерін білмей ділгірген баланың астаң-кестен болған жан әлемін қалпына келтірер күдірет жоқ бұл жердің бетіндегі тозақта. Алданған ұрпақтың жан дүниесіндегі арпалыс пен жеккөрушілікті, алмағайып тірлікке деген өкпесін, қолдан жасалған саясатқа наразылықты жазушы дәл осы эпизод арқылы төндіре суреттеген. Киім тозар, дүние-мүлік тозар. Олар – материалдық дүние. Ал «көңілім тозды» деген Тоқтышақтың наласы өте бір астарлы да философиялық тұжырымға толы. «Қолдан жасаған батырлар елді бақытсыздыққа бастайды», – деген еді бір сөзінде Рахымжан аға. Даңқты қолдан жасап, дақпыртты малданған байғұстардың қолдан жасалған

марапаттың мәңгілік тұғырын жаулап ала алмайтынын сезбейтіні өкінішті. Қолдан батыр, пір жасауға келгенде алдымызға жан салмайтынымыз шын. Жазушы бір кездегі сенген, имандай пір тұтқан идеология турасында да астарлап жеткізіп отырған іспетті. Негізі психологиялық параллелизмнің о бастағы қайнар бұлағы — тотемдік мифология. Есте жоқ ескі замандарда ай мен күнге табынып, жапанда жалғыз ағаш көрсе киелі деп ақ байлайтын, от пен суды, көкбөріні тәңір санаған халықтың сол бір көзқарасы қазіргі әдебиетте көрініс тапқан. Әлбетте, бүгінгі ақындар мен жазушылар тотемдік мифологияны көріктеу құралына айналдырып, көркем әдеби шығарма мазмұнын, философиялық мағынасын тереңдетуде және образды сөздер арқылы тіл көркемдігін танытуда шеберлікпен қолданып жүр.

Барлық пенде де тірлікте алдына мақсат-мұрат қойып, бір арманға асығады, үмітін үкілейді. Алайда көлгір өмірдің қиямет-қайымы сол армандарды күл қылып, жан сарайындағы таза әлемді былғанышқа орайтынын да ешкім жоққа шығара алмайтыны анық. Әңгіменің соңында Тоқтышақтың ауылға алыстан көз тігіп, өзіне шақырып тұрған түлкіні тағы байқап қалуы оның да мынау жалғанның сиқынан алдамшылықты тануын байқатқандай. Алданып, түңіліп, опық жеп өмір сүретін пенделердің күйбең тірлігін, жалған дүниені мензеп тұрған сыңайлы. Әңгіме шешімі де осы болса керек. Жазушы табиғат пен адам көңіл күйін егіздеп, алдамшы тірліктің жан түршігерлік қалпын суреттейді. Психологиялық параллелизмнің көркем шығармадағы ролін кеңейте түседі.

«Тоқтышақта» қазіргі замандастарымыздың жан дүниесінің жұтаңдығы, қасаң тартқан сезімдер, рухани ашаршылық сөз болған. Әңгімеде тұспал, мегзеу, емеуріннен ұғылатын астарлы сөздер кереметтей қолданысқа түскен. Бүгінгі өмірдің кескін-келбетін шағын ғана әңгімеде суреттеген жазушының тіл байлығы көз сүріндірерлік. Архаизмдер, күрделі эпитет пен метафора, теңеу, психологиялық па-

раллелизм көптеп кездеседі. Мысалы, «көкжиектен құлаған күн», «ашөзек түлкі», «еркінсіген қараңғылық», «үкілі басын тербеп баяу сыбдырлаған нар қамыстар» – күрделі эпитеттер. «Қазаққа күйеуге тиіп болдым. Енді саудаға басы бүтін кірістім», – деген Тоқтышақтың шешесінің әжесіне айтқан сәлемдемесі аңғарғанға астарлы мағына беретіні рас. Мегзеу, бүгінгі күннің сиқына жасалған тұспал. «Тілі көсеудей», «томаршадай бас», «толағайдай ұл» – теңеулер. Көкайыл көршісінің мұқатқанына ренжіген Жәмиға «үні тозып, тездетіп есігін кілттеп алды» – осы жердегі «тозып» деген образды сөзден де жазушының аз сөзбен көп нәрсені аңғартатын шеберлігі көрініп тұр. Жәмиға қасіретін осы бір-ақ ауыз сөзбен дәл бейнелеген.

Жазушы Рахымжан Отарбаевтың «Тоқтышақ» әңгімесі – бір өзі бір романның жүгін көтеріп тұрған соны еңбек. Жазушының өзіне тән стилі мен кейіпкер характерін сомдаудағы шеберлігі оқырманды бей-жай қалдырмасы анық. Табиғат пен адамның арасындағы тәуелділікті кейіпкердің психологиялық тебіренісі, әлеуметтік жағдайы, өмірлік тәжірибесі арқылы бейнелей отырып, жазушы адам мен табиғат арасындағы байланысты тек философиялық-адамгершілік тұрғыдан ғана алып, оны көркем ой елегінен өткізіп қана қоймайды, сонымен қатар адамның ілһамдік мәйегін, оның қоршаған ортаның басына түскен қауіп пен қатерді түсіну дәрежесін сол табиғатпен арадағы қилы-қилы қарым-қатынасы арқылы суреттейді. Жазушы шығармасында адамның тағдырын табиғатпен тели суреттеп, оқиғадан гөрі «өмір сүру» мәселесіне ден қойып, оған психологиялық, философиялық, әлеуметтік астар беріп, сан қилы әдеби тәсілді қолдануы – прозалық дүниенің мазмұнына да, жазылу мәнеріне де, желісіне де, ішкі құрылымына да әсер етіп, мүлдем жаңа сипат берген. Әңгіменің құндылығы да осында дер едік.



МӘҢГІЛІК ӨЛШЕМІ

«Сыншының міндеті – заман мен сол заман суреткерлерінің образын ашу» деген санатты сөз бар. Ендеше, жазушының көркемдік әлемін ол өмір сүрген ортадан тыс қарастыруға болмайды. Міне, сондықтан да бүгінгі таңда адам мен табиғат арасындағы байланысты зерттеудің қажеттілігі туып отыр. Өз заманына үн қосып, сол бір діттеген тақырыпты көркемдік әлеміне арқау етіп жүрген қазақ жазушыларының бірі – Рахымжан Отарбаев. Осы бір күрделі тақырыпты қозғап, өзінің басты нысанасы ретінде Адам мен Табиғатты ала отырып, өзінің көркемдік әлемі арқылы Р. Отарбаев иісі адамзатқа ортақ «мәңгілік мәселелерді» де көтеруге ұмтылады. Сыншылар кейінгі кезде көркем шығармаларда көтеріліп жүрген «мәңгілік мәселелерді» экзистенциалдық мәселелер деп атай бастады. «Экзистенциалдық» деген ұғымды «экзистенциалистік философия» ұғымымен шатыстырмау қажет. Экзистенциалдық мәселелер дегеніміз – өмір мен өлімнің мағынасының, адам мен табиғаттың, тарихи тұлғалар мен олардың күресінің, достық пен жалғыздықтың, армандау мен өмірден безінудің арасындағы арпалыс. Бұл – әлеуметтік, азаматтық тақырып: еркіндік, мемлекет, соғыс, әділеттілік пен әділетсіздік, яғни «адамның өмір сүруінің мүдделерінен негізгі қажетті мақсатын бейнелейтін сан салалы ұғым» (Гинзбург Л. О старом и новом. – Л., 1982. – С. 17). Негізгі

тақырып – жазушының көркемдік түсінігімен тығыз байланысты және онда бейнеленген шындық сол суреткердің санасындағы сүзгі арқылы өтеді. Бұл жөнінде И. Виноградов: «Қайбір құбылыстар мен шындықтың кейбір жақтарын таңдаудың, өзара байланыстырудың, біріктірудің объективті-танымдық және субъективті-таптық жақтары да бар. Осы іріктеу мен байланыстыруды тек қарабайыр (натуралды) қалпында түсінуге әсте болмайды, оны ілхамдік – шығармашылық (субъективті творчестволық) тұрғыдан түсіне білу қажет. Осыдан келіп шығатын қорытынды мынау: көркем шығарманың құрылымдық бірлігін, олардың өзара байланысын және көркемдік сүзгісін анықтайтын ой таразысы қашанда басты назарда болу керек», – деген пікір білдірді (*Виноградов И. Вопросы марксистской поэтики. – М., 1972. – С. 162.*)

Осы тұрғыдан алғанда Р. Отарбаевтың суреткерлік әлемінің тағы бір ерекшелігі – жазушыны толғандыратын «мәңгілік мәселелер» екені, бірақ ол мәселелердің себебін өзіндік дүниетаным тұрғысынан шешуге ұмтылатыны бірден байқалады. Жазушы әңгімелерінен романдарына дейінгі аралықтағы шығармаларындағы кейіпкерлер – өмір жолында адасқан, қиналған мұңды да адал жандар. Кейіпкерлердің көңіл күйін, мінезін, қылықтарын табиғатпен астастыра суреттеу арқылы жазушы рухани жалғыздықтан шығудың жолын іздейді. Осының бәрі оның шығармаларынан көрініс тапқан.

Қандай да болмасын әдеби-көркем туынды өмірдің, заманның өзгерісін паш етіп, соған орай замандас келбетін сомдайтыны түсінікті. Бұл тұрғыдан алғанда көркем шығарманы тарихи құбылыс деп қарастыруға да болады. Әлбетте, оқырман жанына ең жақын туынды – табиғатпен біте қайнасқан, өмір заңы мен табиғатты егіздеп суреттейтін шығарма. Себебі, қай халық болмасын ежелден Табиғат-анадан бастау алған, табиғатпен бірлікте өмір

сүрген. Сондықтан табиғатпен бірлікте дүние заңдылығын, өмірдің өткіншілігін суреттеген туынды кім-кімнің де жанына жақын. Осы жәйтті назарға ала отырып, көркем әдеби туындыны философиялық зерде мен психологиялық егіздеу тоғысқан құбылыс түрінде саралауда жазушының «Ыстықкөл» эссе-элегиясын талдауды жөн көрдік.

Бұл туындысында автор өз көңіл күйін Ыстықкөл бейнесімен шарпыстыра, туыстастыра суреттейді. «Мәңгілік заңымен» өлшегенде адам ғұмырының түк еместігін астарлы символдармен ұқтырған жазушы уақыт, кеңістік, адам ғұмыры туралы философиялық тұжырым жасайды. Бұл жерде «мәңгіліктің өлшемі» – Ыстықкөл. Мынау сайын сахара төсіне таққан гауһар алқа іспетті Ыстықкөлдің қанша ғасырларды басынан өткеріп, нешеме заманаларға куә болғанын көлдің өзі ғана білетін шығар... «Адамның басы – Алланың добы» дегендей, өткінші жалғанның кемкетігін толтырам деп жанұшырған пенде сорлы оны қайдан білсін? Кеуделерін ісіріп, жалған дүниені жалпағынан басқан сорлыларға «бұл дүниеге жылап келіп, жылап кеткен пенденің» бас-аяғы бұнымен тынбайтынын, алдыарты да бұл емес екенін көл тек сылқ-сылқ күлген ерке толқындары арқылы ғана айтатын тәрізді. Екі аяқты, жұмыр басты, Абайша толғасақ, «боқтың қабы» – адамдар мәңгілік заңын ойламайды да түсінбейді. Олардың ойынша, мәңгілік – өзі іспетті. Егер адам «мәңгілік өлшемі» болса, бұдан бұрынғылар қайда кеткен? Оны ойлап бас қатыратын пенде жоқ дәл қазіргі таңда. Міне, бұл шығармаға жазушы осындай философиялық жүк арқалатқан. Эссе-элегияны оқи отырып өмірден арманда өткен ғұлама Абайдың:

Алдыңғы толқын – ағалар,

Кейінгі толқын – інілер.

Кезекпенен өлінер,

Баяғыдай көрінер, –

деген күрсінісің таңдайда тамсайсың.

Мынау бес күндік фәнидің өткіншілігі туралы мәңгілік Гимн айтып жатқан іспетті Ыстықкөл. Осынау дүние – ескі сарайға кім келіп, кім кетпеді десенізші! Ауыздығымен алысқан өңшең тарпанды жуасытып тақымына басқан талай ердің есіл басы қай жерде қалмады?! Алшандай басқан азаматтың ардақты басы қай тентектің қолында кетпеді?! Оны тек қана мәңгілік тағын жаулап алған, таң атса қызарып күншығыстан шығып, күнбатысқа кеп жығылатын Күн-ана ғана білер! Оны бір білсе пенделердің бір-біріне жасаған қиянатын қайыспай көтеріп, күнәларынның құпиясын кеудесіне жасырған Жер-ана ғана білер! Жазушы осындай күрделі философиялық байламды Ыстықкөл арқылы астарлап береді.


«Ыстықкөл» элегиясының композициялық құрылымы өзгеше. Бұл – қара сөзбен жазылған, арманда кеткен есіл ерлердің рухына жоқтау іспетті дүние.

«Көлдің иесіндей боп арша таяғына сүйеніп жағалауда бір шал тұрды», – деп басталады әңгіме. Және туындының өн бойында қайталанып келіп отыратын осы тіркес эмоциялық-экспрессивтік бояуды қоюлатып тұрғаны анық. Шал – уақыт символы деп қарастыруға әбден болады деп ойлаймыз. Кім-кімнің де бағасын беретін, қандай да бір оқиғаның қарасына ажырататын, төрелігін айтатын – уақыт екенін ескерсек, ақиқаттан онша алыс кетпегеніміз. Жазушы жүрдек күндердің арасына сына қаққан төреші уақытқа қарап тұрып, Ыстықкөлді намаздыгер мен ақшамның арасында кезген елбең-елбең елес жетегіне ереді. Осы жерде және бір көңілге түйетін нәрсе – жалғыздық бейнесі. Иә, дерексіз болғанымен, жалғыздық бейнесі бұл туындыдан менмұндалап тұр. Қай адам болмасын бұл дүниеде жалғыз екені айдан анық. Әйтпесе: «Қаумалаған қарындас қазақта бар да менде жоқ», – деп өзегін жара неге өкінді дейсіз Махамбет?! Жазушы да жалғыз. Жанын түсінетін

тірі пенде таппағасын ғой Ыстықкөл жағасына кеп, елес күндерге жүгініп тұрғаны.

Негізі жалғыз адам ойшыл болады. Өйткені жалғыздықтан құтылам деп аласұрып, «суға кеткен тал қармайдының» кебімен Ойға жармасатыны ақиқат. Ойдың серігі – Мұң. Содан келіп, Ой мен Мұңды қолтықтап, Табиғат-ана құшағынан пана табады. Яғни, өз көңіл күйіне табиғат дидарын табыстырады. Осылайша жазушының Ыстықкөлмен мұңдасып, жан дүниесіне рухани қолдау табатыны тағы рас.

Ыстықкөлдің толқындары арасынан көрінген Манас бейнесі... Толқындарды – зулап ағып жатқан заманалар легінің символы десе болар. Жазушы символ арқылы психологиялық параллелизмге құлаш ұрады. Суреткер Манастың да рухани жалғыздығын көкіректі күйдіре отырып жеткізеді: «Шарасыздықтың екі иіннен басқан салмағынан жаншылып тұрып, қолдан – сүйеніш, аяқтан – тіреуіш таппай тұрып, ең соңғы дәт – Алладан медет тілеп тұрып мұнар-мұнар батысқа көз тіккен. Өңіп кеткен аспанның, оңнан да, солдан да ойнаған үзік-үзік сағымның нақ ортасынан зарықтырып, айнадай жарқырап, жанарынды қарықтырып осы Ыстықкөл көрінген. Айбарланып, арыстан жалданып айқайын салып еді-ау сонда!» Жан баласынан қолдау таппай, көңілі қалған Манасты да қиналғанда қолтығынан демеген осы – Ыстықкөл. Жазушы Ыстықкөл бейнесі арқылы Жаратқан Алланың ғана пендеге демеу, сүйеніш болатынын танытқан іспетті. Одан басқаның бәрі – алдамшы, өткінші. Тіпті шығарда жаным басқа деп таңдап сүйген жардың да шешуші сәтте тайқып шығатыны, опасыз қылығымен жер соқтыратыны рас. Өйткені ол да пенде, Алла емес! Қалың жұрт сырт айналған кезде қолтығымнан кеп демейді деп сенген Қаныкейінің «назданып емес, назырқанып қарауы» еді Манас жүрегін тітіркендіріп, Аспаннан көмек сұрауға мәжбүр еткен. Иә, Манас сынды арыстандар да өтіпті-ау



мына өмірден еш тиянақ таппай. Өкініш пе? Өкініш. Мұн ба? Мұн.

Осы жерде тағы бір символды сәтті қолданады жазушы. Ол – сәйгүлік бейнесі. Жалпы қазақ әдебиетінде ұлттық мәнер мен нақышты, бояуды бойына сіңірген образ – тұлпар. Осы орайда «Көркем әдебиет туындыларындағы түрлі көркемдік тәсілдердің астарында ұлттық дүниетанымның жатуы – заңды. Көне замандардағы адамдардың дүниетанымынан туындаған мифтік сенімдер мен наным-ұғымдар қазақ мифінде ғана сақталып қоймай, ұлтымыздың фольклоры мен классикалық әдебиетінде символға, көркемдік әдіске, метафораға, кейіптеуге, психологиялық егіздеуге айналғанын зерттеушілер ерекше атап өтеді» (*Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы, 1984. 80-81-бб.*). Р. Отарбаевтың «Ыстықкөл» элегиясынан келтіріп отырған мысалдарымыз бұл пікірді нақтылай түседі. Өзіміз анимистік сенімнің жаңғырығы деп қарастырып жүрген табиғаттағы заттар мен құбылыстарды жанды образға келтіру – мифтік ұғымның кейіптеуге негіз болғандығының дәлелі.

Р. Отарбаев суреткерлігінің бір қырын – бірегей дарынын даралай көрсететін бұл әдіс көркем шығарма құнын, танымдық мәнін арттыра түседі. «Табиғаттағы дүниенің бәрі бірдей деген алғашқы мифтік сана әлемдегі жанды және жансыз, өлі мен тірі нәрсені анық жіктемеуден туған. Бұл түсінік мифтік санаға тән анимизмді, яғни дүниедегі нәрсенің бәрінің жаны бар деген сенімді тұғызса» (*Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы, 1984. – 68-бет*), «Ыстықкөл» элегиясынан келтірілген мысалдар мифологизмнің психологиялық егіздеуге негіз болғанын көрсетеді. Мифологизм дегенде, халқымыздың ежелден жалғыз өскен бәйтерек көрсе киелі деп ақ байлайтыны, үкінің қауырсынын көз тигізбейді деп санап, өнер

адамдарының, қыз-бозбаланың бас киіміне, жас нәрестенің бесігіне тағуы, тіл мен сұқтан қорғайды деп сеніп қасқырдың азуын, бүркіттің тырнағын, т.б. қолдануы ойға оралады.

Кең сахара төсін арда еміп өскен халқымыз өзен-көлдердің, тау мен тастың, орман-тоғайдың иесі, жердің киесі бар деп сенген. Тіпті түбіміз түркі – көкбөріден тараған деген сенімді қайда қоясыз? Табиғат пен адам бірлікте деген ұғымға тірелетін мифтік сана ұшқыны қаламгер суреттеуінде солай болуға тиіс заңдылықтай көрініп, оқиғаның қан тамырындай тарамдалып жатыр.

Көне мифтің көркем мифологияға айналуы және эстетикалық қызметі – ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін жүріп жатқан процесс. Тіл мен миф, миф пен образ (бейне) байланысы жайлы айта келіп, А. Потеня мифологияға көркемдік ойлаудың ішкі формасы ретінде қарайды (*Потеня А. Слово и миф. – Москва, 1989. – С. 256*). Миф өзі шыққан дәуірде көркемдік ойлау формасы қызметін атқарған жоқ. А. Потеня көзқарасын бүгінгі таңдағы әдебиет тұрғысынан дұрысқа шығаруға болады. «Мифтік сюжеттердің бергі замандарда басқа сипат алып, көркем фольклорға айналғаны байқалады», – дейтін пікірді ескере отырып (*Қазақ фольклорының тарихилығы. – Алматы, 1993. – 128-бет*), мифтік көркемдік ойлау жүйесінің ықпалын өзіміз көріп отырған Р. Отарбаев шығармашылығы негізінде түсіндіруге болады.

Көне мифтердегі затқа не құбылысқа табыну елесі қазіргі әдебиетте табиғат бітіміне, оның тылсымы мен сұлулығына адамның жан сарайын шарпыстырып суреттеумен ұласады. Мәселен, элегиядағы: «Жердің киесіндей боп жағалауда ертұрманы сайма-сай бір сәйгүлік жүрді. Шыққан шөп пен аққан судан басқаға жазығы жоқ бұл күлік Манастан тұл қалған Аққұланың тұқымы-ау, жарықтық...» деген үзіндіге ден қоялық. Бұл жердегі тұлпар бейнесі – небір дұшпаны-

ның қанын судай ағызып, жұртым үшін құрбан болсам деп өткен батырлардан да қалған дәурен, бақ-мансап символы. Иә, жалт еткен дәурен ауыздықпен алысқан сәйгүлікше кімді өмір-ерден аударып кетпеді екен? Бұл сөйлемді де автор бірнеше жерде келтіріп кетеді. Сөйтіп, құбылтудың бір түрі еспе қайталау арқылы элегиядағы оқиғаларды күрделендіре түскендей.

Жазушы әрі қарай Ыстықкөл бетінен Абылай хан елесін көреді. Адамдардың опасыздығын, алдамшы да мүләйім қылықтарды жазушы түңіле суреттейді. Кекесін мен улы мысқылы да бар. Абылайды алдап, «діні үшін емес, күні үшін» жүрген жағымпаз да мүттәйім қырғыздардың: «Уа, бүтін дүниең қалмаған не қылған жұртсың?» – деген сөзді естімес үшін небір айлакерлікке, пасықтыққа баруын, бірақ ханның алданғанын сезбеуін суреттей отырып, Абылай кезінде ғана емес, бүгінгі өмірде де орын алған сорақылықтардың әлмисақтан келе жатқанынан астарлы түрде хабардар етеді. Иә, мынау өмір деген сайқалдан кім алданбаған? Жеңілмеген? Осынау өмір деген тозақта қанаты күймей сау қалған жан баласы бар ма екен, сірә?» деген сұрақтар өңменіңе тіреліп, кесе-көлденендеп тұрып алған іспетті. Жалған дүниеден кім береке тапқан дейсің? Абылай да толқын-замана ағынымен алысып көзден ғайып болады. Міне, Кене хан қырғыздар қолында. Жанында Наурызбайы. Ол да өткінші тірліктен опа таппай, арманда кеткен. Ыстықкөлдің толқындарында жүзген елес – Наурызбайдың ағасын қолтықтап бас іздеп жүргені – жантүршігерлік трагедия. Кімнің басын іздейді дейсіз бе? Хан Кененің басын. Бұлдыр-бұлдыр сағымға толы дүние оны да адастырыпты, оңдырмай адастырыпты. Осыдан артық трагедия бар ма? Суреткер барлық адамдардың да жалғыздыққа құл болған қалпын, жалғыздықтан серік табам деп алданған сәтін Ыстықкөл толқындарына шарпыстыра отырып суреттеген.

Күн батар алдында көлдің толқындары жағалауға Әуезов бейнесін жақындатады. Оның да бұл жарық дүниеде көрмеген құқайы жоқ. Және сол теперішті кімнен көрген дейсіз ғой тағы? Жанындай сүйген жақындарынан. Жанымның егізі, жүрегімнің сыңары деп таңдаған жарынан. Осыны көріп тұрып, біліп тұрып, бәрібір өмірге құштар адамзат баласы. Қай кезде де пенденің басын сүйеген айналасындағы адамдар емес, Жаратқан Алла. Құшағына алып жұбатқан – Табиғат-ана. Жазушы бұл туындысында адам көңіл күйі мен табиғат дидарының үндестігін бейнелеп бедерлеген. Қазақ халқы – философ халық. Қазақта уақыт оқиғаның табиғи ағынымен өлшенеді. Ал мәңгілік ұғымын санмен өлшеу мүмкін емес, ол – сапа. Ол сандық бөлшектерге түспейді, сондықтан өлшемі жоқ. Уақытқа мүшел де өлшем бола алмайды. Мүшел – адам ғұмырының ғана өлшемі. Үш бөліктен тұратын кеңістік пен уақыт – дүние үндестігінің іргетасы. Дүние үндестігі (гармониясы) – табиғат құбылысы мен әлеуметтік құрылыстың іргетасы. Яғни, табиғат пен адамның тепе-теңдігі, бірінсіз бірінің жоқ болу қалпын жазушы өзіне тән көркемдік әдіспен нақыштаған. «Тең – теңімен, тезек – қабымен». Табиғат пен адам үндестігін бұзуға, дидарына кетік түсіруге болмайды. Бұл заңды сетінетуге арналған әркеттің бәрі трагедияға әкелмек. Осы бір жан айқайын элегияны оқи отырып түйсінуге болады.

Әңгіме соңында арша таяғына сүйенген шал – Уақыт: «Өздеріне өмір берген әйел нәсілінен тірлігінде теперіш көрмеген, алданбаған еркек атаулы бар ма? Ұлы бол, ұры бол – бәрібір. Қаша-қаша ақыры пейіштің төріне тығылар», – деген кесім айтады. Осының өзінде де астарлы мән, философиялық тұжырым бар.

Әйел – өмір символы. Өмірге ғашық болмаған, өмірді сүймеген, өмірден түңілмеген, өмірден алданбаған, өмірді жырламаған кім бар? Ендеше, адамдар өз қателіктерін, өз сатқындықтарын, өз тұрақсыздығы мен баянсыздығын

өмірге таңбасын. Шығарма шешімі де осы. Әңгіменің өн бойында «өзара өкшелей қуаласқан екі міскін» көрініп отырады. Қызылды-жасылды пәтуасыз тірлік, нәпсі құлы болған пенделердің тірлігі осы екеуі арқылы бедерленеді. Бұл да опасыз жалғанның бет-бейнесі деп қабылдаған дұрыс. Әңгіме композициясы дәстүрлі емес. Әрбір көрінген ұлы адамдар елесі арқылы тұтас бір өмірді бейнелеген жазушының тілі орамды, ойы жүйрік. Суреткер есімдері ел жадында мәңгілік қалған тарихи тұлғалар арқылы «мәңгілік заңы» туралы өз философиялық тұжырымын жасаған. Пенде атаулы «мәңгілік заңына» ешуақытта қарсы тұра алмайды екен. Сынаптан да жүйрік жылдар адамды шаңына көміп кете баратыны ақиқат. Алды үмітпен басталатын адам ғұмыры әрдайым өкінішпен, арманмен аяқталады. Бұл – еш дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Алайда соның бәрін жеңіп, «мәңгілік тұғырын» жаулап алатын да пенделер бары шындық. Ондай адамдар туралы небір аңыздар мен ертегілер бар ел есінде. Атақты адамдардың, ұлы тұлғалардың өмірі трагедияға толы азапты сәттерден тұратынын суреттеген жазушы жер бетіндегі қым-қиғаш күреске толы тіршілікте байлықтың, атак-даңқтың баянды еместігін де жеріне жеткізе айтқан. Сондай-ақ мәңгілік тұғырын жаулап алған тарихи тұлғаларды Ыстықкөлмен егіздеп алуының да мәні тереңде. Нешеме замандар мен ғасырларды, замана дауылы мен жаңбырын, бораны мен қарын басынан кешіріп, тапжылмастан жатқан табиғаттың таңғажайып құбылысы Ыстықкөл – Жаратқан Алланың адамдарға тартқан сыйы. Мәңгілік тек Алла Тағала есіміне, яғни он сегіз мың ғаламды жаратушыға лайық екені де даусыз. Сол Жаратушы Алла Ыстықкөл арқылы өзінің адамдарға деген махаббат-мейірін, шапағатын сездіріп тұрған іспетті. Әңгімені оқығанда ойға осы ойлар оралады. Сол қасиетті де ерекше тылсым жаратылыс Ыстықкөлден жанға пана, жүрегіне дауа тапқан ұлы адамдардың әрқайсысы да

халыққа берген Алланың ерекше нығметі-ау! Қашанда айрықша жұмбақ жаратылыстар бір-бірін мойындап, бір-біріне тартылатыны баршаға аян. Сөйтіп, мифологиялық иірімдерді қолдана отырып, психологиялық параллелизм арқылы кейіпкерлерінің қайталанбас табиғатын, дара келбетін нақыштаған суреткер шеберлігіне тәнті болмасқа еш шара жоқ. Ал әңгіменің тіл көркемдігіне, ондағы көріктеу құралдарына тоқталар қолсақ, жазушының тілі шұрайлы. Құбылтудың, айшықтаудың сан түрін кездестіруге болады. Әңгіме тұтасымен символ арқылы жасалған психологиялық параллелизмге құрылған. «Ақшандақ аспанды тағы бір қыдырып шыққан күн», «Алатаудың іркес-тіркес шындары өндіршегін созғылайды», «Таудың тар құрсағында бұлқынған Ыстықкөл», «Ауызбіршілігі кем ақша бұлт», «Астын әлдилеген ағын, бетін тербеткен толқын», «Күйлеп қашқан толқын» – кейіптеу әрі күрделі эпитеттер. «Арша таяғына сүйенген шал» – әжімді жылдардың, кәрі Уақыттың символы, «...Абайдан тұл қалған тұлпардың тұқымы» – жастық дәуреннің, бақ пен мансаптың, таланттың символы, «сықылық атып суға сүнгіген әйел» – сайқал өмірдің символы, «өзара өкшелей қуаласқан екі міскін» – жалған дүние символы деп тануға болар. Қорыта айтқанда, Р. Отарбаевтың «Ыстықкөл» элегиясы – қара сөзбен жазылған поэма дер едік. Жазушы қолданған әдістер мен қазір қолданылмайтын архаизмдер, сирек кездесетін фразеологиздер әңгіменің ажарын ашып тұрғаны сөзсіз. Кейіпкер характерін ашудағы соны әдісі, яғни психологизм элементтерін қолдануы да жазушы шеберлігін байқатады. Кейіпкердің жан дүниесіндегі арпалыс пен буырқанған шақтарды төндіре суреттеп, табиғатқа телиді. Мәселен, ұлы Мұхтардың жан күйзелісі, еш адамнан қолдау таппай, мұңын шағып Ыстықкөлге келуі нанымды шыққан. Әңгіме «мәңгілік өлшемі» туралы философиялық тұжырымға жетелеп, оқырманға да үлкен ой салатыны даусыз.

ЖАЛҒАН ДҮНИЕ

Өмір – өткінші дегенді жиі айтуға құмармыз. Жоқ, өмір неге өткінші? Ол – ақиқат және мәңгілік екені даусыз. Өткінші – біз, адамдар. Өйткені өмір бізден өтпейді, біз өмірден өтеміз. Ақ шуақ нұрға бөккен дүниеге бес күндік қонақ екеніміз және рас. Бірақ соны мойындауға дәтіміз жетпей, жалған дүние деп мүләйімсіп, өп-өтірік күрсінетініміз бар. Дүние неге жалған? Мынау аспан, анау ай, сонау күн, жымың қағып, жұмбақ түрмен күлімсіреген жұлдыздар, сеңсең жапырағына алуан түрлі сәуле ойнап, нұрға бөккен тал-терек пен ай мен күннің сәулесі көзінде ойнаған өзен-көлдер – барлығы да нақты, бар нәрселер. Бізден бұрын да мың-миллион жылдар бойы осылай тұрған, егер Жаратушы хош көрсе әлі де тұра бермек. Ал адамзат баласы... Иә, адам ғана өткінші екен мынау әлемде. Бүгін бар, ертең болар-болмасы белгісіз. Ғұмыр бойына осы белгісіздік заңына бағынып күн кешетініміз ақиқат. Содан да болар, мәңгілікке құмармыз, мәңгілікті өзімізбен өлшейтініміз тағы бар. Мынау бес күндік фәнидің сынаптай сырғып, көзді ашып жұмғанша өтетінін біле тұра өзімізді-өзіміз алдаймыз, бірімізге-біріміз алданамыз. Соның бәрі не үшін? Бұл сұраққа жауап таппасымыз тағы айқын. Қысқа ғана ғұмырда жалғанды жалпағынан басқымыз келеді, материалдық игіліктерге қол созамыз. Ал соның баянсыз екеніне мән беріп

жатпайтынымыз өкінішті. О басында тап-таза көңілді тот басады, кірлейді, ақыры адам өзін-өзі жоғалтып тынады. Сонау балалық шақтағы аспани көңілдер, асқақ армандар қайда кеткен деп кейде қапаланып, өз-өзімізді жұбатамыз тағы да. Иә, өмір сүрудің де өз қағида-ережесі, заңы бар екен.

Жазушы Рахымжан Отарбаевтың «Көрген-баққан» деп аталатын әңгімесінде жалған дүниенің сиқырына алданып, қақпанына түскен пенде атаулының өзін-өзі алдауы, өз өтірігіне өзі алданып, сеніп қалуы өмір шындығы арқылы баяндалады. Жазушының ауыл өмірін бес саусағындай анық білетіні әңгіменің басынан-ақ анық көрініп тұр. «Шөп буыны қатып, құс балапаны түбітін тараған шақ. Қызыл қанат шегіртке секірсе, семіздікті көтере алмай аттам жерге бір қонып қалыпты. Таздың тақиясындай жетім бұлт ертеңгілік қоңыржай самалымен біраз тайрандап баққан. Тырмысып күн төбеге жеткенде ірге бойлап көкжиекке қашты. Тамыз түссе де шілдеден қалған аптаптың қоламта табы басылар емес. Көлік күтіп ауыл сыртындағы айдау жолға шыққан Мыңжылқының көлеңке басы кішірейіп, ақыры аяғының астында қалды. Үйінен сәскеде сылаңқоразданып-ақ шығып еді, ыстық ұрды ма, шекесі тырысып, аузы кермек татыды. Қоңырқай жүзі қабарып, мойнын ырғай созғанымен шаңымен жарысып келе қояр көліктің жоғы күдер үздірді», — деп басталатын әңгіме одан әрі ауыл адамдарының мамыражай тірлігінен хабар беріп өтеді. Ат арбада шөп үстінде қалғып келе жатқан Зайырлы қарт, түзге отыра шыққан алаңғасар Нағима есімді келіншек — ауыл адамдарының типтік (жиынтық) бейнесі. Аудан орталығына бармақ болып, ертемен жолға шыққан Мыңжылқы айдау жолмен бірін-бірі қуалап, өзіне таяп келген екі жолаушыны аңғармай да қалған іспетті. Төбесіне шаңырақтай етіп шатыр көтеріп, қызылды-жасылды ұсақ гүлді ұзын көйлектің етегін теуіп, екпіндете басып келе жатқан, айдан осы қазір түстім десе

сеніп қалуы мүмкін әдемі келіншек. «Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейтінін» дәлелдегендей, көз алдына көлбеңдеп тұра қалғанын қайтерсіз? Екінші жаяу – томаршадай шал, сәлемдескенде екі беті бұлтиып, иегіндегі үркек торғайдай жабысып тұрған шоқша сақалы селтендейді. Аудан орталығына дейін шіліңгір ыстықта сапарлас болған үшеуі небары бірер сағат ішінде бір-бірінің өмірінен біраз хабардар болады. Шал кемпірі өлгелі аудан орталығындағы дағарадай сегіз бөлмелі үйде жалғыз. Алладан тілеп алған бір ғана ұлы бар екен, ол да қалаға кетіп, хабар-ошарсыз жоғалған. Қыз күйеуге кеткен. Күйеу баласының өзін бағу үшін емес, сегіз бөлмелі үйіне қызыққан сыңайын байқаған шал оны маңына жолатпауға тырысады. Сөйтіп жүріп, Астрахан жаққа құда боп барған сапарында жанындағы ілесіп келе жатқан Әлиман есімді келіншекке жолығады. Шалдың аудан орталығы Қанішкенде сегіз бөлмелі үйі бар екенін естіген келіншектің бар ойы – қалайда оңай олжаға күмп беріп, бату. Ал шал болса, жас иісті болдым, енді өз үйімде жас келіншегіммен тұрам деп өзін-өзі алдап келеді. Әңгіменің соңында сонау алыс қалған балалық шақ еске түсіп, сол бір арманшыл шақта Әлиманның әкесі қаладан әкелген көк ала мата туралы айтылып, сөз қозғалады. Кезінде модаға айналып, талай сұлу көйлек тіктірсем деп армандаған мата қолдан-қолға өтіп, өңі тозып ескірсе, Әлиман да солай ескірген, көңілін әбден кір басқан. О ба-сында періштедей таза жан пенделерден алдана жүріп, қалай сайқал періге айналғанын байқамай да қалатыны қандай өкінішті?! Бұл жерде жазушының философиялық тұжырымына тәнті болмасқа, таңдай қақпасқа шара жоқ.

Кейіпкер мінезінің өзгеруі – оқиға дамуының мәнділігі. Жазушы ойының күрделілігі мен сезімінің тереңдігі ғана емес, сонымен бірге сол ойды, сол сезімді көркемдеп, жеріне жеткізіп айта білуі де суреткердің психологиялық ойының тереңдігін танытатыны сөзсіз. Бұл байланыс – табиғи және

заңды байланыс. Өйткені бұл – түр мен мазмұнның байланысы. Бұлар – бірін-бірі толықтырып, байыта түсетін құбылыстар.

Кейіпкер мінезі шығарманың тақырыбы мен идеясынан да байқалып тұрғаны ақиқат. Суреткер жалпы өзінің, тек өзіне ғана тән ерекшелігін, даралығын сақтай отырып, әр шығармада өз мінезінің әр қырынан көрінеді. Солай ету арқылы ол, өзінің суреткерлік ерекшелігін, даралығын байқатып та отырады. Рахымжан Отарбаев өз шығармаларында өмірдегі қайшылықтарды, күрес-терді рухани ішкі қайшылықтармен шарпыстыра отырып, табиғат құбылысымен егіздеп береді. Суреткердің шығармаларындағы кейіпкердің жан айғайы, жан дүние экологиясы табиғат экологиясымен қатар нақышталып, адамзаттық мәселе көтеріліп отырғаны айдан анық.

Жазушының тілі көркем, ойы бай. Аудан орталығына бармақ мақсатпен ертелетіп шыққан Мыңжылқының көлік күтіп тұрысының өзін суреттеген кезде ауыл адамына тән аңқаулық пен алаңғасарлықты автор сәл-пәл қалжыңмен, езуді жиғызбай суреттейді. Шығармадағы жеңіл юмор, уытты мысқыл орынды жерінде нысанаға дөп тиетіні ақиқат.

«Ерегескенде екі сағатта ентелеп жетіп барайын ба деп бәтіңкесіне қараған, ат шаптырым жердегі аудан орталығы сағыммен қыдырып-көшіп, көрер көзге алыстап кеткендей, әрі-сәрі күй кешірді. Арбаға торы атын жегіп, дестелеп шөп тиеген Зайырлы қарт айдау жолды кесіп өтіп бара жатты. Май сағынған дөңгелектің сұрамсақ шикылы қаперіне кірер емес, қара қалпағы көзіне түсіп, шөп үстінде қалғып отыр. Қыстың қамы ғой, шау тартса да отырғызбай жүрген деп соңына іздік қана ұлпа шаң көтеріп өткен арбаны қозы көш жерге дейін үнсіз ұзатып салды. Дауыс көтеріп сәлемдескісі келген, қалғып отырған қаңбақ шал қапелімде жалп етіп құлап түсе ме деп бой тартты», – деген жолдардан жүрекке таныс та ыстық ауыл суреті бой

көтереді. «Май сағынған дөңгелек», «сұрамсақ шиқыл» деген эпитеттер әрі езу тарттырады, әрі ауыл адамының қарапайым тірлігін меңзейді.

Оқиғаның басталуы, яғни әңгіме экспозициясы – айдау жолмен бірін-бірі қуалаған екі жаяудың келіп қалуы. Осындағы «пері көшетін қызыл іңір», «Айдан түскендей қатын», «төбесіндегі шаңырақтай шатыр», «бізөкше төпіли», «бәйгеге көп шапқан аттың артқы аяғындай қоғамдалған тобық» деген эпитеттер бірден-ақ осынау әдемі келіншектің мінезінен хабар беретіні ақиқат.

«– Қайным, бармысың? – деді мұның жанына жете бере. Үні сыбызғының сағадағы даусындай ашқылтым екен.

– Тұрысың қандай жақсы, қазықтай қадалып!

Шаңырақтай қолшатырын шалқайтқан, көргені – қызылшырайлы бет терісі жұқа, ал құйрығы сандықтай қалың екен. Көзі... шақпақ тастай жылтыл қағады. Жаныңды баурап, жанып-өшеді. Қапелімде тілі кәлимаға келмей, бас изеп қана мезірет танытты». Осыдан-ақ келіншегі құрғырдың сайтандай сайқал қалпын, алдамшы жанын түсінуге болады. Осындағы «шаңырақтай», «шақпақ тастай», «сандықтай» деген теңеулер орынды берілген. Шалдың жанына тек басының пайдасы үшін ғана еріп келе жатқан сайқал келіншектің Мыңжылқыны арбамақ ниеті де жоқ емес. Әлбетте, ақ бу атып, ырсылдап-гүрсілдеп ойнақы келіншекке әрең ілесіп келе жатқан шалды да соншама аңғал деп ойлауға болмас. Алайда «Андушыны алушы жеңеді» деген де нақыл бар екені ойға сап ете түсері сөзсіз.

«– Жеткізбей қойды. Әдірем қалғыр, – деді келіншек сағыммен қыдырып көшіп, көрер көзге алыстап кеткен аудан орталығына қарап. – Төрт дөңгелегің төбенде ойнағыр, машинаға да тыйым болды.

– Иә, Алла, соны білгеніңе де шүкір, – деді шал меңірейіп». Суреткердің шеберлігі сондай, оның қолданысында әр сөз ойнап кеткендей әсер қалдырады. Келіншек пен шалдың

сөзінің бір-біріне кереғар шығуы әрі күлкіні келтіреді, әрі шалға жаның ашиды, бір жағынан ыза да боласың. Ата сақалы аузына біткенде немере-шөбересін әлдилеп, ауылға ақылшы абыз болатын жөні бар шалдың қалыңдық ойнап, жігіттіктің әуре-сарсаңына түсуі жөн бе екен? Жазушының астармен айтпақ ойы осы, тіптен одан да әріде. Бүкіл рулы елге жөн сілтеген ақылман қариялардың орнын осындай «аттың жемін жеп, тайдың ойынын ойнаған шалдардың» басуы бүкіл бір ұлттың жанына бататын жара деп айтуға әбден болады.

«Шеткі үйден Нағима қолына құман ұстап шығып, көк көйлегінің етегін көпсітіп түзге отыра кетті. Отырып жатып сараң гүлдеген ақтікеннің ар жағынан бұларды сығалайды кеп. Таң намазына жығылып жатқан көрші шалды ту сыртынан: «Қайнаға, сәлем бердік!» – деп айғайлап қап етпетінен түсірген алаңғасарлау неме ақ тікеннің ар жағынан да қарап жатпады.

– Сыған қаптап кеткен бе? Қаңғымаса басы ауырады-ау бұлардың». Осы бір суреттен қолдан қойғандай ауыл адамының характері танылады, тіпті айғайлап тұр. Жазушы тіліндегі жеңіл юмор өте бір жарасымды, ауыл тірлігіне сыртынан сүйсіне қарап тұрғандай әсер қалдыратыны рас.

«– Шешесі өлген соң қызым да көп отырып жарымады. Қиякелді біреудің етегінен ұстаған. Түске дейін есі бар, түстен кейін есі жоқ ішкіш екен. Ащы суды ұрттаса бітті, айналасын бездіріп тынады. «Қолыма алам. Әкемдей көрем. Давай, үйінді бер» деп тобадан тоба қоймаған. Құлқыны мәлім. Шалқақтап көнбей қойдым. Балағынан бала төгіліп жүріп қызым шығандап қайда барсын?.. Отыр. Сөйтіп, сегіз бөлмелі үйде қуарып жалғыз қалдым... Қапелімде кемпір ала қоятын ойым жоқ еді, – деді боз бешпентінің өңіріндегі жалғыз медалі қалтылдап. – Көктем жылт етіп, құс келген әзірде Бозан бетке құда шақырысқа барғам. Дәм айдаған шығар, дастархан басында табыстық. Жалғызілікті екен.

– Қалыңдық ойнап, олжалы келе жатқан бетім де-сеңізші.

Шалдың иегіндегі «үркек торғай» ұшып-қонып әрен байыздады.

– Өйдөйт де! Төрінде жаттым. Бір шүмектен су, бір шүмектен от ағып тұр. Жанның рахаты.

– Қақсамай жүр енді... Бәрі сенің арқан.

Сыбызғының сағасындағы ашқылтым үн баяулап барып бітті.

– Иә, Алла, соны білгеніңе де шүкір.

Алла мен келіншектің арасында қандай байланыс барын біле алмаған Мыңжылқы есесіне мына құбылып қалған дауыстың сырын түсінгендей еді», – деген жолдардан жазушының жеңіл юмордан ащы мысқылға, уытты сарказмға қол созғанын түсінуге болады. Суреткер шеберлігі сондай, әр сөзінде батпан жүк, нар көтеретіндей салмақ, астар бар. Жазушының астарлы ойының, философиялық тұжырымының биіктігі де оқырманға ой салары анық. Шалдың жаңа қосылған келіншегімен үйіне келе жатқан беті – оқиғаның дамуы. Сюжет өз-өзінен өріліп кете барады. Жазушы жеңіл ғана диалогпен әр кейіпкердің өзіне тән характерін шебер сомдаған. Бүгінгі заман жастарының ата-анаға қайырымсыз, қатыгездігі де, қазіргі ата сақалы аузына біткен шалдардың әлін білмей әлекке түсуін де бір ауыз сөзбен жеріне жеткізе суреттеген.

«Кел, қайным, қолшатырдың көлеңкесін бөліс», – деген келіншектің арсыздығы да естіген құлаққа ыңғайсыз. Бірақ заманына қарай амалы деген осы.

«Шаңырақтай шатырдан пана тапқасын аңдады. Жасы мүлдем айырғысыз екен. Бет терісі ғана жұқа, ал қалың құйрық бізөкше төпiлiдi қадап басқан сайын секемшiл аттың сауырындай дiр-дiр етедi.

– Қанiшкенде үй қымбат па?

Келiншектiң көзi шақпақ тастай жылтыл қағады. Жаныңды баурап, жанып-өшедi.

– Мына шал көк шатырлы үйім бар дейді. Пұлдап сатсақ...
Қайтамыз.

– Отағасы ойда-жоқта жас иісті болдым деп насаттанып келеді.

– Басындағы көлеңкені көпсініп келесің бе? Бай таба алмай соқаға отырып жүргенім шамалы.

Секемшіл аттың сауыры тағы да дір-дір етті». Осындағы пері қызындай әдемі, сайқал келіншек өмірдің нақөзі іспетті. Өмірді, бес күндік жалған дүниені өліп-өшіп сүйетініміз рас. Дүрбелеңмен дүрліккен сүргін күндерден шаршап, бір жерге жетер-жетпесте құлайтынымыз тағы рас. Бірінбірі алдаумен өткен пенделер-ай! Оқиғаның шиеленісуі деген – осы. Үйсіз, далада қаңғырып қалатын шалды ойлап ішің сыздайды. Жан дүниенің әлем-тапырық боп, ішіңді ит тартқандай қынжыласың. Обалы өзіне дейді тағы бір ішкі дауыс. Өле алмай жүріп, келіншек алған не теңі?! Одан да қызы мен күйеуін қолына алып, немере-жиенді ойнатып отырмас па?

Мыңжылқы мен келіншек диалогі әрі қарай өрбиді.

«– Жол бойына өскен көк шөп құсап қылтиып бойжеткен шағым. Базар шығып кеткен әкем жарықтық Астраханнан көйлектік көкжولاқ мата әкеп берді. Қасқалдақтың қанындай зәру еді. Өйткені ондай матадан көйлек кию мода болатын.

– Сосын?..

– Оңды пішетін шебер таптырмай... Әлгі матаның шетіне қызыл жіппен әдемілеп «Әлиман» деп атымды жазып қойдым.

– Сосын?..

– Сосының бар болсын! Қыдырып құдағиымыз келіп, шешем әлгі әспеттеп отырған матамды кигізді де жіберді.

– Сонда жыладыңыз ба?

– Жоқ. Араға кө-өп жыл салып сол мата өзіме қайта оралған.

– Апыр-ай, ә?

– Иә. Сонау Оңтүстік өңірге зәуімен бара қалғам. Бір жекжат көйлек тіктіріп киерсіз деп көкжولاқ матаны қолыма ұстата салды. Әлдене есіме түсіп, екі шетінен ұстап, ортасынан тістеп бүктеуін жазып кеп жібердім. Шетінде түсі өңіп кеткен «Әлиман» деген әдіптелген жазу тұрды. Құса боп қоймай жыладым. ...Қолдан-қолға өткен ол мата да модадан әлдеқашан қалған... Мына мен де...» Шығарманың шарықтау шегі осы. Адамды сайқал қылатын өмір ме, әлде өзі ме? Негізі бәрі де адамның өз басына, нәпсісі мен қанағатына қатысты болса керек-ті.

Шығарманың шешімі – үш жаяудың Қанішкенге жетуі.

«Қашса да құтылмасын білді-ау деймін, сағыммен қыдырып көшіп тұрған Қанішкеннің үйлері табанымен жер басып қалыпты. Жасыл теректер санап алардай боп самсап тұр», – деп төндіре суреттейді жазушы. Күн кешкіріпті деген тұспалмен бірге тағы да астарлы мәнге ерік береді суреткер. Жанды баурап жанып-өшкен шақпақ тастай көздері жылтылдаған келіншек пен жігіт өз қызықтары өздерінде әңгімелесіп келе жатыр. Соңдарында енгігіп шал байғұс келеді.

«Шөп буыны қатып, құс балапаны түбітін тараған шақты. Десе де салқар далада көшкен сағымның сиқыры әлі бір басылар емес», – деген жолдардан қызылды-жасылды жалған дүние қызығына арбалған пенделердің халін астарлап суреттегенін андауға болады.

Р. Отарбаев – нағыз қазақы ортада тәрбие алған, ұлттық мінезді бойына сіңіріп өскен жазушы. Оның әңгімелерінен ауыл иісі бұрқырап тұратыны сондықтан. Ауылдың қарапайым адамдары жазушы қаламынан өз орындарын табады. Олардың бойындағы әрбір қылық пен қасиет аңдағыш жазушы қаламында адам танымастай түрленіп шыға келетіні шындық. Қазақы қасиет қанына сіңген жазушының әлі де жұртына берері көп екені ақиқат.

ӨМІР-ӨЗЕН

Р. Отарбаевтың «Жайық жыры» әңгімесін оқи отырып, халықтың өмір-өзен деген тұжырымы ойға оралды. Иә, өмірдің өзі заманаларды артқа тастап ағып жатқан өзен іспетті екен. Қаншама қала, қаншама мемлекет жер бетінен жоғалды, қанша нәрсені су шайып із-түзсіз жойылды. Осының бәріне философиялық тұрғыда қараған жазушы бұл әңгімені Жайық өзені мен бас кейіпкер Теңге мұрт шалдың диалогі, іштей сырласуы түрінде жазған. Жазушының қолданған әдісі өте күрделі. Табиғатпен сырласу, табиғатқа мұң шағу – қазақ әдебиетінде бұрыннан бар үрдіс. Бірақ бір әңгімені түгелдей дерлік ішкі монологқа құру – шеберлік. Әңгіменің экспозициясы – Калининград жерінде әскери қызметте жүрген Теңге мұртқа – Тайжанға қазақ жазушысының жолығуы. Осы кездесу полковник атағын алып, шалқып жүрген Теңге мұртқа өткенін елестетеді. Сөйтіп, бір кезде жас шағында жасаған қысастығы жанына жай таптырмай, ақырында отставкаға шығып, Ақ Жайық өңіріне көшіп келеді. Туған жерге келген соң бар ермегі Жайықпен сырласу болған Теңге мұрт-Тайжан өз қателіктері мен күнәларына іштей Жаратқаннан кешу сұрайды. Әңгіме сюжетіндегі оқиғаның дамуы – оның Жайыққа оралуы болса, оқиғаның шиеленісуі – естелік емген полковниктің Жайық жағасындағы ресторанда жұрттың көңілін аулап билеп жүрген қаңғыбас орыс шалының Ники-

та Максимович, яғни өзінің бір кездегі қожасы екенін білуі. Ол оны өлді деп ойлап жүрген. Иә, ақ пен қызыл арбасқан тұста Тамара сұлудың ыстық моншасына кілттеп кеткен еді Никита Максимовичті. Сөйтіп, оның бар құжатын қызылдарға тапсырып, өзі күлшелі бала атанып, тасы өрге домалаған. Ол күндер санада тірілер, елесі қайтып кеп жаныма жай тапқызбас деп ойламаған ол кезде көшір бала – Тайжан. Бірақ сұраусыз нәрсе болмайды екен. Өзі бар құжатын алып кетіп, қаңғыртып далада тастаған адамының тірі болғанына қуанады ол. Өйткені одан кешірім сұрай алады әйтеуір. Мүмкін, алдағы күнін қайыршылықсыз өткізуге көмегі тиер. Алайда сол бір жылдарды оралта алмайтыны тағы айқын.

Әңгіме түгелдей ішкі монологқа құрылған дедік. Әңгіменің күрделілігі де сонда. Әңгіме сюжетінің шарықтау шегі – Жайықта ерсілі-қарсылы жолаушылаған қу бастың тағдырында. Органикалық дене өлгенмен, жан өлмейтіні туралы қағида әлмисақтан бері бар. Осыны тиімді пайдаланған жазушы Тайжан-Теңге мұртқа күнәсінің қаншалықты ауырлығын осы қу бас арқылы меңзейді.

Шығарманың шешімі – Тайжан-Теңге мұрттың Никита Максимовичтен кешірім сұрап, бір уыс жасыл долларды қолына ұстатуы. Әңгіме сюжеті рет-ретімен емес, естелік түрінде үзіп-үзіп берілген. Композициясы өте күрделі бұл әңгіме – ішкі құрылымы, бейнелегіш элементтер мен көріктеу құралдарын қолдануы жағынан өзіндік ерекшелігі бар туынды. Өлемдік әдебиетке назар салсақ, психологиялық параллелизм элементтері адам санасында сәулеленіп, сол арқылы фольклорлық туындыларға сіңісіп кеткенін көреміз. Психологиялық параллелизмнің негізгі нысанасы адам көңіл күйін табиғатпен шарпыстыра суреттеу болса, мифологиялық атаудағы басты объект – табиғат пен адам. «Мифтік санаға табиғат пен рухтың бірлігі тән. Осы-

дан барып оның негізі болып теңдік заңы саналады. Өзінің даму жолында мифтік сана екі түрлі сатыдан өтеді деуге болады. Бірінші кезеңде рух пен табиғат толық тең. Екінші кезеңде адамның табиғат қойнынан алшақтауына байланысты жаңағы айтқан теңдік бұзыла бастады (*Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы, 1984. – 67-б.*).

Табиғатқа табыну қазақ мифтерінде ерекше орын алады. Ш. Уәлиханов қазақтар арасындағы шамандық дін туралы айта келіп, оның дүниеге келуі табиғатқа жалпылай және жекелей сиынуға байланысты дейді. Өмір сүріп отырған ортадағы зат пен құбылыс атаулы адам сияқты түйсінеді, тіршілік етеді деген түсініктің өзі табиғатқа табыну және онымен рухты тең деп түсіну сенімінен туындаған.

А. Қасымжановтың пікірінше, шамандық сенім – қазақтардың дүниетанымы, яғни қазақ мифологиясы. Көне дәуірлерден жеткен фольклорлық мұралардың бір саласы – ертегілер. Ертегілердегі жануарлардың адамға, адамның жануарларға айналуы, табиғаттың барлық жанды-жансыз затымен тілдесе беру, небір ғажайып оқиғалар – мифтік санадан туындаған сенім. Ертегілерде көп суреттелетін зәулім бәйтерек – үш әлемді (перілер әлемі, жер үсті, жер асты әлемі) жалғастырып тұратын «ғарыштық» немесе «әлемдік» ағаш. «Әлемдік ағаш» туралы мифтік сенім қазақ ертегілері мен шамандық нанымында да кездеседі (*Қасқабасов С. Сонда, 69-б.*).

Адамдар әр түрлі табиғат күштерін өздеріне бағындыруға тырысқанда, магия арқылы тылсым дүниемен «тіл табысып», оған өз дегенін жүргізуге тырысқан.

Бақсының сарынында, музыкада, ән-биде негізінен магиялық күш басым. Олар бірте-бірте өз функциясын өзгертті. Кейіннен пайда болған діни нанымдарда да Құдайға табыну осыларсыз өтпейді.

Табиғат күштеріне әсер ету тек бақсылар сарынымен шектелмеген. Олардың қатарында шақыру, арбау, көз байлау жырларының да алар орны ерекше. Бұл өлеңдерден кө-

не халықтарға тән мифтік сана айқын көрініс береді. Сөз бен музыканың магиялық қуатына барынша сенген халық табиғат құбылыстарына осы сөз арқылы әсер етеміз, сонда дегеніміз болады деген ойға әбден иланған. Күн жайлату, бұлт шақыру, жылан уын қайтару үшін арбау, бүйі, қаракұрт шаққанда айтылатын сиқыр мен арбауға толы өлеңдерінің астарында сөздің магиялық құдіреті, табиғаттағы тылсым күштер жайлы мифологиялық таным ақиқат дәрежесінде көрінеді.

Мифтік сананың алғашқы кезеңінде адам өзі мен жануардың арасына шек қоймаған. Осыдан келіп зооантроморфтік образ тотемдік мифтерде, кейінгі дәуірлерде мифтің басқа түрлерінде кең орын алған. Көне тотемдік мифтер бойынша бір рулы елдің атасы бір ата деп саналады. Тотемдік мифтердегі құбылушылық шын мәніндегі, мақсатты, себепті құбылу емес. Сол кездегі түсінікке сәйкес адам жануар кейпінде де көріне береді. «Мифтік дәуірде адам өзінің әр түрлі жанды-жансыз нәрсенің кейпіне еніп, өзгеріп кететіндігіне кәміл сенген. Бұл дәуірде адам өзін-өзі бірде аспандағы аққу кейпіне, бірде жолбарыс кейпінде ауыса алады деп сенген», – деп жазады Б.Уахапов өзінің «Қазақтың халық өлеңдері» (*Алматы. 1994 ж.*) деген еңбегінде, 67-бетте.

Көне дәуірдегі адамдар өздерін бұғыдан, бөріден, киттен тарадық деп сенген. Қырғыз халқының бұғы-ана туралы мифіндегі тотем – бұғы... Түркі тайпалардың тағы бір тотемі – бөрі. Ең көне дін болып саналатын зороастризм адам мен жануарды қандас-туыс деп түсіндіреді. Қытайдың көне дәуірден жеткен жазба шежіресі «Суйшуде» Ашин ордасының шыққан тегі туралы тарихи анықтамамен қоса мифке негізделген аңыз кездесетініне Н.Я. Бичурин тоқталып өтеді (*Бичурин Н.Я. Ерте заманда Орта Азияны мекендеген халықтар жөніндегі мәліметтер. 1953. – 221-б.*).

«Бүгінгі жер басып жүрген үлкенді-кішілі ұлттардың барлығы да өзінің түпкі жаралу тегін жан-жануардан таратады.

Бұл – есте жоқ ескі дүниеден қалған танымдық сенім», – деп жазады Т. Жұртбаев және түркі тайпаларының тегі болып саналатын көкбөрі туралы хикаяны келтіреді. Мифтік желі бойынша, анасы – бөрі, әкесі – адам көкбөрі (қытайша «ашина» – мейірімді болу) ұрпақтары турфандық қызға үйленіп, түркілердің көкбөрі әулетін таратады. Енді бір аңызда Көк Тәңірінің әмірімен хұн тәңірқұтының қыздарының бірі қасқырдан ұл туады. Көкбөрі туралы аңыздар б.д.д. V-IV ғғ. көшпелі жұрттың арасына кеңінен таралып, киелі аң ретінде санаға әбден сіңіскен. Белгілі ғалым, тарихшы Л.Н. Гумилев өз еңбектерінде түріктердің діни нанымдары туралы айта келіп, көкбөрі мифіне ерекше тоқталады (Гумилев Л.Н. *Көне түріктер*. – А., 1994. – 78-б.).

Тотемдік мифтер адамдар мен жануарлар арасындағы байланысқа барынша сенген, олардың кейбіреулерін өздерінің ата-тегі деп, кейбіреулерін киелі деп санаған көне таным негізінде туындаған. Көне замандардан жеткен әлемнің жаралуы, дүниені тану туралы мифтерде аспанды – әке, жерді – ана деп тану сенімі бар. Бұл сенімді көрсететін мифтік образдар – Тәңір, Ұмай ана, фольклорлық мұраларда Көк пен Жерге табынған сенім нышаны, қазақ мифі мен діни ұғымында сақталумен бірге, көркемдік-эстетикалық қызмет атқарған. Табиғаттағы зат пен құбылыс атаулы сезім мен ойға ие, олар да адам сияқты қайғырады, қуанады, күледі деп түсінген анимистік наным негізінде фольклордағы психологиялық параллелизм (егіздеу) әдісі туындаған. Сөйтіп, фольклордағы психологиялық егіздеу бағзы халықтар санасынан орын тепкен мифологиялық ойлау жүйесінен хабар береді.

3. Ахметов бейнелеу, тұспалдау тәсілдерінің кейіптеумен ұласып жататынын атап айтса, психологиялық егіздеуді де осы кейіптеумен сабақтасқан деп қараймыз. Біз әңгіме етіп отырған Рахымжан Отарбаев табиғат құбылысын жанды бейнеге айналдырғанда сол табиғатты кейіпкер болмысымен егіздей суреттеуге ерекше назар аударады.

«Параллелизм екі құбылысты салыстырып қана қоймайды, сонымен бірге біреуіне тән әрекетті екіншісіне телиді. Егіздеудің негізгі мәнін алсақ, гүл, ағаш, т.б. көрінетін табиғат бейнесі адам өміріне ұқсастырылады», – деп жазады А.Н. Веселовский (*Историческая поэтика*. – М., 1989. – С.134).

«Параллелизм – екі нәрсені қатарластыра, жанастыра алып, бейнелеу тәсілі. Екі түрлі ұғымды білдіретін тіл элементтері бір-біріне әсер етіп, тұтас поэтикалық бейне тудырады. Бұл халық ауыз әдебиетінде жиі қолданылады» (*Әдебиеттану терминдерінің сөздігі*. – Алматы, 1996. – 161-б.). Кейіпкердің ішкі толғанысын, тебіренісін білдіру үшін қолданылатын психологиялық параллелизмге «Ер Тарғын» жырындағы Тарғынның монологін мысал етуге болады. Психологиялық параллелизмнің мифке, анимистік сенімге қатысын, кейіптеумен үндесетінін қалай дәлелдеуге болады? Ол үшін бұл айшықтау үлгісінің табиғатына тереңірек үнілу қажет. Махамбеттің «Қызғыш құс» өлеңін зерттеушілер психологиялық параллелизм үлгісі деп қарастырады. Бұл өлеңде ақынның тағдыры қызғыш құспен қатарластыра жырланған. Адамдар тіршілігіне тән әрекеттер табиғатқа көшірілген. Сол арқылы табиғаттағы тіршілік иесі – қызғыш құстың әрекеті, тірлігі, аянышты халі бейнеленеді. Және ақынның өз тағдыр-талайы, қызғыш құсқа мұң шағып, тіл қатуының астарында оны өз көңіл күйінің әуенімен түйсіну сезімі жатыр. Табиғат объектілеріне, тіршілік иесіне адамға сөйлегендей сөйлеп, ой айту, олардың жаны, рухы бар, адамдарды түсіне алады деген мифтік санаға жүгіну психологиялық параллелизмнің мифологиядан бастау алғанын дәлелдейді. Рахымжан Отарбаев туындыларындағы көркемдіктің бір ұшы осы кейіптеу тәсілімен ұласқан психологиялық параллелизмде жатыр. «Жайық жыры», «Бәйтерек», «Көрген-баққан», «Қытайдан жеткен сәлемдеме» деген әңгімелерінде адам

мен табиғат болмысын егіздей беру тәсілі айқын көрінеді: Жайық өзені, бәйтерек – киелі ағаш, күн, жел, ай, т.б. табиғат құбылыстарының жазушы қаламына ілігуі жайдан-жай емес. Қаламгер бас кейіпкер мен Жайық өзенін егіздей суреттегенде өзенге адамға тән мінез, әрекет дарытады. Өзенді жанды кейіпкерге айналдырудың негізі анимистік көзқараста жатыр. Бұл жердегі Жайық өзені кейіптеу тәсілімен бейнеленіп, психологиялық егіздеу түрінде шығарманың мазмұнына арқау болған. Жайық өзенін адам бейнесінде, мейірімді ана кейпінде бейнелеуінің өзі ұлттық болмыс пен мінезді де танытып өтеді. Ішкі нала мен мұң, рухани күйзеліс толқынға телінеді. Табиғат құбылысы мен адам мінезін егіздеп беру адам мен табиғат бір деп саналатын мифтік сананың алғашқы дәуіріне тән сенім болса, суреткер сол ұлттық рухани тамырдан нәр алған көркемдеу тәсілін өз әңгімесіне шеберлікпен арқау етіп, Жайық өзені толқындарының өксіп, жылап қу басты әрлі-берлі қақпақылдап алып жүруі арқылы кейіпкердің бүкіл болмысын танытады. Жазушы толқынды кейіптеу тәсілімен суреттей отырып, кейіпкердің көңіл күйімен егіздейді. Суреткер туындыларында кейіптеуге негізделген психологиялық параллелизмнің ролі басым.

«Анимизм ешқандай өзгеріссіз кейіптеуге әкелетін ілімнен тұрады. Ежелгі адамдар (*автор жабайылар деп көрсеткен, біз мұны өзгерттік – Г. Н.*) іс-әрекетсіз құбылыстарға жеке, үздіксіз өмір береді. Біздің фантазиямыз тығырыққа тірелген кезде, саналы метафора көмегімен кейіптей аламыз. Өлі саналатын заттарды тірілту, бірде ауада, бірде ағашта, бірде сарқырамаларда мекендейтін рух иелері туралы ұғымдар мифологиялық ой-түсініктерде айқын көрінеді», – деп жазады Э.Тэйлор (*Тэйлор Э. Первобытная культура. – М., 1939. – С. 360*).

Сонымен біз өзен толқыны мен кейіпкер туралы ой қорытсақ, бірі – табиғаттың жансыз құбылысы, екіншісі, яғни

бас кейіпкер – саналы тіршілік иесі деп материалистік тұрғыдан қарасақ, қаламгер шығармалары таза қиялдың жемісі деген пайымға тірелеміз. Мифтік сана тұрғысынан қарағанда өзен толқыны – саналы іс-әрекеті, ой сезімі бар табиғаттағы нәрсе құбылыс – өзеннің өксуі, жалғыздығы, кейіпкермен өзара сырласуы, яғни іс-әрекеті. Жайық өзенін кейіптеу тәсілімен бейелеуде суреткер мифтік ұғымға сүйенеді. Оны жанды кейіпкерге айналдырып, кейіпкерге телиді. Әңгімеде өзен – саналы рух, «Поэтикалық метафора – кейбір бейнелермен қарым-қатынастарды екіншісіне ауыстыруға болатын бір мүшелі параллель формула. Бұл анықтама метафораның поэтикалық егіздеу құрылымындағы орнын көрсетеді», – дейді А.Н. Веселовский.

Қазіргі прозада мифологиялық түсініктерге соны сарын, жаңа мағына дарыта қолданып жүрген суреткер – Рахымжан Отарбаев. Жазушының «Жайық жыры» прозалық шығармасында халық аузында, ғылыми-мәдени мекемелердің қолжазба қорында, ертедегі басылымдарда сақталып келген тарихи этногенетикалық және басқа сипаттағы аңыз, мифтер жаңа түр иеленген. Сонымен қатар, мазмұн, мағынасы жағынан да тереңдей түскен. Соған орай олардың көркемдік-идеялық, эстетикалық қызметі де жаңарып, толығып, неғұрлым жоғары сананы иеленген. Әңгімеге арқау етіліп мифтік желі алынған. Бас кейіпкер Теңге мұрт шалдың Жайық өзенін жағалап, жанына араша тілеуінде көп мән жатыр. «Өткен күндер елесі қос тепкіге алып дінкелетіп, безгектен бетер дертке айналғанда осы Жайықтан сауға тілеп келмеді ме?» – деп, оқырманға оның бұл жүрісінің мәнін түсіндіреді жазушы.

Суреткердің туындысындағы Жайық өзені – жаны бар, өзіндік ойға ие кәдімгі жанды рух. «Теңге мұрт шал бір жұма бойы жағасын тынбай кезді екен, көзін сапып телміріп қарады, кәрі жүйкесін босатып тебіренді екен деп ағысынан жаңылған Жайық жоқ. Ұлы өзен

суы толқын боп көтеріліп-басылып, үстіндегі желдің, астындағы ағынның екпінімен сырғи-сырғи мың сан тілге айналып, жағалаудың қос кемерін жалап кеміреді кеп», – деген жолдардан кейіпкер мен өзен арасындағы тылсым бір байланысты, өзара үндестікті байқатады қаламгер. Бұл жерде халықтың анимистік көзқарасы көріктеу құралына айналған, яғни кейіптеу арқылы жасалған психологиялық параллелизм.

«Анимизм – қоршаған орта мен табиғат құбылыстарының рухы, жаны бар деп пайымдалған түсінік. Анимизм алғашқы қауымдық дін негізінде және алғашқы адамдардың табиғат күштері алдындағы дәрменсіздігінен туындаған. Мифология анимизмді орманның, таудың, ағаштардың, бұлақтың, өзеннің, жел мен толқынның жаны бар деген сенімнен туындағанына куәлік етеді. Жыл мезгілдерінің ауысуы, тасқынның болуы, дауыл, т.б. құбылыстарды ежелгі адамдар табиғаттың жанды күштері түрінде түсініп, адамға тән іс-әрекетке ие адам бейнесінде қабылдаған» (*Мифологиялық сөздік*. – М., 1990. – С.121). Мифтік сөздікте берілген бұл анықтама қандай да бір ұлттың ежелгі санасынан хабар беретіні айқын. Көне түсінік бойынша, қоршаған табиғаттың жаны бар, тілі бар, ой-санасы бар. Міне, осы анимистік көзқарас суреткер қаламынан өзіндік көрік тапқан. Осыған дәлел ретінде мына бір жолдарға назар аударуға болар:

«– Армысың, Ақ Жайығым, – деді сосын кібіртктеп. – Баяғы көшір балаң өзіңе көріскелі келді. Сағынып...

– Жалған сөйлем, ұлым. Сағынған адам менің кәусарыма алдымен балтырын емес, ғазиз басын шылар еді. Сен болсаң, көсілтіп салып... ой, рақат-ай деп...

Теңге мұрт шал өзінің келген бетте-ақ оңбай сүрінгенін, жазығына бір жеті бойы тызақтап жанын жидіткенін сонда барып түсінді.

– Жә, көшір бала, бозбас кезінде қос ат жеккен күймемен Жайықтан көктей өтіп, жұлдыздай ағып жоғалғанның басы

сен емес, аяғы да өзіңмен бітпес. Түбі бір келерінді, менен медет тілерінді білгенмін.

Жайық толқынын қуалап, қайтадан күн сәулесі ойнады.

— Әне, тынбай жүзіп жүрген адам басына зер салшы.

Жағалаудан құрық сілтем жерде әбден сары сүйек болған, қос көздің алақандай ұясы үңірейген, кеңсірігі соқыр тышқанның ініндей сәңірейген, жағы тұтас, бірақ тістен ада кісі басы толқыннан-толқынға секіріп, жүзіп келе жатты.

— Біреулер мұны Сарайшықта жерленген Бату ханның басы десе, екіншілер атақты большевиктің басы деп тала-сады. Мейлі ғой. Қыс кәріне мініп, мұз буыны бекімей бұ шіркінге мігір жоқ. Жан иесі кезінде Жаратқан ием алдында күнәкар атанған ба, қайдам, күндіз өрге, түн баласы ылди теңізге құлап, ерсілі-қарсылы жолаушылайды да отырады».

Шынында да, ерте ме, кеш пе, әйтеуір пенде атаулы өз ісіне жауап беретіні ақиқат. Жазушы осыны тұспалмен келтірген. Тірлікте өзімізді жаратқан Алланың бар екенін ұмытып, қызылды-жасылды фәниге арбалып күн кешеміз. Бірақ «Судың да сұрауы бар». Күндердің күнінде күнәкардың орындығына отырудан сақтану қажет. Ол үшін табиғатпен үндестікте, жан баласына қиянат көздемей, дүниеқоңыздықтан бойды аулақ салып күн кешкен дұрыс. Жайықты әрлі-берлі тынбай кезген қу бас арқылы осыны меңзейді суреткер. Жайық пен Теңге мұрт шалдың, бұрынғы көшір баланың диалогі арқылы табиғат пен адам көңіл күйін параллель алып, іштей арпалысқан жанның мұнды күйін, іштегі наласын білдіріп отыр.

Ағылшын ғалымы Э.Тэйлор өзінің «Алғашқы қауымдық мәдениет» атты еңбегінде анимизмнің мифологиялық мәніне, шығуына, оның екі бөлігі: жан туралы және өзге рухтар туралы, жанның өлімнен кейінгі әрекетіне, тірілу туралы түсініктерге, болашақ өмір, екінші мәрте өлім, өлілер әлеміндегі жағдайларға, анимизмнің философиялық, діни

табиғатына жан-жақты талдау жасайды (Тэйлор Э. *Перво-бытная культура*. – М., 1939. – С.259-442).

«– Апыр-ай, ә? – Отставкадағы полковник сипайын десе мұрынның су ағар тұсына кеп қонған теңгесін таба алмай абдырады. Ішін ірітіп бара жатқан дірілді тағы да басқысы кеп, күрсініп қап бас шайқаған. Мойыны түскір тіреуіш болмай былқылдап, қалтақтап кетті. – Пенде деген осы. – Таңданба. Сен де құлатөбелдің бірісің.

Мұны айтқан Жайық па, жоқ, әлде тұсынан жүзіп бара жатқан сары кемік бас па, баяғы көшір балада оны бағамдар дәрмен сарқылып еді». Иә, жарты жаһанды ат тұяғымен таптап, қылышпен қырсаң да баратын жерің – Алланың алды екенінде сөз жоқ. Мынау фәни дүниенің өткінші-ойнақылығы кімді жолдан адастырмады? Бүкіл дүниені билеген әміршінің де, шала сауатты, бостандық деген дуалы сөзге желіккен болшевиктің де түбінде өз істері үшін жауап беретіні ақиқат екенін жер басып жүрген екі аяқты пенделердің есіне салады суреткер. Бұдан шығатын қорытынды сол, жазушы қысқа ғана ғұмырда тек жақсылық пен шапағат нұрын таратып жүруге үндейді. Ғалым Э. Тейлор рух – табиғат құбылысының басты себебі деп пайымдаған алғашқы танымның шығу негіздеріне үңіле отырып, жанның мәңгіліктігі, оның барлық заттар мен құбылыстарға тән екендігі туралы түсініктің, фетишизмнің, тотемизмнің шығуына әсер еткенін мысалдармен дәлелдейді (*Сонда, 362, 403-404-бб.*). Сонымен қатар, анимизмнің аллегория, метафора, кейіптеу, психологиялық параллелизммен арақатынасына философиялық тұрғыдан баға береді. Грек классикалық мифтері моральдық аллегория деп қараған Ф. Бэкон көзқарасын негізге ала отырып, Э. Тэйлор миф дамуындағы аллегорияның маңызды роліне ерекше тоқталады (*Сонда, 203-б.*). Осы жерде Жайық толқыны мен қу бастың іс-әрекеті аллегория арқылы сипатталған деуге әбден болатын іспетті. Сонымен қатар, күнделікті іс-әрекет,

құбылыс деректерінің мифке айналуының басты себебі күллі табиғаттағы заттар мен құбылыстардың рухы, жаны бар деген анимистік сенімге байланысты екендігін айтады. Және бұл сенім кейіптеудің негізгі нысанасы болды дейді (Сонда, 206-б.).

Анимизм – адам мен табиғат тең деп қараған мифтік сананың алғашқы дәуіріне тән сенім. Осы анимистік сенімнің көркем әдебиеттегі психологиялық параллелизммен сабақтастығын, ғалым С. Қасқабасов айтқандай, көне мифтің көркем мифологияға айналуы ауқымынан қарастырамыз. З. Ахметов көркем әдебиеттегі бейнелеу тәсілін, бейнелі сөздерді, аллегория мен символ сияқты тұспалдап суреттеу тәсілдерін «кейіптеу тәсілі ұштасып жатады, кейде түгелдей кейіптеу түрінде жасалады» (*Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – А., 1996. – 108-б.*) деген болса, біз де осы пікірге толық қосыла отырып, психологиялық параллелизм жөнінде де осы пікірді айтқан болар едік. Сонымен қазіргі әдебиетте мифтік желілер мен бейнелер маңызды орын алса, мифтік санаға тән сенімдер көркемдік тәсіл ретінде мәнді қызметке ие болып, көркемдік құралдар түрінде қызмет атқарады. Анимизмнің психологиялық параллелизмге сабақтасуы – мифтің көркемдік қызметі деп қарастырамыз.

Р. Отарбаевтың туындыларында табиғат пен адам проблемасы өзекті идея екені мәлім. Сол табиғат пен адам арақатынасын бейнелеп беруде қаламгер мифтік желіні, мифтік бейнелеуді әңгімеге араластырып, көрістірсе, енді бірде мифтік сенімге негізделген таным-түсініктерді көркемдеу құралы түрінде пайдаланады. «Жайық жыры» әңгімесінде желі болып тартылған табиғатты адам көңіл күйімен шарпыстыра, тартыстыра бейнелей отырып, кейде табиғатты жанды кейіпкер түрінде суреттеу – жазушы шығармашылығындағы мифологизмнің бір қыры. Мифологизмді психологиялық параллелизммен

сабақтастыра отырып бейнелеу тәсілінің психологиялық параллелизм тәрізді әдісін шебер қолдана білуі Рахымжан Отарбаев туындыларына қайталанбайтын нәзік мұң, күдіретті пафос дарытады. Жазушы қай шығармасында болмасын психологиялық параллелизмді ұлттық болмыс-бітіммен, ұлттық мінезбен, даралықпен қолданады. Ал біздің ұлттық психологияға әфсаналық сана, яғни мифтік сана жат емес.

«Жайық жыры» әңгімесінде Жайық өзенімен ақтарыла сырласып тұрған бұрынғы көшір бала, қазіргі Теңге мұрт шал – Тайжан көңіл парағында жазылған естеліктерді еске түсіреді, біреулердің алдындағы күнәсі мен жазған-жаңылған шақтарын жазбай танып, сол үшін кешірім сұрайды. Оны жазушы былай суреттеген: «Калининград жерінде әскери қызметте жүргенінде бір қазақ жазушысын жолықтырған. Ұзын бойлы, қарасұр, келісті жігіт шашы желкесіне төгіліп тұрып не деп еді? Бет-жүзіңе қарамай кесіп сөйлер неме екен. «Пенде азапты қолдан жасап алып, өз ойымен өзі арпалысып өтуге құштар. Өтірік күліп, жалған жылап, уілеп жүріп бар ғұмырын тауысып бітеді», – деген мұның құрметін көріп отырып». Күрсіну, мұндылық – адамға тән көңіл күй болса, енді сол көңіл күй табиғатқа, Жайық өзеніне ауыстырылады. Теңге мұрт шал іштегі шерін Ұяы өзенге ақтарып отыр. Табиғат құбылысын адам көңіл күйіне егіздеудің туынды мазмұнын ашудағы мәнді орнын атамай кетуге болмайды. Даланың, табиғаттың жанды кейіпкер түрінде суреттелуі суреткер шығармаларында жиі ұшырасады. Табиғаттағы заттар мен құбылыстардың адамға тән көңіл күй, іс-әрекетпен көрінуі – (мұндану, іштей күрсіну, т.б.) көне мифтік тұрғыдан келгенде, барлық құбылыс пен заттардың рухы, жаны бар деген сенімнен туындаған шындық, көркемдік ойлау жүйесі тұрғысынан келгенде, мифтік танымға сүйене отырып, табиғат суреті мен адам көңіл күйін қанаттастыра суреттеу, яғни психологиялық егіздеу тәсілі. Р. Отарбаев назарына жиі ілігетін

дала, орман, тал-терек, өзен, жапырақ, жел, тұлпар, т.б. жанды-жансыз заттар мен құбылыстар суреткер қиялында барынша мифтендіріледі. Табиғат суретін қаламына іліктіргенде суреткер мифтік санаға тән анимизмді шеберлікпен құбылтып, кейіпкер психологиясын таныту, шығарма мазмұнын ашу барысында тың ой туындатады. Көне мифтердегі түсінік-танымды сол қалпында пайдаланбай, мақсатты түрде өзгертіп қолдану жазушы шығармаларында жиі ұшырасады. Өзіміз жоғарыда келтірген даланы, аспанды, өзенді, желді, тұлпарды адамға тән іс-әрекетпен бейнелегенде тек анимистік сенімге сүйене отырып, өзіндік тәсілін аңғартады. Көне түркілік мифтерде аспан – әке, жер – ана түрінде көрінеді. Ал аспанның жекелей сипаты дараланбайды, тек адамға тән әрекетімен көрінеді. Анимистік сенімнен бастау алған психологиялық егіздеулер суреткер туындыларында шеберлікпен өрнектелген. Өзеннің әрбір қозғалысы жазушының назарына жай ғана ілігіп қоймай, жан-жүрегі, сезімі бар кейіпкерге айналып шыға келеді: «Бір-бірін жалмап жұтып жатқан Жайық толқынындай болған жылдар-ай...» – деп жалғыздықтың мұңын, жүректегі шер мен уайымды Жайық толқынымен, қу баспен егіздейді. Кейіпкер жалғыз мына жалған дүниеде, өзен де жалғыз. Адамға тән мінез-құлықтың, әрекеттің табиғат құбылысына теліне бейнеленуі кейіпкердің көңіл күйін таныту үшін ең тиімді тәсіл боп тұр. Бұнда кейіпкердің жанын мұңдандырып тұрған – уақыттың өткіншілігі, сынаптай жүрдектігі. Жайық өзені – бүкіл әңгіменің өн бойындағы желі. Уақыт желісі, мезгіл желісі. Көне мифтерде табиғаттағы барлық зат пен құбылыстың иесі болады деген түсінік бар болса, осы түсінік ежелгі адамдар санасына рух түрінде сіңген. Жазушы мифтік санаға тән ойлау жемісін көркемдік бағытта өңдеп, өзенді де, бүкіл атырапты да сезімі бар, ойы бар объектіге айналдырған. Алғашқы қауым адамдары үшін «манайдағы дүниенің бәрі: аспан да, жер де,

тау да, су да, жұлдыз да – атам заманнан келе жатқан, өздері қалай өмір сүрсе, олар да солай тірлік ететін нәрселер болып көрінген» (*Қасқабасов С. Қазақ мифі және әлемдік мифология. Жұлдыз, 1998. №12, 155-б.*).

Жазушының көркемдік тәсіліне негіз болған – осы анимистік сенім. Оның мақсаты – көне мифтік ұғымды жаңғырту немесе түсіндіру емес, көркемдік-идеялық мақсат. Өзен – жанды кейіпкерге айналған соң ондағы күллі табиғат объектілері де жандандырылады, кейіптеледі, олардың бәріне де адамға тән көңіл күй, мінез телінеді. Су толқындарының әлдилеуін, мазалауын Жайықпен диалог арқылы бере отырып, су иесі су түбін мекендейді деген мифтік сенім елесін ойға оралтады. Мифтерде су иесі Сүлеймен туралы да желілер көп. Ақын осы түсініктерді пайдалана отырып, типтік бейнелеу әдісін тудырады. Табиғат объектілерінің рухы, сана-сезімі бар делінетін анимистік сенім, олардың иелері болады деген мифтік түсінік Р. Отарбаев әңгімелерінде оқиғаны, құбылысты, табиғат суретін, өз көңіл күйін мифологияландыру түрінде өрнектелген.

Көңіл күйді табиғатқа телуде суреткер кейіпкердің көңіл күйін басты назарда ұстайды. Р. Отарбаевтың «Жалғыздық», «Тоқтышақ», «Ыстықкөл» әңгімелеріндегі күн мен айдың суреттелуінен де көне анимистік сенім елесін көреміз. Ай мен күннің жаралуы туралы мифтерді С. Қасқабасов рух-иелік мифологияға жатқызады. Бұл екеуін кейде жасампаз қаһарман жаратады, кейде екеуі заттан немесе адамнан пайда болады (*Қасқабасов С. Қазақ мифі және әлемдік мифология // Жұлдыз. – №11. – 1998. – 169-б.*).

Адамнан пайда болғанда мифтік санаға тән мифтік құбылушылық салдарының жемісі болып көрінеді. Э. Тэйлордың көрсетуінше, табиғат туралы мифтердің анимистік негізі ғарыш денелеріне қатысты мифтерде айқын танылады (*Тэйлор Э. Первобытная культура. – М., 1939. – С.208*). Ал Р. Отарбаев туындыларында күн – өткіншілік символы,

күн – мәңгілік бастауы. «Ақ та, қызыл да, текетірес саясат та, тіпті Тамара сұлу да жоқ. Кеуденді күйдірген ащы мұңың мен тәтті үмітің де көзден ғайып», – деген жолдардан жазушы туындыларындағы философиялық тұжырым бой көрсетеді. Иә, күн мен түн алмасып, өмір заңымен ұрпақтар жалғасуда. Осыны неге ерте түсінбейді екенбіз? Жазушы оқырманға осындай ой салады. Жайық өзені де күн мен ай сияқты қызмет атқарып тұрғаны түсінікті. «Ей, аға, дүние жалған дейсіз, қате ойлайсыз. Дүние жалған емес, адам жалған. Дүние тұр ғой мәңгілік өсіп-өніп, жасарып, асқақтап. Адам өзінің опасыздығын, айнымалылығын соған жауып құтылғысы келеді». Бұл – сонау Ресей жерінде Теңге мұрт шалға кездескен жазушы жігіттің айтқан сөзі. Шынында да, мынау күн, анау ай, Жайық өзені – бәрі де ешқашан өзгермей, асып-таспай, Жаратқан Ие жүктеген қызметті атқаруда. Тек адам баласы ғана соны ұмытып кететін. Жазушы психологизмі де осында.

Ай мен күннің біреуі – еркек, біреуі – әйел, кейде екеуі де әйел, кейде ерлі-зайыптылар деп те айтылады. Оңтүстік Америкадағы ибоноби тайпасының мифі бойынша, ай – еркек, күн – оның әйелі болып айтылады. Күн бір күні аспаннан құлап кетеді де, орман өртенеді. Бірақ, теңіз суымен оның жалыны өшіріліп, орнына қайта қойылады (*Сонда, 208-б.*).

Көне мифтерге жүгінсек, бәрінде күн мен ай ежелгі заманда адам болып, жерде өмір сүрген. Кейіннен өздерінің ғажайып қасиеттерімен аспанға шығып кеткен немесе күнәлі болу салдарынан күн мен айға айналып кеткен. Көне мифтерге жүгінсек, бәрінде күн мен айдың әу баста адам болғаны айтылады. Мұның өзі – ай мен күннің жаны, рухы бар делінетін анимистік сенімге негіз болған мифологиялық ұғым. Табиғаттағы объектілердің барлығына саналы ойлау тән деген мифтік түсініктің өзі сол объектілердің адамнан пайда болуы туралы көне мифтер-

ден бастау алғаны дау тудырмаса керек. Бұл жерде тағы бір мәселені анықтау қажеттігі туындайды. Табиғаттағы барлық заттар мен құбылыстардың жаны, рухы бар деген түсінік мифтік сананың алғашқы кезеңіндегі табиғат пен адам тең деген мифтік түсінікке негізделген. Және де бұлайша түсіну не нәрсенің де пайда болуы адамның екінші түрге ауысуына байланысты делінетін мифтік түсінікке байланысты. Бірақ осы екінші түрге айналудың өзі сол теңдік заңымен сабақтас.

Күн мен ай туралы көне мифтерден бастау алған поэтикалық суреттемелер фольклорлық мұралардан көркем жазба әдебиетке дейін жалғасын тапты. Р. Отарбаевтың «Жалғыздық», «Ыстықкөл», «Қытайдан жеткен сәлемдеме», «Алтын» деп аталатын туындыларының қай-қайсысында да күн мен айды, өзенді өзіндік нақышпен, даралықпен суреттеуге маңызды орын берілген. Өзен бірде жазушы үшін үміттің нышаны болса, енді бірде арман мен мақсаттың бастауы. Жазушы шығармаларында Жайық өзені адамға тән саналы әрекетпен сипатталған. Суға, толқынға, күнге тән қасиет оның жарылқаушы, жақсылық, қайырым иесі болуымен ерекшеленеді. Ш. Уәлиханов күннің қазақтар ұғымында құрметке бөленетіндей құдіреттілік, қасиеттілік сипаты жоқ екенін атап көрсетеді (*Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – А., 1985. – 180-б.*). Бірақ отты киелі деп санаған сенім ежелгі халықтардың бәріне тән сипат екенін ескеруіміз қажет. «От – күннің жарықшағы» (*Древняя культура Центрального Казахстана. – Алматы, 1965. – С.291*). Күнді рух түрінде танудың бір негізі – оны тіршілік нұры деп қараудан туған наным десек, от – өмір, жылу, жарық. Р. Отарбаев туындыларында да дәл осы межеде танылған. Күн мен Жайық өзені көп жағдайда қиналған қысылшаң кезде үміт күтер нысанаға айналады. Күнді, ұлы өзенді, суды қастерлеу сенімінен туындаған нанымдар, оған қатысты ырым-тыйымдар суреткер туындыларында өз өрнегін тауып

отырады. Жазушы әңгімелерінен арагідік жанды рух түрінде бейнелене көрініп отыратын күн мен су бейнесі көбінесе кейіпкердің көңіл күйіне қатысты алынады. Табиғат Р. Отарбаевта тұтастай жанды кейіпкерге айналса, сол табиғаттағы әрбір зат пен құбылыс ақын назарына жанды, саналы объект болып ілінеді, яғни кейіптеу арқылы кейіпкерге айналады. Табиғатқа жан бітіріп, адам мінезін тели отырып жазушы сол табиғатты кейіпкердің көңіл күйімен жарыстыра бейнелейді, яғни кейіптеуге психологиялық параллелизмді сабақтастырады. Күн мен суды, өзен мен толқынды, айды назарға алғанда Р. Отарбаев көне мифтік санадан туындаған ұғымдардан мүлде алшақ кетпейді. Кейде оларды жарық сыйлаушы, өмір дарытушы күш ретінде көрсетсе, кейде жай қарапайым пендеге тән іс-әрекетпен бейнелейді. Жазушы су мен күнді, ай мен толқынды бейнелегенде халықтық дүниетаным аясынан ауытқымағанын да атап айту қажет. Түркілік танымда күннен гөрі айға деген ілтипат ерекше екеніне мифтердің өзі дәлел.

Келесі сөз айды қолдана отырып, психологиялық параллелизмге құлаш ұруы болмақ. Бұны жазушының «Жалғыздық» әңгімесінен байқауға болады. Кейіпкерге тән жан-дүние құбылыстары, ой-арманы, тілегі бүкіл табиғатқа көшірілген. Адам мен табиғаттың бірлігін парасат тұрғысынан пайымдау қаламгердің авторлық бет-бейнесін айқындайды. Табиғат пен адамды ажырамас егіз ұғым бағытында түсіну көне мифтік ұғымдарды көркемдік ойлау тәсілімен қабыстыруынан анықтала түседі. Жоғарыда өзіміз талдау өзегі етіп алған күн мен айды, суды, өзенді жанды кейіпкер бейнесіне жақындатуы – мифологизмнің көркемдік сипаты, автордың қаламгерлік даралығы – көне анимистік сенімді нысанаға ала отырып, кейіптеу тәсілін психологиялық параллелизмге ұштастырып, табиғи объектілерді ақыл-ойға, саналы әрекетке ие қылу. Суреткер

айтқандай, «кеңістікте өмір сүруші адам-жұмбақтың сырын ашу, таныту» мақсатына негізделген. Жазушы мифтік ұғымдарды ақыл-парасат деңгейін бейнелейтін бағытта ұтымды қолданып, өз туындыларына, оқиға мазмұнына, кейіпкер болмысына сіңіріп отырады. Көркем әдебиет туындыларындағы түрлі көркемдік тәсілдердің астарында ұлттық дүниетанымның жатуы заңды. Көне замандардағы адамдардың дүниетанымынан туындаған мифтік ұғымдар мен наным-сенімдер қазақ мифінде ғана сақталып қоймай, ұлтымыздың фольклоры мен классикалық әдебиетінде символға, көркемдік әдіске, метафораға, кейіптеуге, психологиялық егіздеуге айналғанын зерттеушілер ерекше атап өтеді (*Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы, 1984. – 80-81-бб.*).

Р. Отарбаев шығармаларынан келтірілген мысалдар бұл пікірді нақтылай түседі. Өзіміз анимистік сенімнің жаңғырығы деп қарастырған табиғаттағы заттар мен құбылыстарды жанды образға келтіру – мифтік ұғымның кейіптеуге негіз болғандығына дәлел. Р. Отарбаев суреткерлігінің бір қырын, бірегей дарынын даралай көрсететін бұл әдіс көркем шығарма құнын, танымдық мәнін арттыра түседі. «Табиғаттағы дүниенің бәрі бірдей деген алғашқы мифтік сана әлемдегі жанды және жансыз, өлі мен тірі нәрсені анық жіктемеуден туған. Бұл түсінік мифтік санаға тән анимизмді, яғни дүниедегі нәрсенің бәрінің жаны бар деген сенімді туғызса» (*С. Қасқабасов. Қазақтың халық прозасы. – Алматы, 1984. – 68-б.*), Е. Раушанов өлеңдерінен келтірілген мысалдар – бұл анимистік сенімнің жаңғырығы деп қарастырған табиғаттағы заттар мен құбылыстарды жанды образдарға келтіру мифтік ұғымның кейіптеуге негіз болғандығына дәлел. «Табиғаттағы дүниенің бәрі бірдей деген алғашқы мифтік сана әлемдегі жанды және жансыз, өлі мен тірі нәрсені анық жіктемеуден туған. Бұл түсінік мифтік санаға тән анимизмді, яғни дүниедегі нәрсенің бәрінің жаны

бар деген сенімді туғызса», табиғат пен адам бірлікте деген ұғымға тірелетін мифтік сана ұшқыны қаламгер суреттеуінде солай болуға тиіс заңдылықтай көрініп, оқиғаның қан тамырындай тарамдалып жатыр. «Көне мифтің көркем мифологияға айналуы және эстетикалық қызметі – ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін жүріп жатқан процесс». Тіл мен миф, миф пен образ (бейне) байланысы жайлы айта келіп, А.А. Потебня мифологияға көркемдік ойлаудың ішкі формасы ретінде қарайды (*Потебня А.А. Слово и миф. – М., 1989. – С. 256*). Миф өзі шыққан дәуірде көркемдік ойлау формасы қызметін атқарған жоқ. А.А. Потебня көзқарасын бүгінгі таңдағы әдебиет тұрғысынан дұрысқа шығаруға болады. «Мифтік сюжеттердің бергі замандарда басқа сипат алып, көркем фольклорға айналғаны байқалды», – дейтін пікірді ескере отырып (*Қазақ фольклорының тарихилығы. – Алматы, 1993. – 128-б.*), мифтік көркемдік ойлау жүйесінің ықпалын өзіміз сөз етіп отырған Р. Отарбаев шығармашылығы негізінде түсіндіруге болады. Көне мифтердегі затқа не құбылысқа табыну елесі қазіргі әдебиетте табиғат бітіміне, оның тылсымы мен сұлулығына тамашалай қараумен ұласады.

Қазақ халқы – философ халық, қазақта уақыт «бие сауым», «ет асым», «құрт қайнатым» деген сияқты оқиғаның табиғи ағынымен өлшенеді. Ал мәңгілік ұғымы санмен өлшенбейді, ол – сапа. Ол сандық бөлшектерге түспейді, сондықтан өлшемі жоқ. Уақытқа мүшел де өлшем бола алмайды. Мүшел адам ғұмырын ғана реттей алады. Үш бөліктен тұратын кеңістік пен уақыт – дүние үндестігінің іргетасы. Дүние үндестігі (гармониясы) – табиғат құбылысы мен әлеуметтік құрылыстың тепе-теңдігі. Яғни, табиғат пен адамның тепе-теңдігі, бірінсіз бірі жоқ болуы. «Тең – теңімен, тезек – қабымен». Оны бұзуға, дидарына кетік түсіруге болмайды. Табиғат парасатын өзгертуге бет алған әрекетке тыйым салынады. Бұзылса жаман болады. Қазақтың осы

түсінігі оның мәдени және адамгершілік бітімінің табиғат аясында қалыптасқандығының айқын дәлелі бола алады. Рахымжан Отарбаев туындыларынан да табиғат пен адам үндестігін, гармониясының тепе-теңдігін сақтау үшін шыққан жазушы жүрегінің азаматтық айғайын сезінеміз. «Жұлдызды аспан мен Жайық және тынбай жолаушылаған сары кемік бас бар» – табиғат пен адам үндестігі деген осы. Уақыт өтеді, тек кеңістік, яғни дүние дейміз бе, әлде фәни жалған дейміз бе, жоқ әлде дала дейміз бе – өз еркіміз, сол кеңістік қана өз орнында. Кеңістікте бәрі-бәрі өзгереді. Уақыт өтеді, уақытпен бірге оқиғалар, заманалар алмасады, жыл мезгілдері кезек ауысады. Құлазыған қу көңілдің бабын таба алмай, көңілінен жұрт көшкендей елегізген қаламгер жаны аласапыран толқынға қарап тұрып, көмейін қарыған ыстық өкінішті, әлде өксікті сезеді. Бұл, бәлкім, қайта оралмайтын күндерге деген сағыныш, бәлкім, болашақ күндерге деген іңкәрлік.

Уақыт пен кеңістіктің аясында ғана дүние үндестігі (гармониясы) жүзеге асады. Табиғат пен адам гармониясы болғанда ғана мынау әлемнің ажары бұзылмайды, дүние дидары сетінемейді. Көңілі құрғыр өрекіп, жеткен жерің осы ма дегендей әрі-сәрі күй кешсе, «Аспан асты, жер үстінде басы артық бақ та, сор да, байлық та жоқ екен. Жаратқан Ием бірінен жұлып алып екіншісіне беріп, жазған пендесін ақымақ қылып, әуре-сарсаңға түсіретін көрінеді. Бар-жоғы сол. Өмір деген бір елестің боямасыз өңін анық таныған Ол ашық мойындаудан қаймығып, үнсіз басын изеді». Иә, алған биігі, жеткен тауы жай ғана төбешік болып шығып, алдынан жеткізбей қойса кімнің көңілінің хошы болар дейсің. Осы бір сезім жер басып жүрген пенделердің бәріне тән болғанмен, сезімтал қаламгер жаны сол үшін шырқырайды. Шарқ ұрып жоқты іздейді. Сана түкпірінде тығылған алғашқы сезімдер, жалт берген, жеткізбеген армандай бір бейне соншама алыстығымен де, соншама жүрекке жақындығымен де жаныңды өртейді.

Р. Отарбаев – қазақы тәрбие-тағылым аясында өскен. Дәстүрлік қазақ ұғымын санаға сіңіріп өскен суреткер. Сондықтан да табиғатпен рухани үндестікті сақтауды бүкіл жан дүниесімен құптайды әрі туындыларын да сол табиғат пен адамның рухани үндестігіне сай жазады. «Жайық жыры» әңгімесіндегі Теңге мұрт шал – Тайжанның Никита Максимович алдындағы күнәсі Жайықпен сырласуынан көрініс тапқан. Бір кездегі ақтың офицері Никита Максимович қазір ресторанда жұрттың көңілін көтеріп, қайыршылықпен нәпақа тапса, оның көшір баласы Тайжан – Кеңес армиясында жоғары әскери шен алған, өз заманындағы тасы өрге домалаған жан. Алайда, жылдар өтіп, қартайған сайын өзі зарлатып, тағдыр мазағына қалдырып кеткен Никита Максимович елесі оны түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айырады. Сол үшін де Жайық жағасына келіп, толқынмен сырласады. Ол мұнды жер басып жүрген екі аяқты тірліктің құлдары түсіне алмайды, түсінгісі де келмейді. Оның мұңы – дара мұң. Суреткерге ғана тән мұң. Сонымен бірге, Жайық өзені бұл жерде символ ролін атқарып тұр. Жайық өзенінің образы әңгіме архитектурасын бекітіп, шығарманың басқа бөлшектерін бірлікте ұстаушы құрсау ролін де атқарып тұр. Күні-түні тынбай ағып, кәрі Каспийге құйып жатқан өзен – кейіпкер көңілінің жұбанышы, сырын айтар жалғыз «қарасы». Бұл дәстүр қазақтың қара өлеңінде де кездеседі. Р. Отарбаев та ауыз әдебиетінен сусындаған, халық өнерінен тағылым алған талант болғандықтан өз туындыларының философиялық түйініне үнемі көне қазақы ұғымды негіз етіп алады.

Қазіргі қазақ прозасындағы этикалық, эстетикалық, философиялық зерде мен психологиялық параллелизмнің бір арнаға тоғысып, күрделі мазмұн бірлігін құрайтынын жоғарыда айтып өттік. Қазақ халқы үшін су – тереңдік, өзен – өмірдің өзі де еді. Осы далада өткен әрбір табиғат құбылысы қазақ өлеңінің назарынан тыс қалмаған.

Халықтың табиғатпен байланысынан, табиғат құбылысын түсінуге тырысқан ойларынан кейбір философиялық мәні бар ұғымдар туған. Табиғатқа, қоршаған ортаға дәстүрлі көзқарастың идеялық өзегінен: 1) жеке заттарды киелеу (фетишизация: аттың қылы, үкі қауырсыны, бөрі тісі); 2) жандандыру (анемизм, демонология – албасты, Қыдыр, Ғайып ерен қырық шілтен, Баба Түкті Шашты Әзіз, көл иесі, шөл иесі, мал иесі); 3) кез келген құбылысты, затты тірі санау (гилоизм); 4) табиғат құбылыстарын кейіптендіру; 5) оларға адам пішінін телу (антропоморзация); 6) кісілік, адамдық мінез дарыту (антропопатизация); 7) дүние мен адам әулетінің шығу тегіне биологиялық сипат таңу (тотемизм); 8) бар дүниені әлеуметтік заңдылықтарға ұқсас қарау (социализация) секілді ілкі замандарда халық басынан әр буыны қадау-қадау жеке дәуір боп өткен танымның толысу сатыларының мұраттары белгі беріп отырады. Осы аталмыш құбылыстар жиынтығы ғылымда танымның мифологиялық немесе әфсаналық кезеңі деп аталады. Мифологияны көне дәуір философиясы деп санасақ, халықтық пайымдау жүйесі – осы мифология мен философия арасын жалғастырушы дәнекер. Философия – мифологиядан пайда болған, демек, халықтың таным ақпараты, мифологиямен де, философиямен де байланысты. Ал біз зерттеп отырған психологиялық егіздеу – табиғат құбылысы мен адам көңіл күйінің үндесуі (гармония). Сонда мифология мен философия көркем әдеби туындыға терең мазмұн берсе, психологиялық параллелизм берілген ойды, шығармадағы философиялық тұжырымды табиғат дидарымен байланыста көрсетеді, тереңдете түседі, тың ой, соны идеяны қосады. Әңгімедегі философиялық түйін мен психологиялық егіздеудің өзара үндесуі – қақтың көркем дамуының тарихи тағдырын танытудың да кілті.

Мифтік таным дәуірі қанша созылмалы болғанмен өткінші дүние екені тарихтан белгілі. Оны танымның ақыл мен білімге негізделген «жаңа» дәуірі, яғни рационалды

ойлау немесе «ақылдылық» дәуірі жеңіп, өрелі тұғырынан тайдырады. Алайда мифтік сана бұдан кейін де тіршілік етуін доғармайды. «Жаңа» мен «ескі» ұзына дәуірлер бойы үзеңгі қағыстырып қатар өмір сүреді. Тіпті әбден дағдарысқа ұшырай бастағанда мифологиялық мұралар ұлттық өнердің айшығына, бояуы мен көркемдік ажарына айналып кетеді. Дәстүрлі қазақы ұғымда жеке заттарды киелеу (үкі тағу, жалғыз ағашты киелі санау, бөрінің тісін алу, т.б.), оларды жаны бар нәрсе (гилоизм) ретінде санау бар деп айтып өткен болатынбыз. Енді рационалды ойлау немесе ақылдылық дәуірінде жаңағы киелі деп санаған үкі қауырсыны, бөрі тісі, өзен, су толқыны, қу бас мүлде басқа, тың мағына иеленіп, ұлттық өнерден, әсіресе қазақтың көркем әдеби туындыларынан көрініс береді, осы дәстүр, яғни он сегіз мың ғалам құбылыстарын, әлемдегі жекелеген заттарды пір тұту, табыну, киелеу дәстүрі қаламгер туындыларынан көрініс тауып, осы қоршаған ортаның тылсым құбылыстарымен немесе табиғаттағы киелі деп саналған жекелеген заттармен өз көңіл күйін, көңіл пернесін қатарластырып, егіздеп, үндестіріп суреттеу мифология, философия ұғымдарымен психологиялық егіздеудің бірігіп, жаңа көркемдік айшық табуын көрсетеді. Р. Отарбаев «Жайық жыры» әңгімесінде адамның туған жерден іргесін бәрібір бөле алмайтынын осылайша дәлелдеген.



ЖАН ДАУЫС

Жазушы Рахымжан Отарбаевтың «Американың ұлттық байлығы» әңгімесін оқығанда оқырман жан дүниесінде аласапыран сезімдер мен шарасыздық, түңілу, басқа да сезімдер өзара шарпысатыны ақиқат. Себебі, жазушы бүгінгі күннің шындығын жазған. Және қандай шындық?! Күлдіріп отырып жылататын, жылатып отырып еріксіз езу тарттыратын, өзегінді өртеп күрсіндіретін, «қаштықуды дүниенің» жалған болмысынан еріксіз астар іздеуге жетелейтін шындық.

Мұны жазушы Д. Гранин: «Қоршаған сыртқы ортаны қорғаумен бірге адамның жан дүниесін – ішкі әлемін де қорғау мәселесі қоса туындап отыр», – деп орынды түсіндіреді (*Гранин Д. Два крылья, Правда, 1978, 29 мая*). Өмірлік шындық пен көркемдік шындықтың орнын көркем ой тұжырымы алмастырып, мүлдем тосын әрі өте күрделі «ішкі тақырып» деген ұғымды қалыптастырады.

Рахымжан Отарбаев – әлемдік әдебиеттің тың толқынының қатарында «ішкі» және «сыртқы» тақырыптарды меңгеріп, адам санасының табиғатпен екі арадағы «екіге жарылуын» (раздвоение личности) өз туындыларында сәтті қолданып жүрген жазушы. Оның соңғы жазған әңгімелерінің өн бойынан романтизм, реализм, натурализм, символизм бағыттарының ұшқындары нышан танытады.

Жазушының әңгімелерінде табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынас әр түрлі жағдайға байланысты сан қырлы оқиға желісі арқылы қарастырылған. «Мәңгілік мәселені» көтерген жазушының көркемдік әлемін түсінудің негізгі шарттарының бірі – оның ішкі тақырыбын табу болып саналады. Бұл ретте осы тақырыпты зерттеп жүрген сыншы Г. Беляя: «Жазушының көркемдік әлемінің өзіндік ерекшелігін танудың басты жолы – жазушы творчествосындағы оның өзі тапқан, тұрақты түрде оралып отыратын «ішкі тақырыбын» дөп басып, суреткерді толқытқан өмірлік мәселелердің бірлігін тауып алу керек. Сол арқылы оның көркемдік әлеміндегі «ішкі тақырыпты» негізге алып, соған табан тірей отырып, талдауға мүмкіндік туады», – деп жол көрсетеді (*Беляя Г. Литература в зеркале критики. – М. – Стр. 226*). Осы пікірлерді басшылыққа ала отырып, Рахымжан Отарбаевтың «Американың ұлттық байлығы» әңгімесіне талдау жасаған едік. Әңгіме психологиялық шегіністен басталады. Қошалақ құмында бар өмірін өткізген аңшы Қапардың өткен күндер естелігіне ойша оралуы, әкесі – «шегір көз ақшұнақ шалдың» көзіндегі, атадан балаға мұра боп қалған дара ауыз мылтығын ысқылай отырып, қайтып келмес күндерді көңіл елегінен өткізуі нанымды баяндалады. «Даладағы аңды қорасындағы малдай көріп жүріп дәулет те жинамаған» осынау ақшұнақ шал бейнесі мәрттігі, дархан көңілі арқылы бүгінгі жан дүниесін кірлетіп, сүргін күндердің құлына айналған жандарға ой салар іспетті. Атабаба жолынан таймаған, даланың жазылмаған заңына адал, қанағатшыл, жомарт қарт – көшпелі ғұмыр кешкен дала ұлдарының соңғы тұяғы дейтіндей-ақ адам. Қапардың жан дүниесіндегі өткен күндерге деген сағыныш, ата-анаға деген перзенттік махаббат психологиялық шегініс арқылы нанымды баяндалады. Соңы – өкініш, алды – үміт мынау жалған дүниені ұстап тұрған да сол бір қасиетті сезімдер екенін

іштей түйсінеді оқырман. Қошалақтың құмында жалғыз үй отырған аңшы кірбіңге толы күндерді ұмытып, жастық шақтағы албырт та аңқау қылықтарына әрі сүйсіне, әрі сәлпәл ұяла күлімсірейді. Сөйтіп, ата-ана алдындағы парызым ақталды ма, маған олардың рухы риза ма екен деген ойларға беріледі. Оқиға күтпеген жерден шиеленіседі. Апақ-сапақта, екі кештің ортасында ымұрт қараңғылығын жамылып келген суыт жүрісті қонақ Жетес еді Қапардың тып-тыныш өмірінің әңкі-тәңкісін шығарған. Үнемі сайлау болатын болса сабылып, жұртты олай үгіттеп, былай үгіттеп аласапыраннын шығарып жүретін бұл жігіттің қылығы қыр адамына таңсық екені рас. Ол туралы: «Бар жаһанның жаңалығын аузына тістеп жүретін», – деп шеберлікпен суреттейді жазушы. Әйелі Қадиша аудан орталығында оқитын балаларына кеткендіктен үйде оңаша қалған Қапар аңшы алдына асын ала бергенде сайтанның сапалағындай сарт етіп, оқыстан кіріп келген Жетеспен екеуінің диалогі арқылы оқиғаны өрбіткен жазушының ауызекі әңгімеден-ақ сөйлесіп отырған екі адамның мінез-құлқы мен өмірлік ұстанымын, жеке бас қасиетін аңғартатыны өте бір шеберлік десе де болғандай. Ауыл арасына тән өсек-аяң мен қаңқу сөздер, «саясатшысымақ» Жетестің алыпқашпа әңгімесінен сөз Қапардың кәсібі аңшылыққа қарай ойысқанда-ақ оқиға өз-өзінен шиеленісіп жүре береді.

Мәселен: «—...Ал, аң қалай, қанды ауызыңды сайлап отырсың ба?

– Шибөрі күн бермей тұр, – деп малшылар зар жылайды. Әуселесін көрейін деп отырмын.

– Шибөрі?

– Иә. Он шақты жыл болды ғой Қошалаққа сондай бір мақұлықтың бауыр басқанына...

Жетес жантайып жатқан жерінен қопарылып түсіп, көпшігін іргеге қарай лақтырып жіберді.

– Шибөрі? – деді тағы да, күлгені ме, жыламсырағаны ма, беймәлім, жүзі әлем-тапырық боп. Қарашығы маңып-маңып барып орнын әрең тапты».

Осы үзіндіден-ақ бір адам сенбес оқиға болғалы тұрғаны қылаң беретіндей. Жалпы, Жетес бейнесі – типтік образ. Қай заман, қай қоғам болмасын өз Жетесі болатыны ақиқат. Болмайтын нәрсені болдырып, сенбейтінге сендіріп, қара аспанды төндіріп жүретін Жетес сынды кулардың қашанда аңқау да адал жандарды өз жемтігі қалатыны тағы рас. Адамдарды бір-біріне айдап салып, олардың ұрыс-керісінен ләззат табатын, «Екі бүркіт таласса, құзғын қарғаға жем түседі» дегендей, сайлау науқандарында алаөкпе боп жүгіріп, түймедейді түйедей, жоқты бар қылатын бұндай кулардың шолақ белсенді болып, шаш ал десе, бас алатын, саясатпен, қақ-соқпен ісі жоқ былайғы халықты алдап-арбап күнелтетін қалпын Қапар мен Жетестің диалогынан аңғару қиын емес. Міне, сол қу енді айдалада жалғыз үй отырған аңшыға да бір лаңды салып кеткелі тұр. Жазушы бұл жерде өзінің қазіргі ауыл тұрмысын, ауыл адамдарының психологиясын жақсы білетінін аңғартқан. Өтпелі кезеңдегі ауыл тұрғындарының иығына түскен ауыртпалық, нарық саясатына бірте-бірте бейімделіп келе жатқан қыр қазағының мінезіндегі өзгерістер мен күйзелістер жазушы қаламынан тыс қалмаған.

Осының бәрі бір ауыз сөз арқылы көрініп тұр. Оқиға одан әрі өрбиді: «– Ау, ау, айдың-күннің аманында ұлттық байлыққа мылтық кезеніп не көрінді, Қапеке-ау? Сорың шындап қайнаған екен!» Дәл осы әңгімеден кейін манадан бері шынжау сарының қылығын қылжақбастық деп санап, күліп отырған аңшының жүзін үрей жайлай бастайды. Үрей жайламай қайтсін?! Тағы да сол шынжау сарыша айтсақ: «Ендеше, бұл – сонау Американың ұлттық байлығы боп мақұлданған мақұлық» боп шықса! Оның үстіне

тағы да сол Америка деген ел мұхиттың ар жағында жатып ап, «өзіңді отырғызып қойып, құйрығыңның астынан мұнайынды жым-жылас қып сорып кетіп жатқан жоқ па, мұнайынды! Өй, қазақ, соны неге ойламайсың?!» Қорықпай қайтсін, бұл Америка деген ел «шырылдауық шегірткені де ұлттық байлық көреді. Көзінің қарашығындай күзетеді. Тәрбиелейді. Ілуде бір құндыз бөрік киіп, түлкі жаға салып, сайрандап жүргендерді көрсе, бітті, табан астында сотқа береді» екен. Әлбетте, жазушы бұл сөзді Жетестің аузына тектен-тек салып отырған жоқ. Астарында түсінген адамға үлкен философиялық толғам жатыр. Осы шынжау сары іспетті жандайшаптар барлық ауылда да бар. Әр түрлі кейіпте, бірақ тірліктері бір. Тыныш отырған жерге іріткі салу. Алайда оның айтқанының бәрі бірдей құр сөз, лақпа даурығу емес. Ішінде жанды мәселелер де бар. Осы арқылы жазушы ауыл адамдарының саясаттан хабарының қандай екенін білдіреді. Жетес айтты демесеңіз, шетелден келген инвесторлардың болымсыз ақшаға жер қойнауындағы қара алтын – мұнайды әкетіп жатқаны, қыл үстінде тұрған экология мәселесі күн тәртібінде екендігі тағы ақиқат. Бірақ оны құр сөзбен айту жеткіліксіз, ол үшін: «Кәтепті қара нар керек, біздің бүйткен бұл іске», – деген Махамбет сияқты жазушының іштегі зарын оқып отырып, түйсінуге болады.

«– Қалың жыныс ішінде, әр шоқалдың түбінде өріп жүрген мақұлықтың есебін айдалада отырып қайдан білген?

– Надандық, сені қайтейін?! – деп Жетес ежірейіп, ішкі қалтасынын әлгі төрт бүктеулі қағазын қайта суырып алды. – Космостан! Сенің бәшпайыңның қимылдағанына дейін төбеңнен үңіліп, айнадан көріп тұр. Бар байлығын хаттап-шоттап отыр...» Осындағы «Надандық, сені қайтейін?!» деген қайталаудан оның Қапарды қомсынушылық сезімі, өзіне-өзі разылық сезіледі. Осы диалогтан кейін-ақ бас кейіпкердің жан күйзелісі басталады. Жазушы кейіп-

кердің өз-өзімен сөйлесуін, өз мұңын айналадағы табиғатпен тұтастықта сезінуін шеберлікпен баяндайды.

Қапар аңшы – жалғыз. Айдалада, Қошалақтың құмында отырған ол қоршаған ортаны, табиғатты өзінен бөліп қарамайды. Қашанда кейіпкердің мұңына, қуаныш-қайғысына Табиғат-ананы ортақтастырып, Табиғат пен адам үндестігін паш ету арқылы терең философиялық тұжырымға жетелейтін, психологиялық егіздеу арқылы кейіпкер жан сарайындағы алуан түрлі толғаныстарды оқырман алдына жайып салатын автор «Американың ұлттық байлығы» әңгімесінде өзгеше сюжеттік шешім тапқан. Әңгіменің композициялық құрылысының ерекшелігі оған күрделілік пен астарлы мағынаны үстемелеп тұр. Түсінде «Саддам Хусейнмен бірге Қошалақтың ақ шағылының арасында қашып жүрген» Қапардың жан дүниесін жайлаған мазасыздық пен үрейді осы бір-ақ сөйлем арқылы аңғаруға болар. Табиғат та бұның жанын түсінгендей. «Наурыз кеп сүре қардың көбесі сөгілгенмен, кемпіршуақ селт еткізер емес. Ауада шыңылтыр аяз бар». Қапардың да жан дүниесінде алақұйын боран жүріп жатқандай. Осындағы ең бірінші назар аударатын мәселе – бүгінгі қоғамдағы адам өмірінің құнсыз екендігі. Ең арғысы, шибөрінің де жоқтаушысы болуы мүмкін. Ал адамды жоқтайтын, қиналғанда қол ұшын созатын пенде бар ма? Жоқ қой, жоқ! Айналада құқы тапталған, сорлаған қазақ. Жұмыс таба алмай сандалатын да сол қазақ. Өз елінде, жерінде тұрып не күн туды сонша бастарына? Неге тәуелсіздік пен егемендік сөз жүзінде ғана бар? Қарапайым ауыл адамдары соны неге сезінбейді? Осыншама жауабы жоқ сұрақтарды көлденең тартқандай болады суреткер. Екінші мәселе – қазақтардың шабандығы, тып-тыныш өмірін бұзғысы келмейтін қалпы. Ұйқыда жатқан іспетті. Автор Жетестің келуімен бірге бұзылған аңшының бұрынғы бұйығы өмірі туралы суреттей

келіп, қоғамды өзгертетін ең бірінші адам екендігін мегзеп көрсетеді. Өз ойымен өзі арпалысқан Қапардың сүйеніп, тілдесетіні – табиғат. Бас кейіпкердің ішкі монологі арқылы болған жәйтті оқырман алдына жайып салады жазушы. «Қан-сөлі тамып тұрған етті көміп тастауға қимай итаяққа сүйей салған. Құтжол шоқ басқандай ыршып түссін. Қыңсылап қыр асып қашып, үй маңын көрмей жүріп алды. Жеті қазынаның бірі ғой, ит те болса бір жаманатты сезген-ау», – деген жолдар арқылы Жетес қудың айтқанына сеніп, өз-өзінен үрейленіп жүрген аңқау қыр қазағының жан әлеміндегі күйзеліс пен өкінішті тап басып тануға болар. Бейімбеттің Мырқымбайы еске оралады. Ішің удай ашып, бас кейіпкерді аяйсың, аяп отырып күлесің, күліп отырып ашынасың. Басқаның емес, өз жерінде отырып соншама мазақ болатындай не көрінді? Бұл жерде адам мен табиғатты қанаттастыра суреттеген жазушының күрделі психологиялық иірімге құлаш ұрғанына тәнті болмасқа амал жоқ. Сонау мифологиялық танымнан бастау алған көріктеу құралының бұл түрі адам мен табиғаттың бауырластығын дәлелдейді. Төңірегіне көз жіберіп аңдай отырып, адам әдетте кеңістік пен уақыт қатынасынан тыс, тіпті өмір сүруі мүмкін емес кәдімгі жаратылыс құбылысымен жүздеседі. Біз қарастырып отырған әңгімеде де бас кейіпкер – аңшы өзінің ішкі мұңын табиғат дидарымен табыстырады, әрі қарай кеңістік пен уақытқа жол тартады. Кеңістік пен уақыт – адам жанарымен шолып, жанымен сезіне алатын алуан сырлы жаратылысы бар өзгеріс, құбылысымен өзара сабақтастырып жатқан ұшы-қиырсыз шексіздік. Көркемдік таным үрдісінде ұзын ырғасы уақыт, кеңістік шамасымен өлшенетін сезімдік – көрнекі табиғат дүниесі әдетте барлау, байыбын аңдау, қадағалау арқылы біртұтас, бірегей болмыс көрінісі ретінде қабылданады. Көркемөнердегі жаратылыс, табиғат – қашанда кейіпкердің көңіл күй қатынасымен ғана

жүзеге асатын, өзара іштей табысқан бейнелік, сезімдік-эсерлік ұғымдық тоғысы (синтезі). Табиғат мәнін, қадір-қасиетін танытын Қапар аңшы өзінің де сезімталдық, зиялылық парасатын әжептәуір айқындап береді. Көркемдік таным сезіммен бірге ақыл иесінің дүние құбылысын бағалау, саралау қатынасын да қамтиды. Таным нысанасы ретінде әдетте адам санасында, көркемдік ойлау жүйесінде табиғат үлгісі (қалыбы, моделі) қалыптасып, тікелей сезім эсерімен ғана ол шын мағынасында сұлулық бейнесіне айнала алады. Алайда қайсыбір эстетика мамандары сезімнің көбіне дәл осы дүниетанушылық қызметін жоққа шығаруға тырысқан. Қазіргі заман неопозитивистерінің бірі Сьюзан Лангер көркемөнерді әркімнің өз жеке ұғым-танымынан туатын (субъектілендірілген) табиғаттың хақ көрінісі деп бағалап, жаратылыс құбылысы тек ішкі сезім түрлерінің сұлбасы деген қорытындыға келген. Лангер түсінігі бойынша, рухани эсерлену қатынасы адам рухының өз қалауын жүзеге асыратын суреткер көзқарасының ажырамас бір құрамы боп шықпаған. Қайта, керісінше, ақиқат (объективті) жаратылыс әлемін ығыстырып, оны эсерлену шамасының өзі-ақ біржола алмастырып жібереді. Дүние сұлулығын игерудің маңызды саласы психологиялық егіздеу үлгісінде түрлі түсті, жасанған жаратылыстың жалпы көрінісі ғана емес, табиғат байлығының, адам қасиетінің сезім қылын шертер ең нәзік тылсым тұңғыықтарына дейінгі бүкіл жүрек дірілі, жан жылуы жан-жақты көрініс табуына мүмкіндік мейлінше мол. Белгілі бір табиғи жағдайларға орай адам сезімі, қуаныш-сүйініші, көңіл күйі көрінетіндіктен психологиялық параллелизм қашанда эсерлі (эмоциональды) болуға тиіс. Осы көріктеу өнерінің бар қиыншылығын, жауапкершілігін тек адам сезімі мен көңіл күй қалтарысына барынша тереңірек барлау парызынан іздеген жөн. Ал шындығында психологиялық егіздеудің өзекті желісі – сезім

тудыратын табиғат пен адамның көңіл күйі. Көркемөнерсіз-ақ ол адам көңіл күйінің қуаныш-қайғы сияқты әр қилы жағдайымен ұқсас қызық бір мінездер байқатуы ғажап емес. Адам әдетте өз мұны, өз қуанышымен үндес табиғаттың осындай әр түрлі ғажайып көріністерінен қуат алады. Көркемдік таным аясында мейлінше маңызды қызмет атқаратынын аңдау, әр нәрсенің байыбын барлау қарекеті тек әсерленген көңіл күй бабын емес, сонымен бірге саналы түрде терең сезімталдық қасиетін де аңғартып тұрады. Суреткер әрекетінде әдетте сол саналы ой мен сезім бауырласады да, табиғат кескінінің күллі ою-өрнегін нұрландырып, өзекті арқауға айналып кетеді. Олардың бұл өзара астасқан тас түйін жарасымы — бейнелі дүние таным-тіршілігінің өзіндік ерекшелігін айқындайтын негізгі белгілердің бірі. Осы тұрғыдан қарастырғанда аталмыш әңгімедегі Қапар өзін табиғаттан әсте бөліп қарамайды. Қандай жағдайда да өз сезімін қоршаған ортамен байланыстырып, мұңын да, сырын да соған айтады, қуаныш-қайғысын да анау аспан, мынау жер, алтын күн, күміс аймен бөлісетін жан. Сонымен қатар, цивилизациядан оқшау, қайнаған тірлік қазанынан алыста жатқандықтан жан дүниесі таза, баладай сенгіш, аңқау. Қазақ халқының сонау ғасырлар қойнауында жасырынған, есте жоқ ескі замандардан бері сақталып келе жатқан салт-дәстүрі мен қонақжай, кеңпейіл қалпын да бұзбай таза сақтаған. Бірақ сол адалдығы мен аңқаулығы өзіне сор боп жабыспаса нетсін?! Осыны әріден тұспалдаған суреткер тақырыпты ашу үшін қажет жерінде ащы шындықты улы мысқылмен (сарказм) жеткізген. Мәселен, Жетестің сөзінен бойын қорқыныш жаулаған аңшының әкесінен мұра боп қалған мылтыққа қарамай көзін алып қашуын, Астанадағы балдызы мен әйелі Хадишаның сөздерін есіне түсіріп, бәрінен астар іздеп қарадай қуыстанып, өз-өзінен басына қара аспанды төндіруін уытты

мысқылды қолданып суреттейді. Тыныш отырған Қапардың жан дүниесін аласапыранға түсірген Жетес қалай ойда-жоқта келсе, солай таң сәріден аттанып кетіпті. Сайда саны, құмда ізі жоқ, елді алатайдай бүлдіретін осындай шолақ белсенді, өтірік ұраншылар екенін де үгітші боп, Горбачевқа дауыс беруге елді үгіттеп, одан Ельцинге жағынған қалпын шынайы әрі сынай отырып оқырман назарына ұсынады. Сөйтеді де: «Қойнынан қағазын жылтындатып қоймап еді, бұған да тықыр таянған да...» – деп ащы мысқылмен бір түйреп өтеді. Бұл – Қапардың ішкі дауысы. Жан дауысы. Не істерге білмей, әбден шарасы таусылған аңқау да момын, шаруа баққан аңшының анық ділгірген қалпы. Өз-өзінен үрейленіп, қорқыныш бойын жайлаған аңшы бір мезет кімнен пана табарын, көмек сұрарын білмей аңырады. Сөйтеді де шибөріні атқан кезін көз алдына елестетіп, одан сайын қара аспанды төндіреді. Мәселен: «Қызыл тайыншаны қамаған шибөрі көздеп атар кезде тым құрығанда қасқырмен қарсақтай жалт беріп жоғалмай, қасқайып тұра берді-ау. Тек «мяу» деп дыбыс шығарған. Бұл «Әй, Қапар, әліңді біл, құмырсқа, жолынды біл» дегені-дағы. Артында Америкадай елің тұрса, келсең кел деп қасқия қалмағанда қайтеді?!»

Дәл осы жолдар оқыған жанға еріксіз езу тартқызатыны сөзсіз. Бірақ әрі қарай ішті ит тырнағандай боп, өкініш пен ызаның қоршауында қалары тағы ақиқат. Оқиға кейіпкердің жан күйзелісі, табиғатпен мұңын бөлісуі арқылы ширығып келіп, шегіне жетеді. Оқиғаның шарықтау шегі – аңшының барар жер, басар тау таппай: «Қорықтым Құдайдан, қайттым райдан», – деп бата жасауы, «өлейін десе жан тәтті, кірейін десе жер қатты боп торығуы». Аудан орталығына кеткен әйелі Қадишаның жағасына шибөрінің терісі жапсырылған пальтоны киіп кетуін де жаман ырымға жорып, соңынан бар дұшпанды малдай маңыратып келеді деп оған да

кіжінеді. Осының бәрін жасап, алашапқынға қалдырған Жетесте ісі де жоқ. Оқиғаның шешімі де аяқ астынан келгендей. Қораның төбесіне шығып жан-жағына көз тігіп, не істерін білмеген Қапардың екі қолының астында жатқан шибөрінің екі басын көруі. Тұла бойы ток ұрғандай қалшылдап, кімнен көмек күтерін білмей, сансыраған жанның шарасыз халі. Жаны қысылып, айдау жолға қайта қарап, Қадишаның «қаракермен лекітіп келе» жатқанын көреді. Ескі пальтоның жағасы «қызыл шоқтай жайнайды». «Жаға емес, шибөрі мойнын айналып аласұрып жүгіріп жүргендей». Осыдан-ақ кейіпкердің жан сарайының алай-түлей қалпы хабар береді емес пе? «—Алламау, — деді амалы таусылған аңшы үні тозып, мұржаға сүйене кетіп, — шәуілдеген жаман шибөрі Американың ұлттық байлығы болсын. Мен сонда Қазақстанның кімімін? Өкпеге тебер өгейімін бе?» — дей келіп: « — Бұл ел — ел ме, әлде ашық-тесік жатқан мал қора ма?» — деп таусылуы әңгіменің нүктесін қойғандай. Шындығында шетелдік инвесторлар, миссионерлер, саудагерлер қаптап жүрген Қазақстанда өгейлік көріп жүрген де өз қазағымыз. Осыны жазушы табиғат пен адам жан дүниесін шарпыстыра отырып жеріне жеткізе айтқан. Бүгінгі күннің көкейтесті сұрағы да осы, яғни адамның, жеке тұлғаның құнсыздануы. Шибөрі ғұрлы сұрауы жоқ сорлы қазаққа кім араша түсер? Көлгір қоғамның көр бетін қызуымен күйдірген шындық туын кім желбіретер? Адам жанының дәл осылай жанұшырып, ешкімнен қолдау таппаған күйіне кінәлі ең алдымен пенделердің өзі. Қара басының қамымен, күйкі тірлік тертесіне жегіліп, құлдық қамытын кигендердің өзі немқұрайдылығымен қоғамды осындай күйге жеткізгені ақиқат. Адам жанынан гөрі материалдық игілік құнды екені де бүгінгі күннің ащы шындығы. «Бір құлағын қылтитып», мынау жалғанды қимағандай «жез легендей жылтырап»

тұрған батар күн де аңдағанға көп мәселені аңғартатыны даусыз. Негізгі тақырыбы етіп адам жанын, адамның жан дүниесін қорғауды көтерген жазушы бүгінгі күннің дертті мәселесін, толғақты жайын дөп басқан. Қазіргі заман үшін келмеске кеткен құндылықтар, ата-баба дәстүрі мен салты, адалдық – бәрі де сонау ақшұнақ шалмен бірге келместін кемесіне мінген іспетті. Осы арқылы өзі суреттеп отырған өмір құбылысына көзқарасы, яғни қаламгер идеясы көрінеді. Ол өте күрделі де өзекті. Өйткені адам тағдырына, туған жер келешегі мен ұлт болашағына, тіпті тәуелсіз елдің ертеңгі күніне алаңдаушылық басым. Жазушының тілі шұрайлы, әңгіме негізінен астарлы мағынаға құрылған. Бүкіл әңгіменің өн бойында улы сарказм, ащы мысқыл қанаттасып жүреді де отырады. Философиялық түйінге келу үшін психологиялық егіздеуді қолданған автор кейіпкер жан әлемін ашуда тың әдістерге барған. Сарказм мен психологиялық егіздеуді қатар қолданады. Архаизмдар мен диалект сөздерді де орынды пайдаланған. «Сүрі шеге», «оқшантай», «кемпіршуақ», «имекбас жез құман» деген архаизмдер соның дәлелі.

Мына жалған дүние кімнен қалмаған, ел ішінде отырып, жоғынды жоқтар адам таба алмай қиналу, ертеңгі күнге сенбеген қарапайым адамның психологиялық күйзелісі шығарманың құндылығын арттыра түсері сөзсіз. Рахымжан Отарбаевтың «Американың ұлттық байлығы» әңгімесі осымен де құнды. Сомерсет Моэмнің: «Әңгімені еш нәрсе қосуға да, алуға да болмайтын етіп жазу керек», – деген сөзіне аталмыш әңгімені оқыған оқырманның да, біздің де еш қосып-аларымыз болмаса керек.



МҰҢДЫ ӘУЕЗ

Бүгінгі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, қазақ прозасында өзіндік орны бар жазушы Рахымжан Отарбаевтың «Бәйтерек» әңгімесінің тақырыбы – қалмақ шапқыншылығы, «ақтабан шұбырынды, алакөл сұлама» атанған кезең. Идеясы – шапқыншыларға қарсы күрес, азаттыққа, бостандыққа, отансүйгіштікке үндеу. Жазушы сол бір күрсінісі мен наласы көп шерлі заманға мойын бұрып, ғасырлар қойнауында қалған ақиқатты сары майдан қыл суырғандай етіп, шым-шымдап жеткізген. Шындығында, кәрі шежіре көкірегінде жатқан салқар даланың қайсыбір сырын біліп жатырмыз дейсіз? Әжімді жылдар тасасында қалған тарих құпиясын санаға құйсам деген ұрпақ болса, оның бізге айтар сыры мен жыры мәңгі таусылмас-ау... Жазушының «Бәйтерек» әңгімесін оқығаннан кейінгі қамалаған ойлардың дені осындай еді. «Жусан мен шағыр басы бүрісіп, көгі қашып, сояуы көрініп қалыпты. Аспанда бұлт желіндемей қырық күн шілде шыжғырған соң қайтсін, ат тұяғына ілесіп шырт-шырт сынады. Құбыладан ескен майда леп шашаға жетпес ұлпа шаң көтереді. Күн еңкейіп, көлеңке басы ұзарғанмен, ауыл қарасы көрінер емес. Көлденең жатқан төрт-бес қырға тұяқ тіреп барып жеткізер. Сырым мен Қаратау алыс сапардан жолсоқты болып қажыды ма, әлде көз шарасына сыяр жерде шөл басып өтер

бір қараша үйдің жоқтығына назырқанды ма, әйтеуір әңгіме түбін қаққандай үнсіз қалған», – деп басталған әңгіменің прологы туған жердің көрікті суретін қолмен қойғандай етіп суреттеу мен жолаушылар диалогынан тұрады. Әйгілі батыр Сырым Датұлының жолаушылап келе жатқан сапарын тілге тиек еткен жазушы енді бір сәтте тарих қойнауына үңіліп, ғасырлардың алыстап кеткен күміс күймесінің қоңырауын қағады. Айдалада тұрған жалғыз молақ ағашқа кеп дұға оқыған кәрі бидің бұл қылығына орай сауал қойған Сырымға берген жауабын жоғарыда келтіріп өттік. Осы жерде айта кететін нәрсе, ежелгі адамдардың көне танымы мен көзқарасының туындыда қайта жаңғырып, жаңа леп, өзгеше сарынға ие болуы. Атамыз қазақ ежелден күн мен айдың, судың, оттың жаны бар деп сеніп, Табиғат-анамен тікелей үндестікте өмір сүргені ақиқат. Сол кезеңдерден бастау алған От анасы Ұмай ана, Су иесі Сүлеймен туралы аңыздар бүгінге жетіп отырғаны осының айғағы. Сондай-ақ, айдалада өскен жалғыз ағашты да киелі санаған бабаларымыз оған ақ байлаған, тәу еткен. Міне, халықтың көне анимистік көзқарасын бүгінгі әдебиетке жаңа леппен жеткізіп, оны бейнелеуіш құралға айналдырып отырған суреткер – кейіпкерлерінің бойына ұлттық мінез бен әңгіменің өн бойына желі боп тартылған ұлттық бояуды өз бойына толық сіңірген жан. «Бәйтерек» әңгімесі соның тікелей айғағы. Қаратау би мен Сырым батырдың төмендегі диалогынан кейін оқиға басталып жүре береді: «– Иісі Ысықтың ұранына айналған Бәйтерек бабамыз сол ағаштың астында жатыр. – Би әңгіменің тұрасына көшті.

– Апыр-ай, шын сөзіңіз бе? – Батырдың төрт өрме тобылғы сап қамшысы бурылдың сауырына барып қалды.

– Алһамдулла, ақиқаты сол. Бұрын естімесең айтайын. Ілкі өткен шалдардан құлағымызға қорғасын боп құйылып қалған сырдың төркіні, міне...» Бұдан әрі қарай Қаратау би

Сырымға Бәйтерек батыр туралы аңызды бастап кеп кетеді. Әңгіменің экспозициясы – қонтайшы ордасына қазақтардың бітімгерлікпен келуі. «Қазақ жағынан бітімгерлікті бастап келген, жүзі ақ қайыңнан ойғандай көрікті жас батыр мына майлық-сулыққа бірдей қараның сыпылдақ қимылынан секем ала бастады.

Иә, жаулықпен келіп қоныстанған жоңғардың сыры бұған мәлім. Іші қалтырап тұрса да, сырты жылтырап дөңайбаттан жазбайды. Жер деп, аузын үріп, аяғын сыпырған ақ адал мал үшін деп дүрбіттің қай батырымен найза салыспады, кек алыспады? Қажаса-қажаса екі жақ та титықтап, ақыры жаз жайлау, қыс қыстаудың ара жігін бөліскендей боп тыншыған. Алдамшы бәтуа боп шықты. Төрттағандап тұрып қалған жерінде әл жинап, әлеңкедей жаланып алысымен жоңғар жағы қикуды тағы да күшейтті», – деген жолдардан қазақ пен жоңғарлар қырқысқан ежелгі заманның зары құлаққа келіп, мұнды сарынын тыңдағандай болатыныңыз рас. Осы жерде суреткер қалмақтың да осал жау емес екенінен хабар береді. Әлбетте, жауың өзіңнен күшті болса ғана намысты жанып, жігерлене түсесіз. Міне, осы қағиданы жазушы да қалт жібермеген. Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен, туған жердің әрбір сынық сүйемін қанымен қорғаған ата-бабалар рухына іштей тағзым етеді оқырман. Эпитеттер мен метафора, теңеулер жазушы тілінің бай екенін көрсетеді. Әңгіме сюжеті дами түседі. Қазақтар мен қонтайшы арасында жүрген бітік көз, домбық бет қараның қонтайшыға келіп, бітімгершілікке келген қазақтарды бастап келген кім екенін айтуы әңгіме желісін ширата түседі:

«– Мырзам, соңғы қырғында үш батырымызға бірдей қан құстырған әлгі... көрікті қазақ бар ғой, әлгі... соның өзі!» Бұл хабарды естіген қалмақ қонтайшысы қалайда қазақ батырын мерт етуді ойлайды. Оқиға осылай ширыға дами келе, өз-өзінен шиеленісіп жүре береді:

«— Қазақтарға ата салтымызбен сый көрсетіндер. Өзгесін сосын естисің. Жөнел!» Қонтайшының қаһарлы бұйрығының зәрі ар жағында жатыр екен. Бітімге келгендердің алдына қара тайды әкеліп, өз салттарымен қазақтардың көзінше буындырып өлтіріп, тағылықпен өлген жануардың етін алдарына қояды. Харам еттен қалай ауыз тисін? Астауға қол салмақ түгілі етке тіпті қарамаған қазақтардың бұл әрекеті қонтайшының шабына ши жүгірткендей болғаны рас. Келесі күні тағы да құйрығы тегенедей ақсарбас ісекті әкеледі. «Қонақтар, бата беріңдер! Кәне», — деген олар, бет сипап үлгіргенше, момақан тұрған ісектің қолтығынан қанжармен сөгіп жіберіп, екі қабырғаның арасынан тірідей жүрегін жұлып алады. Бұл қазақтардың төбе шашын тұрғызған жағдай еді. Әрі олар қонтайшының бұл қылығынан ешқандай бітімнің болмайтынын сезеді. Сөйтіп, суыт аттанып кетеді. Міне, оқиғаның шиеленісіп, шиыршық атуы. Қалмақ қонтайшысының опасыздығы бұнымен бітпеген еді. Әдетте, бітімге келген елшіге қару жұмсау қай елдің де салтында жоқ. Бірақ қонтайшы бұл дәстүрді аяққа таптап, суыт аттанған елшілердің соңынан қарақұрттай қаптаған қалың қолды жібереді. Оны жазушы былай суреттеген:

«Айналаны сапырған ала құйын қас пен көздің арасында өтті де кетті. Ысқырып, үрей шашып келген садақ оғы тар қолтығынан қадалған батыр ғана ат жалынан ауып бара жатты. Өзгесі ер үстінде». Осыдан-ақ қалмақ қонтайшысының мақсаты — қазақ батырының көзін жою екенін түсінуге болар. Көзі ояу, көкірегі отты жан қай жау үшін де қауіпті болмақ. Солардан құтылса, қалған көп тобыр малмен бірдей екені — тарих дәлелдеген шындық. Сонау қуғын-сүргін кезінде де Тұрар, Сәкен, Ілияс, Бейімбеттер ілікпеп пе еді нысанаға? Жазушы астарлы ойын шебер тілмен, тұспалдап жеткізген. Батырдың өлімі — шығарманың шарықтау шегі. Жазушы соңғы демін алған батырдың аманатын былай келтіреді:

«– Баһи кешкен тұсқа жерлеңдер... Моламды тегістеп кетіндер... Дұшпан сүйегімді қорлайды... – деді бір есін жиып. – Жоңғарға мені емес, биді жұмса деп едім...»

– Кейін қалай табамыз, ойбай?! – деп жанындағы аузы жылдам біреуі бажылдап жіберді.

– Оң уысымды жазбандар... Тал өсер, бәйтерек болар... Содан...» Батырдың демі үзілді. Аманатын үзеңгілестері орындап, бақұл десті. Шаһит болған батырдың аманаты – бүкіл бір халықтың амандығы. Оны «тал өсер, бәйтерек болар» деген сөзінен аңғарамыз. Жазушы туған елі мен жерінің тыныс-тіршілігін санада сақтағанын, қазақы бояу мен мінезді бойына құйып өскендігін осы жерде дәлелдеген.

Бәйтерек – өсіп-өнген халықтың символы. Бүгінгідей тәуелсіздікке қолы жетіп, егемендік туын желбіреткен қазақты жайқалған бәйтерек десек қателеспесіміз анық. Шығарма шешімі Қаратау бидің аузымен айтылған: «– ...Араға үш жыл салып ағайындар іздеп барған екен, айтқандай, жас шыбық бой түзепті». Міне, сол жас шыбық жылдар өте келе мәуелі бәйтерекке айналды. Сағым көшкен салқар далада күнсіген жолаушыға сая, жел өтіндегілерге ық, қорған болды. Халық оны қастерлеп, әулие ағаш тұтып, тәу етті, ақ байлады. Әңгіме прологындағы «Заманында аспанға шапшыған зәулім бәйтерек болса, болған шығар, түбі қарлы кісінің құшағы жетпес тым жуан...» – деп келтірген жолдардан оның халық үшін қандай орны бар екенін, қасиеттілігін сезуге болатыны анық. Өмірдің өзі қайшылықтардан тұратынын жазушы қалай дәл жеткізген? Адамның ғана көкірегінде емес, мұң-қайғы табиғатта да бар екен, бірақ сол тағдыр тәлкегіне жел ғана қарсы шыққандай, мойындамағандай «сақ-сақ күліп, беттен сүйеді». Адам өз мұңымен өзі жалғыз. Психологиялық параллелизм – көңіл күй әуенін білдіретін туындыларға тән. Адамның көңіл күйін табиғат құбылыстарымен үндестіріп, қабыстыра суреттейтіндіктен психологиялық параллелизм әдісімен

жазылған шығармаларға философиялық астарлы мағына тән. Психологиялық параллелизмді өз шығармаларында әлемдік әдебиет өкілдерінен XVIII ғасырда Ж.Ж. Руссо, Л. Стерн «Сентиментальное путешествие во Франции и Италии», И.В. Гете «Страдания юного Вертера», Н.М. Карамзин «Бедная Лиза» повестерінде алғаш қолданды. Бұл бағытты Э.Т. Гоортман повестерінде, Д.Т. Байрон өз өлеңдерінде, поэмаларында дамыта, байыта түсті. Осы традицияны XIX ғасыр жазушылары дамытып, (сентиментализм) күйреуіктік сарын мен оптимистік бағытты романтикалық арнаға бағыттады. Францияның ұлы жазушысы О'де Бальзак, Стендаль мен П. Флобер, Ресейдің ұлы ақыны М.Ю. Лермонтов, ұлы жазушысы И.С. Тургенев өз шығармаларында кейіпкерлердің күрделі ішкі әлемін, күрделі көңіл күйін, өзара шиеленістері мен тартыстарында табиғат пен қоршаған орта аясында суреттеді. Кейіпкердің өзін-өзі іздеуі, жан күйзелісі күнделікті өмір күйбеңімен, табиғи ортамен байланыста берілді. Психологиялық параллелизмді зерттеуші А.В. Карельскийдің сөзімен айтқанда: «упрочение психологизма было обусловлено пристальным интересом писателей и неоднозначности обыкновенного, «негероического характера к персонажам многогранным, мерцающим, а также с доверием авторов к читательской способности самостоятельного нравственного суждения».

Өз шығармаларында психологиялық параллелизмді көп әрі сан қырлы пайдаланған орыс әдебиетінің ірі өкілдері Л.Н. Толстой мен Ф.М. Достоевский болды. Л.Н. Толстойдың адам психологиясын соншалық жете білуіне және зерттеуден жалықпайтын еңбекқорлығына, көркемдік шеберлігіне тәнті болған Н.Т. Чернышевский: «Внимание графа Толстого более всего обращено на то, как одни чувства и мысли развиваются из других: ему интересно наблюдать, как чувство, непосредственно возникающее из данного положения или

впечатления, подчиняв влиянию воспоминания и сам сочетаний, представляемых воображением, переходит в другие чувства, снова возвращается и прежней исходной точке и опять странствует». Ал психологизмді зерттеуші Бахтиннің еңбектерінде Ф.М. Достоевский шығармалары туралы мынадай ойлар бар: «Художественной доминантной романов Ф.М. Достоевского явилось самосознание героя-идеолога, который фигурирует не как человек жизни а как «субъект сознания и мечты», пребывающий в «подполье»: «видение автора направлен именно на его самосознание и на безисходного незавершимость, дурную бесконечность этого самосознания». Психологиялық параллелизмнің әр қилы түрлері бар. Лирикалық кейіпкердің көңіл күйін табиғат арқылы анық түрде суреттеу бар, мысалы, біз нысанаға алып отырған Р. Отарбаев туындыларындағы психологиялық параллелизм солай құрылған. Кейде адамның сезімін табиғат құбылысына керісінше, қарама-қайшы суреттеу арқылы білдіреді. Немесе тек табиғатты ғана суреттейді, соның әр жағында адамның көңіл күйі астарлы түрде суреттеліп тұрғанын түсінесің. Біздің мақсатымыз – осы туындыларды хал-қадіріміз жеткенше талдап, ондағы психологиялық параллелизмнің атқарып тұрған ролін, мән-мағынасын, астарлы ойын таныту.

Адамдардың өзара түсінісу, қатынас құралы тіл болса, оның лексикалық құрамының негізгі арқауы – сөз. Ол – қоғам мен табиғат құбылыстарының, адамның рухани өмірінің айнасы. Сөздердің мәнін, қолданылу сырын ашу, мағыналарына түсінік беру – қазақ лингвистикасының міндеті. Біз тек тақырыбымызға сәйкес тілімізде сөздердің психологиялық параллелизм арқылы қолданылуына назар аударамыз. Қазақ тіл білімінде, қазақ әдебиеті теориясында психологиялық параллелизм жөнінде З. Қабдолов «Сөз өнері» монографиясында психологиялық параллелизмге айшықтаудың бір түрі ретінде ғана тоқталып кет-

кен. Психологиялық параллелизмнің көркем әдебиеттегі ролі жайлы С. Айнабекова «Қазақ әдебиетіндегі табиғат пен адам концепциясы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. Бірақ зерттеуші зерттеу нысанасы етіп прозалық шығармаларды алған.

Психологиялық параллелизм соңғы жүз жылдықта ерекше дамыған әдіс. XIX-XX ғасырдың ақындары көбіне образды ойды дамыту мен қалыптастыру үшін психологиялық параллелизм әдісін көбірек қолданды. Көркем әдебиетте әсіресе поэзиялық шығармада психологиялық параллелизмнің өрісі кең. Психологиялық параллелизм терминінің мағынасына тоқталатын болсақ, орыс зерттеушісі В.Е. Хамзевтің «Әдебиет теориясы» деген кітабында психологизм көркем әдебиетте соңғы төрт жүзжылдықта пайда болды деп дәлелдейді. Өз сөзіне дәлел ретінде У. Шекспир трагедияларында кездесетін адам жанының жұмбағын психологиялық штрихтар арқылы берілуін айтады. «Адам жанын терең түсінуге талпыну, табиғат пен қоршаған ортамен байланыстыра адамның көңіл күйін суреттеу психологизм деп аталады», – дейді. «Параллелизм» – грек сөзі, «қатар жүру, қанаттасу, екі ұдай сезімді қатар қойып, жұптап суреттеу» болса, психологиялық параллелизм деп осы табиғат арқылы адамның көңіл күйін суреттеуді айтады. Лирикалық кейіпкердің жеке басының мұңын, жалғыздықтың шері мен қайғысын, қол жеткізбеген арманы мен мұратын, бір сөзбен айтқанда, көңіл күйінің тылсым жұмбағын көркемдікпен қолдану психологизм деп аталады. Жазушы немесе ақын өз кейіпкерінің бар азабы мен толғанысын, қарама-қайшы жан дүниесін бар шындығымен жарқыратып ашады да, ой түйінін оқырманның адамдық болмысына артады. Осы көңіл күйдің тылсым жұмбағын табиғат құбылысымен үндестіру арқылы табиғат пен адам арасындағы ажырамас бірлікті дәлелдейді. Психологиялық параллелизм – бұл лирикалық кейіпкердің ішкі әлемінің мүмкін боларлық деңгейге

дейін алға басуын, терең де тылсым сырын бейнелейтін көріктеу құралы. Өзін-өзі тануды меңгеру мен жан диалектикасы – әдебиеттің ең бір тамаша жаңалықтарының бірі. Біздің ғасырымыздың тамаша суреткерлері кейіпкердің жан әлемін жаулап алудың небір құпияларын меңгерген. Шығарманың астарындағы, тек кейіпкердің сезімі мен ойы бір-біріне қарама-қарсы келіп, сезімдер арпалысы арқылы түпкі ойды астарлы мәнде суреттейтін жазушылар да бар. Олардың туындыларын оқығанда жанның сәулеленуін, тылсым бір сырын жүрек арқылы ғана ұғуға болады. Қоршаған ортаға көңілі толмай, жалғыздықтың «уы мен ба-лын талғамай ішіп», шерменде болған ақынның жабырқау көңілі кейіпкердің толғанысы ретінде танылады. Өзін терең тануға ұмтылу, ішкі әлемін күйбең тірліктің құлы болудан сақтауға ұмтылу, жан дүниесін, арын дақ түсірмей таза сақтаудың жолын іздеу, сол жолда қателіктерге ұрыну, сүріну, түзелу, бірақ жүректі таза сақтай алу – міне, осындай қым-қиғаш, тіпті кейде өзіңе-өзің қарсы шығып өзіндік менді іздеу, оны табиғат құбылысымен шарпыстыра суреттеу – психологиялық параллелизмнің негізгі мақсаты.

Табиғат үнемі өзгеріп, жаңарып отырады, бір ортада қозғалмай тұратын, өзгеріссіз қалатын нәрсе жоқ табиғатта. Табиғаттың, жалпы тіршілік тынысының қилы-қилы кезеңдеріне орай табиғат пен адамның көңіл күйін жұптастыра суреттеуде де әр түрлі көркемдік ізденістер байыз тауып, жалпы әлем, ғарыш ұғымына дейін шығармаға арқау болған. Жаратылыста да, адам баласында да қайта келе беретін өмір мен өлім сабақтастығы, құрып біту, қайта тірілу – бәрі-бәрі лирикалық кейіпкер арқылы бейнеленген. Психологиялық параллелизм арқылы жазушы табиғат пен адам көңіл күйінің мәңгі байланысын мөлдіретіп оқырман алдына туындысы арқылы жайып салады. Ізгілік мұратын ту қылып, асқақ арманмен мәңгілік өмірге ұмтылған суреткер жүрегіндегі мұң-наланы, табиғат пен адам көңіл күйінің сабақтастығын осы әңгімелер арқылы түйсінеміз.

Негізінен қазақ халқы – о бастан ақынжанды халық. Эпостық жырларды, жыраулар поэзиясын оқи отырып, біз осы жырлардағы ең бірінші табиғат суреті «дала» арқылы берілетінін байқаймыз. Жырларда көп кездесетін: «Асу да асу бел дейді, аса бір соққан жел дейді», – деген жолдардан шалғай жатқан сары дала көзге елестейді. «Ебелек ұшпас елсізден, көбелек ұшпас көлсізден, құла мидай шөлдерден, адам жүрмес жерлерден, батпақ, лай көлдерден, асқар-асқар белдерден, жалғыз шауып жол шеккен» батырлардың жалғыздықтың мұң-наласы жанын сыздатқанда жүрегіне медет еткені – осы дала... Бұл үрдіс қазіргі қазақ поэзиясында жалғасын тапқан. «Ұлттық желіден айырылған талант – қашанда, аз болсын, көп болсын, бәрібір уақытша, өтпелі құбылыс. Ол әуелде жапырақ жайғанымен, кейін топыраққа терең тамыр жайып, түбірлей алмағандықтан құраған ағаш сияқты» (*Белинский В.Г. Сонда. 8-т., 370-б.*).

Шығармаға табиғат пен адам гармониясын енгізу, көріктеу құралында қолдану – адамның о бастан-ақ табиғатпен кіндіктес екендігінің, түп тамырын табиғаттан алатындығының дәлелі. Табиғатпен шендестірілетін психологиялық әдіс, әрине, жаңалық емес. Ол пейзажды психологиялық одақтас ретінде пайдаланатын әрбір жазушыға, ақынға тән. Табиғатта бар нәрсенің бәрі гармониялы (үндестік) даму үшін жаратылған.

Психологиялық параллелизм – қазақ әдебиетіндегі көріктеу құралының дәстүрлік белгісі. Адамның көңіл күйін табиғатпен үндестіретін психологиялық әдіс ақынның туған жерінен, туған жерге деген перзенттік сүйіспеншілігінен басталады. Көркем әдебиетте егіздеу ұзақ сапар жолды бастан кешкен. Себебі ол халықтың сана-сезіміне, дүниетанымына сай образдар мен суреттер негізінде өрістейді. Мезгіл өткен сайын мекен суреті өзгеріп, халық жадына ежелден сіңген түсініктердің екшеліп, бара-бара өзгеше қалыпқа енуі заңды. Адам мен жер, табиғат, оның

орын тепкен мекені, жайы, осыған байланысты ұғым, тілі деген проблема көркем әдебиет үшін, яғни образбен ойлау өнері үшін, халықтың айнала әлемді бейнелі сурет, кейіптеу жолымен таңуы үшін ең алғаш материалдар болған. Әдебиеттегі дәстүр дүниетанудың дәстүрлі, байырғы, яғни көнеден келе жатқан жөн-жосығымен тікелей байланысты екені анық.

Сонымен қатар адам көңіл күйін суреттеуде «жер» және «тіл» деген ұғым, ол екеуінің қатынасына байланысты мәселе жеке қаралып, талданып өтуі абзал, «жер» және «тіл», анығырақ айтсақ, табиғат, мекен, оған байланысты сөйлеу тілі, бейнелеу тілі. Асылында, ешбір әдебиет алғашында осы байланыссыз, осы ықпалсыз өсіп-дамымаған болар. Бұл байланыстар, әрине, кейін де үзілмейді, қазір де бар. Бірақ ол байланыс алғашқы шегінен ұзақ алысқа кеткен, күрделіленген, көп бейне-бедерлер өзгерген, бұл – уақыт қарекеті. Ал алғаш түзілуінде ауыз әдебиетінің бірінші шайыры болсын, тіл ұстартқан шешені болсын, кейінгі ақын-жыраулар болсын, Жер-анадан күнелтерлік қорек қана емес, жанға азық та тапқан. Батырлық, ғашықтық, тұрмыс-салттық туындыларда, белгілі суреткерлер шығармаларында тіл мен жердің бір-біріне тәуелділігінің қанша мысалы бар. «Ұлттан тыс адам – шын мәнісіндегі тіршілік иесі емес, дерексіз ұғым ғана» (*Белинский В.Г. Собр. соч. Т. 5. – М., 1954. – С. 317*).

Жоғарғы үзінділер шет жағасын ғана білдіреді. Әрбір ауыз өленде, жырлар түйдегінде, ұзақ қиссаларда, бергі жазба әдебиетімізді өрістеткен классиктер тілінде ең алдымен жер, туған жер, мекен сыры сезілмей ме?! Соның жұпар иісі аңқымай ма?! Дарқан дала, бел сондай, кең тыныс, ұзақ желіс байқалмай ма?! Алысты жаңғыртқандай шыңғырған дауыс естілмей ме?! Дала жайын әңгіме еткенде ғана емес, жалпы поэзияда көркем тілде тіршілік еткен атамекеннің, табиғаттың мөр-таңбасы бірден аңғарылады. Адамгершілік,

ізгілік, жамандық, жақсылық, махаббат пен зұлымдық, тау мен тас, жер мен көк, жан-жануарлар – тіпті қайсыбір тақырып көтерілсе де осы таңба сезілмей тұрмайды. Кейде тіке мағынасында, кейде ауыспалы мағынасында туған жер келбеті «толғауы тоқсан қызыл тілдің» бірінші қозғалтқыш күші болғаны анық. Адамның көңіл күйін, ішкі сырын немесе сыртқы түрін, мінез-құлқын, бет әлпетін баяндағанда, сан алуан ой-қиялға толы философиялық толғаныстарды білдіргенде, өмір-тұрмыс, тіршілік жайларын толғағанда, жырлағанда бейнелеу құралы ролінде туған жер сипаты, оның айрықша сурет-көріністері, табиғи құбылыстары пайдаланылады. Жануарлары, өсімдік дүниесі, өзен-көлі, тау-тасы, даласы, желі мен жаңбыры, айы мен күні бейнелік, образдық қызмет атқарады. Туған тіл туған жермен тығыз байланысты болуы себепті тек ойлау, сезіну, түсіну категориялары ғана емес, күллі рефлекстердің бәрі осы арнада жүріп жатады. Әуелде санаға осындай жолмен орнаған, сіңіскен түсінік, сезімдер кейін әдебиетте, көркем тілде сол калпында қайталанып, бірақ енді образдық бейне ролінде танылады. «Кез келген халық өмірі өзіндік түрмен көрінуі үшін, оның өмірі дұрыс әрі халықтық тұрғыдан суреттелуі тиіс» (*Белинский В.Г. – Сонда. Т. 1. – 295-б.*).

Қазақ көркем сөзіндегі бейне-бедерлер, суреттер дарқан далаға, кендікке, өрістің молдығына, жердің шалғайлығына, күннің ыстығы мен суығына, желі мен шөліне, қамысы мен көліне, биік тауы мен бетегелі беліне, жанды да жансыз дүние әлеміне лайық: сүйріктей, аққудай, еліктей, соққан желдей, дауылдай, айдын шалқар көлдей, нар бурадай, жорғадай, емендей, тал шыбықтай деген сияқты теңеулердің кейде көңіл күйіне байланысты лайықталып айтылатынын білеміз. Филология ғылымдарының докторы, академик Мүсілім Базарбаев «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген кітабында бұл жайларды жеріне жеткізе дәлелдеген. Мұнан басқа да жүздеген сөздер мен сөз тіркестеріне на-

зар аударсақ, бүкіл тілдің лексикалық құрамының жерге, табиғатқа байланысты екенін байқаймыз. Қазақ тілінің өзінде дауысты дыбыстардың көп болуы, әсіресе «а», «о» дыбыстарының жиі ұшырасуы кездейсоқ нәрсе емес. Мұның өзі де кең дала табиғатынан шыққан. Жеке атаулардың және адам аттарының да дауыстық, дыбыстық естілуінде осындай заңдылық бар. Мұнда да дауысты дыбыс көп. Мұнан шығатын қорытынды – қазақ сөздерінің әуенділігі (растягиваемость) созып, ұзартып, ұзақ әуенмен айтуға келетіндігі, әсіресе адам аттарын, жер-су аттарын қойғанда жердің шалғайлығы, көшпелі өмір жайы, мал бағатын халықтың кәсіп-тіршілігі айрықша еске алынатын сияқты. Ол есім сөздердің типтік мағынасынан ғана емес, дауысты дыбыстардың көп болып келуінен де байқалады. Мәселен, Қойшыбай мен Жылқыбайды дер кезінде тауып алу үшін айқайлап шақыру керек. Жері шалғай, техникасы, не басқа амалы жоқ елде күшке салып, айғайға басқаннан өзге дәрмен жоқ. Ал дауысты дыбыстар ұзақ созып, айқайлап шақыруға мүмкіндік береді. Дала сыры, табиғат аясында өскен көшпелі тұрмыс сыры осыны аңғартады.

Дала қандай кең болса, оның желі мен бораны қандай дүлей болса, соған лайық адамдардың да өмір-тіршілігінде, өзара қатынасында осы табиғатқа лайық мінез, әдет орнаған. Қазақтар «әудем жер» дейді. Бұл – жердің жақындығын немесе қашықтығын білдіру үшін алған өлшемі. Яғни «әу» деп айқайлағанда естілетін жер, онша қашық емес дегені. «Көш жер» дейді. Мұнда да, көшіп аялдайтындай мезгіл, қашықтық ұғылады. «Иек астында», «қол созым жер», «таяқ тастам жер», барып келуге «сүт пісірім уақыт» немесе «ет пісірім уақыт» кетеді дейді. Мұнда да барар жердің алыс-жақындығын уақыт өлшемімен алған. «Шақырым жер» дегенде айқайлап шақырған дауыс естілер жер екенін ұғамыз. Айналып келгенде, қашықтық өлшемінің өзі көшпелі өмір қажетінен туғаны анық. Метрлеп, гектарлап өлшеу жоқ, ол тіпті қажетсіз де. Ен даланы ешкім

бөлшектеп, иемденіп жатқан жоқ. Пәлен шақырым, түген шақырым дегенде көбіне-көп ауыл мен ауылдың, жайылым мен қоныстың немесе көш пен көштің арақашықтығы айтылады. Қандай жағдайда болса да, негізгі өлшем құралы – дауыс, дыбыс жетер меже. Мұның, бір жағынан, тіршілік сипатына лайық екендігін аңғарсақ, екінші жағынан, тілдің дала табиғатына лайық айқайлап, созып, әуендетіп айтуға, сөйлеуге, шақыруға болатын дауыстық, дыбыстық қасиеті мол жүйеде дамығанын байқаймыз.

Көшпелі қазақтар қырағы келеді, алыстан көреді. Әсіресе малшылар солай. Өйткені көз сүзіліп тоқтар орман, тауы жиі емес ең далаға шығаннан қарай-қарай үйренген. Қыранның алыстан шалатыны сияқты шаңдатқан салт аттылыны да, қарайған малды да сонадайдан көреді. Бұл да табиғаттың адамға тікелей әсер етуінің, яғни адамның үйренген жер ыңғайына биологиялық бейімделуінің айғағы. Тіл де осы тәріздес. Ойлау жүйеміз түсінікке, ұғымға қаншалықты тығыз байланысты болса, тіліміз де, сөйлеу тәсіліміз де соған бейім, ұқсас. Жер, мекен, туған табиғат халықтық тіл құрылымында, сөйлеу нақышында өзінің сурет таңбасын, із-бедерін, жұпар иісін қалдырған. Сондықтан да сөйлеу тілімізде болсын, немесе көркем әдебиет тілінде болсын, мекен мен мезгілдің иісі сіңген, ең жазира жер мен талай заманның мөр-таңбасы түскен дәстүрлі, бедерлі сөз халықтың туған тегін, тіршілік жайын, тарихын аңғартатын паспортпен тең. Ол – сыры да, сыны да кетпейтін, қайта барған сайын ашыла түсетін мәңгілік бояу. Көркем әдебиеттегі көріктеу құралдарының, соның ішінде психологиялық параллелизмнің пайда болу, жаңара, жасара түсу себебі осы: бөліп алып қарауға, шыққан тегінен, жаратылысынан, туған табиғаттан ажыратып қарауға келмейтін құбылыс. «Біздің халықтығымыз орыс өмірін дұрыс бейнелеуден тұрады», – деген еді Белинский В.Г. (*Сонда. 1-т., 94-б.*).

Нағыз роман, повестер жергілікті жағдайдан, ұлттық сипатты кейіпкерден айналып өте алмайды. Жергілікті бояусыз

және ұлттық әдет-ғұрыпсыз, ойсыз, сондай-ақ кейіпкерлер мінезіндегі ұлттық ерекшеліксіз шынайылық жоқ, шындық болмыс ұғынылмайды. «Ал бұндай шарттарсыз роман, повестердің дүниеге келуі мүмкін емес» (*Чернышевский Н.Г. Собр. сочинений. Т. 12. – М., 1949. – С. 129*). Бұл өлеңге де қатысты.

Психологиялық егіздеуді құрайтын табиғат суретінің (пейзаж), философиялық тұжырымның, психологиялық терең ойдың философиялық, эстетикалық қызметтері ұқсас. Ол ең алдымен халықтың мекенжайын, табиғат аясындағы өмір-тіршілігіне, дүниетанымына байланысты түзіледі, оның қанына сіңген, көңіліне ұялаған мінез-құлқын, ойлау, ұғыну, сезіну тетіктерін көрсетеді, суреттейді, алдына жайып салады. Әрбір абстрактылы түрде ойлауға қабілеті бар халық осыған орай бейне, сурет жасамақ. Адам, өмір, ер, әйел, сүйіспеншілік, зұлымдық сияқты философиялық тақырыптарда да, сондай-ақ отбасы, тұрмыстық, салттық тақырыптарда да халықтық дүниетаным, кейіпкердің көңіл күйін, мінезін, бет әлпетін табиғатпен байланыстыра суреттеуден ұстам, түсінік айқын көрініп тұрады. Ескі жыр үлгілерінде, қара өлеңде, жыраулар поэзиясында ол басымырақ көрінеді. Қазіргі көзқараспен қарағандықтан да ол айырмашылық айқын сезіледі.

Ақын, суреткер шығармашылығына туып-өскен мекен жайдың, табиғат құбылысының, жаратылыс әлемінің тигізер әсері сан алуан. Әңгіме бір психологиялық егіздеу арқылы көңіл күй мен табиғаттың ғажайып көрінісін суреттеп беруде ғана емес, табиғаттың, онымен біте қайнасқан ұғымның ақынды шартарап ойларға жетелеуінде, әлем құбылыстарын философиялық жолмен танып, оның образ, бейнесін жасауға түрткі болуында. Оның суреттік, образдық шекараларын ғана белгілеп қоймайды, өзекті мазмұнын байқатады. Халықтың дүниетанымына сай бейнелі түйіндер жасауына мүмкіндік береді. Суреткер туындысына арқау

болған, түрткі болған табиғат көрінісі мен мезгіл кейпі философиялық тұжырымға, ой-толғанысына алып барады. Ал образдық категорияларына, сөздер тізбегіне көңіл қойып қарағанда, онда туған жердің, туып өскен өлкенің жұпар иісі аңқып тұрғанын көруге болады. Мәселен, Р. Отарбаевтың «Жалғыздық» әңгімесінде: «Шексіздіктің шеруіне ылғи жалғыз шығатын ай да айналаға күміс тозаңын төгіп тұрды», – деген жолдардың осындай бір шақта туғанын аңғарасың. Шығармада табиғат көрінісі мен лирикалық кейіпкердің күйін салыстырсақ, образдық қабысу айқын көрінеді: шексіздік шеруіне шыққан ай, елегізген көңіл! Әрине, мұндай мысалдарды көптеп табуға болады.

Әсемдікті сезіну – адамгершілік қасиеттің шарты. Тек осы сөздің төңірегінде ғана ақыл-парасат болуы мүмкін, тек осы сезіммен ғана ғалым дүниежүзілік идеяларға дейін шарықтай алады, табиғат пен құбылысты оларға ортақ тұрғыдан түсінеді, тек осы сезіммен ғана адам өмірде ерлік істей алады, оның барлық ауыртпалығына белі қайыспайды. Мұңсыз, бұл сезімсіз даналық жоқ, талант жоқ, ақыл-парасат жоқ, өмірдің үй ішіндегі қамына, өзімшілдіктің ұсақ-түйек есебіне қажетті құнсыз ақылгөйсу ғана қалады. «Кімде-кім би музыкасына жүрегімен емес, аяғымен елең етсе, музыка оның жан жүрегін елжіретіп, жүрегіне от салмаса, кімде-кім өлеңге жастайынан құмартпаса, кімде-кім драманы тек театр пьесасы деп, ал романды еріккенге ермек ертегі деп білсе, ол адам емес. Эстетикалық сезім – жақсылықтың, адамгершіліктің негізі» (*Белинский В.Г. Собр. соч. Т.1. – М., 1948. – С.220*).

Суреткердің халықпен бірге қанына сіңген дәстүрлі түсінігі, ұғымы, айнала табиғаттың сәулесі, тіршілік қамының таңбасы тілден білінбей қоймақ емес. Сөйлеу тілі болсын, көркем сөз тілі болсын, ол ең алдымен, адамдардың өзара қатынасу құралы болумен қатар, сол белгілі топтағы, тайпадағы адамдардың белгілі жермен, табиғатпен қарым-

қатынасының да сәулесін, әсерін байқататын құрал. А. Франс «Жер және тіл» деген мақаласында әр халық тілінің туған жерге, туған табиғатқа, тіршілік, қарекет жайына тығыз байланысты екенін айтады: «Туған ана – жер мен адамдардың сөйлеу тілінің арасында құпия сыр, байланыс бар. Адам тілі бораздада туған, оның тегі селода, қала, бәлкім, оған әдемілік берген болар, бірақ оның бар мықтылығы даладан, туған жерден. Біз бәріміз сөйлейтін тіл – дөкір тіл, шаруа тілі... иә, біздің сөзіміз осы торғай әніндей дарқан далада туған» (А. Франс. *Собрание сочинений. В восьми томах.* – М., 1860. Т. 8. – С. 66).

Жер мен суға, тау-тасқа, ен далаға, жаратылыстың осы өлкеге лайық көріністері мен ғаламаттарына байланысты түзіліп, қалыптасқан сөздер, теңеулер, метафоралар мен психологиялық параллелизмдер қазақтың сөйлеу тіліндегі және поэзия мен әдебиетіндегі дәстүрлік белгіні байқатады. Ауызекі тілге жүгінсек, мұның көп мысалдарын көреміз. Халықтың көшпелі өміріне, тіршілігіне байланысты орныққан немесе осыдан барып бейнелеу құралына айналған сөздер ұлттық тілдің сөздік қорының негізгі мол бөлімі десек қате емес. «Ат шаптырым жер» деген ұғым немесе «бір көш жер» деген түсінік белгілі бір меженің қаншалықты алыс-жақын екендігін байқатады. Жер кеңістігіне қарай алынған осы өлшем, әрине, қазақтарға ғана түсінікті. Басқа жұрттың адамы: «Шаршағанша шапқан ат көп жерге бармай ма?», «Көш жүре берсе, кете бермей ме?», «Бұл өлшем қалай анықталады?» деген сұрақтар қоюы мүмкін. Қазаққа ондай сұрақтардың керегі жоқ. Өйткені шауып та, көшіп те дағдыланған мөлшер бар. Ол мөлшерді бүкіл қазақ ұғады, шамалайды. «Күн арқан бойы көтерілгенде», – дейді ауыл адамдары уақытты білдіргенде. Арқанның ұзыны да, қысқасы да болады. Бірақ та ол қанша дегенмен құрық емес, арқанда тұрақты ұзындық бар. Мейлі, қысқа да болса, ол – арқан. Жүруге талпына бастаған баланың «тұсауын кесу»

деген ұғым бар. Тұсауланған малдай кібіртіктемей, тезірек аяқтансын деген тілектен туған. Кейбір адам жайында: «Ол әбден ерқашты болған», – дейді. Ерттей-ерттей жауыр болған аттың мінезінен шыққан: көп міністен шаршаған, ер тиген жануар енді ер-тоқымды маңайына жуытпайды. Бір істен мезі болған, жалыққан адам да сондай (*Мүсілім Базарбаев. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы»*).

Көркем әдебиетті эстетикалық тұрғыдан түсінуге тиіспіз, әсемдікке ұмтылу, түйсіну сезімі бейнелеу, мүсін, сәулет, т.б. өнер түрлеріне қарағанда әдеби туындыда мол да мазмұнды. Себебі әдебиеттің, айталық, архитектураға немесе бейнелеу өнеріне қарағанда уақыт пен кеңістік алдындағы мүмкіншілігі көп, анағұрлым кең де кемел. Гегельдің идеалистік философиясындағы «абсолютті рух» идеясының сөз өнерімен, сөзбен байланысты түйінделуі тегін емес. Гегель сөзді ең жоғарғы идеал дей отырып, сөз өнерінің мүмкіншіліктерін жоғары бағалады, ұлы ойшылдың айтуы бойынша: «Сәулет өнерінде мазмұн мен пішін толық сәйкестігіне жетпейді, мүсін өнерінде де идея мен пішін үйлесімі, сезім тапшы, өйткені мүсін өнерінің туындысы өзінің биіктігіне, көлденеңіне, ұзындығына тәуелді, сондықтан рух заттылық пен нақтылықтан сөз өнерінде ғана арылып, абсолютизмге жетеді, сөз өнеріндегі зат сөз ғана, ал сөз – ең жоғарғы идея (*Гегель. Лекции по эстетике. В 4-х томах. Т. I. – М., 1968. – С. 165*).

Адамның тағдырын психологиялық параллелизм арқылы байқатқан жазушы дағдыдағы, күнделікті тірліктегі көріністер, суреттерді пайдаланып нанымды философиялық ой-түйін жасайды. Біз жоғарыда талдаған «Бәйтерек» әңгімесі осының айқын дәлелі дер едік.



КӨРКЕМДІК ӘЛЕМ

Сыни көркем ойдың дамуына ықпал жасайтын және күрделі теориялық пайымдаулар мен тұжырымдауды қажет ететін күретамырлы тақырыптың бірі – суреткер сомдаған көркемдік әлемі. Адамның жан дүние құбылысының құпияларын ашып, оның рухани және психологиялық сезім пернесін тап басып, кәдімгі тіршілік көріністерін көркемдік шындық дәрежесіне көтеру кез келген талант иесінің пешенесіне жазылмаған, көркем шығармашылықтың қиындығы мен ерекшелігі де сонда (*Вопросы литературы, 1958, 4. 167-б.*). Алайда соңғы жылдарға дейін суреткердің көркемдік әлемі әдеби сында көлеңкеде қалып қойған іспетті. Негізгі назар шығарманың құрылымын, оқиға желісін, кейіпкердің жағымды-жағымсыз бейнелерін, оның таптық тегін талдауға ауғандықтан да солай тәрізді. Көркемдік ерекшелік ретінде жазушының стилі мен тілдік қолданыстарына, ондағы психологиялық желілерге баса көңіл бөлінбеді. Достоевскийдің шығармаларындағы «көп дауысты әлем» туралы айтылған Бахтиннің еңбегінен кейін ғана шығарманың көркемдік әлемі туралы әр түрлі пікірлер айтылып, арнайы зерттеулер жазыла бастады. Өйткені кез келген суреткердің көркемдік әлемі – өзінше бір қайталанбайтын құбылыс. Көркемдік әлем категориясы әдебиет туралы ғылымның ең ежелгі заң-

дылықтарының бірі бола тұра кеңес дәуірінде идеологиялық шектеудің кесірінен ауқымды зерттеу объектісіне айналмағаны ақиқат. Тек Д. Лихачевтің «Көркем шығарманың ішкі әлемі» (*Вопросы литературы, 1968, №8*) атты мақаласынан кейін ғана жеке шығармалардың және жазушылардың көркемдік әлемін танытатын теориялық мақалалар дүниеге келді. Ф. В. Федоров «Көркемдік әлем» деген ұғымға: «Бұл – эстетикалық мақсаты бар текстегі рухани қатынастардың сан-салалы жүйесі», – деп анықтама берсе (*Федоров Ф. В. «Романтический художественный мир: пространство и время. – Рига, 1988. – С.5*), ал В.П. Асмус: «Көркемдік әлем ойдан шығарылған, нақты өмірге қатысы жоқ дүние емес. Автордың керемет фантазиясы болуы мүмкін, автор Аристотель, Сервантес, Гофман, Гоголь, Маяковский болуы мүмкін, бірақ олардың ойлау қабілетінің күштілігіне қарамастан, оның шығармаларында суреттелген нәрсе оқырман үшін тосын болса да шындыққа жанасымды болуы керек», – деп жазады. Осы орайда біз жазушы Рахымжан Отарбаевтың «Бесқасқа беріштің хикаясы» атты хикаятына тоқталсақ деп едік.

Повестің эпилогы оның шешімі деп те қабылдауға болады. Жазушы кезекті демалысын алып, жаз айларында ауылына барғанын айта келіп, нағашысының: «Сен осы біздің бесқасқа беріштердің таңбасын білуші ме едің?» – деген сұрағынан өрбітеді оқиғаны. Сөйтіп, оқырманын тарихтың нешеме қилы құпия жасырынған ғасырлар қойнауына сүңгітіп жібереді. Бесқасқа беріштердің таңбасын көрген кезде көзіне жас іркілгенін жүректі шымырлата отырып жеткізген жазушы, сол бір тебінгісі тер сасыған намысқой бабалардың ұрпағына аманат қылған ерлік пен елдік символын, бүтін бір рудың белгісінің тарихын көркем шындықпен қабыстырып жіберуін – шеберлік шыңы дер едік.

Шығарма экспозициясы да тосын. Бас кейіпкер Ер Жүсіп әйгілі Серәлі датқаның қызы Бәлекей сұлуды алып кашуға бел байлайды. Бұл оңай шешім емес. Азуы алты

қарыс датқа жалғыз қызын қайдағы бір сіңірі шыққан, артында өлмелі кемпірден басқа жоқтаушысы жоқ жалаңаяқ кедейге жетектетіп жібермесі белгілі. Осының бәрін ақылмен ойлап біле тұра, махаббат жолында басын бәйгеге тігіп, сүйген сұлуын бір түнде алып қашқан ер жігітті көз алдыңызға елестетіңізші! Жанында жанындай сүйген Бәлекей сұлу болса, ол барлық қиындық пен азап атаулыға қолын бір сілтеп, қандай тамұққа да сол үшін түсетіні сөзсіз. Бірақ, армандаған Бәлекей емес, оның орнына есікте жүрген күнің сүйген жарым деп алданып алып қашқан алаңғасар ердің намысын қайда қоясыз? Сөйтіп махаббат отына бір, намыс отына екі күйген Ер Жүсіп Серәлі датқаның сотқар да шолжаң, ел менің алақанымда деп ойлайтын ұлын өлімші қып соққыға жықты. Шығарма экспозициясы осылай басталады. Әрі қарай Ер Жүсіптің шашасына шаң жұқпас Бәйгеторысымен қуғыншылардан қашып құтылуы, жолда басынан кешетін нешеме шытырман оқиғалар сюжеттік желіні дамытып, ширьқтыра түсері ақиқат.

Сюжеттік желідегі шиеленіс – Ақ Жайық жағасына кеп ат басын іріккен бас кейіпкердің Құлкеш сынды абзал азаматқа, мәрттік пен жомарттыққа толы дала еріне кездесіп, бесінші бала болуы, сөйтіп басына бақ пен байлықтың бір-ақ сәтте қонуы болып табылады. Жүсіп кедейлік қамытынан да, соңға түскен құрығы ұзын қуғыншыдан да осылай құтылды. Ер жігіттің басына бақ қонайын десе қиын емес екен. Осылай дәулеті тасып жүре берер ме еді, егер еңкейген шақта барымтаға түскен жылқы дауынан беті қайтпаса... Оның бетін қайтарған нәрсе руының таңбасы еді. «Жылқы сенікі болса, таңбасынан танып ала қой, таңбаң қандай еді?» – деген сұрақтан тосылған ол сол сәтте-ақ шешім қабылдайды. Мүмкін оның бұл шешімі сол сәтте емес, жылдар бойын жүрегіне шемен боп қатқан сағынышы арқылы қабылданған шығар?! Бұл жерде де жазушының астарлы ойына, философиялық тереңдігіне тәнті болмасқа амал жоқ.

Жүсіптің өз руының таңбасын іздеп сонау жас шағында көрместей боп аттанған, кіндік кесіп, кір жуған туған жеріне бет алуы – ұрпақ қамынан, намыс отынан, перзенттік сағыныштан, кәдімгі адами махаббаттан туған ұлы шешім. Әрі шығармадағы оқиғаның шарықтау шегі. Ал оқиғаның шешімі күтпеген жерден шығады. Жылдар бойы ұйықтаса – түсінен, тұрса есінен кетпей қойған Бәлекей сұлу бұл дүниенің жүзінде жоқ екен. Осыған көзі жеткен Ер Жүсіп сол жерде-ақ бақилық сапарға аттанды. Алайда ол ұрпақ алдындағы әкелік борышын да өтеп кетті – көз жұмғалы жатқан Жүсіпті айдаладан кездестірген аңшы жігітке тырнағының көбесі сөгіліп, қанталағанша, бар күшімен шым топыраққа саусақтарымен ойған елінің таңбасын Ақ Жайық жағасында қалған үрім-бұтақ, зәузатына жеткізуді аманаттап көз жұмды есіл ер. Шығарма осылай аяқталды. Әуелі қанжарымен жерді ойып, туған жерінен топырақ бұйырған намысты ердің бетін жасырып, шым топыраққа Жүсіптің өз қолымен салған белгісін айналдыра қазып алып, оны тұлданған аттың еріне артып Ақ Жайыққа бет алды аңшы жігіт. Бұл жерде де жазушы ойының тереңдігі, философиялық тұжырым қылаң береді. Аманатқа қиянат жасамау, қандай қиын болса-дағы бақилық сапарға аттанған жанның аманатын орындау – халқымыздың ең бір озық дәстүрі дер едік. Бұл – көшпенді елге тән мәрттіктің, дархандық пен жомарттықтың да көрінісі. Иманы бетіне тұнған елдің салты солай болар.

Жазушының повеске артқан үлкен жүгі оның астарлы мағынасында. Оны түсіну үшін әр оқырман өзін сол деңгейге жеткізуі тиіс те. Шығарманың композициялық құрылымы осылай. Ал көркемдік шешіміне келсек, ол тіптен тереңде. Жазушының жан дүниесіне ұя салған көркемдікке табыну қасиеті, екіұдай сезімдер арпалысы да осында жинақталған. Иә, жазушы бұл еңбегінде оқырман үшін тосындау оқиғаға құлаш ұрған, махаббат жолында өлімге де даяр Ер Жүсіп қуғын көріп, ел-жұртымен ат құй-

рығын кесіседі. Атамекенін тастап, көз көрмес, құлақ естімес бір қиырға кете барады. Тағдыр дейсің бе, жазмыш дейсің бе, әйтеуір басқа салғанға пенде шіркіннің көнбеске амалы қайсы? Ішінен жылап, сыртымен күлген опасыз тірліктен опа табам деп тырбану-дағы әншейін! Ол осынау қиырға өз еркімен кеткен жоқ, әлбетте. Мәжбүр болды. Соңына түскен құрығы ұзын байшыкештерден Бәйгеторысының жүйріктігінің арқасында ғана құтылған ер Жүсіп үш ұйықтаса түсіне де енбеген Ақ Жайықтың жағасына кеп ат басын ірікті. Қуғыншылардан да, соңына ілескен жоқшылық азабынан да құтылды-ау.

Осы тағдыр шіркіннің адам басына бақ пен дәулетті үйіп тастай салмайтыны неліктен екен? Қайда барсаң да бірі кем дүние...Туған жерде қыр соңынан қалмаған кедейлік ығыр қылса, ал мұнда... Жүрегіндегі күнәсіз сезімнен, жылдан-жылға жанды меңдеген сағыныш дертінен құтылуы тіптен қиынға соқты. Оның бір себебі «Ақ Жайық та өзінің Алакөліне ұқсап, толқынданып ағады екен». Мұндағы ай екеш ай да Алакөлдегі сол ұмытылмас кештерде туған айдың егізінің сыңарындай: нұры төңіректі жап-жарық қылып тұрады екен... Бұндай ұқсастықтар тым көп-ақ. Содан ба, жүректі жылдан-жылға сағыныш дерті меңдеп, торға түскен торғайдай тыпырлатады. Осының өзі суреткердің қиялының жүйріктігі мен нақты өмірді жүрекпен, көкірек көзімен түйсіне қабылдайтынының айғағы.

Көркемдік әлем – табиғатқа жалаң еліктеу емес, сонымен қатар жалпы жалғанның заңдылығы туралы қорытылған ортақ көркем тұжырым. Өмір құбылыстарына әр қилы тағдыр арқылы баға беру, түрлі оқиғалар арқылы ой қорытуға жетелеу, оны көркемдік сүзгіден өткізіп, белгілі бір көзқарас қалыптастыру. Сондықтан көркемдік әлем – жазушы танымындағы қоғамдық сана келбетіндегі өмір суреті. Көркемдік әлем – солардың жиынтық бейнесі. Ол – өмірді түсінудің қуатты құралы. Біз қарастырып отырған жазушы Рахымжан Отарбаевтың аталмыш хикаятындағы

Ер Жүсіптің басынан кешкен мехнаты мен азабы – оның өзіне ғана тән тағдыры. Шын сезімді саудаға салып, ердің басын тәлкекке айналдырған Иендәулет іспетті мырзалар мен олардың жанына ерген «қу мүйіз сығырларға» бұндай сезім мүлде жат әрі күлкілі. Бәлекей сұлу деп алып қашқаны оның күтушісі Күнікей күң болып шығып, намыс отына күйіп тұрған Жүсіп махаббаты мен тағдырын келеке еткен Иендәулетті өлімші қып соққыға жықаны да сондықтан. Сөйтіп атамекенмен біржола қош айтысып, тумысында түгіл түсінде көрмеген Ақ Жайықтың жағасынан бір-ақ шығарады оны тағдыр тәлкегі.

«Адам басы – Алланың добы» деп мәтелдейтін дана халқымыз да жазмыштан озмыштың жоқ екенін мойындаған ғой. Жүсіптің жат өлкеге табан тіреп, атамекенінен біржола аласталу себебін жазушы психологиялық ширығулармен, философиялық тұжырымдармен келтіреді. Сөйтіп, шығармадағы өмір шындығын көркемдік шындықпен шебер астастырады. Осыған орай біз тек шығарманың көркемдік әлемі ғана емес, сонымен бірге жазушының, тіпті өнер типтеріндегі көркемдік әлем туралы да сөз қозғай аламыз. Жазушы Ер Жүсіптің мехнатты тағдырын шынайы сезім сергелдеңімен табыстырады. Кейіпкердің көңіл күйін айнала қоршаған ортамен, табиғат суретімен жарыстыра суреттейді.

«– Қайтып оралар жолың кесілді, қош, ұлым, – деген Алатау шындары, – немесе, – Махаббат бақ та емес, байлық та емес – азап! Аман жүр, азапты Ер, – деп сыбдырлаған алып бәйтерек жапырақтары.

«– Кешіріндер мені! – деген сөзді көзінен ыршып түскен екі тамшы жаспен айтқан Жүсіптің» көкірегіндегі өкініш, наламен шарпысып, көңілге мұң сыйлағандай. Жазушы психологиялық параллелизм арқылы кейіпкердің алдан не күтетіні белгісіз бұлыңғыр тағдыры мен сарсаңға түсірген мөлдір сезімін жайған да салған. Осыдан біз көркемдік әлем объективті дүние мен жазушы санасының біртұтас

бірлігі, бірақ ол объективті дүниенің көлеңкесі не көшірмесі емес, әрине, шартты түрде және белгілі бір дәрежеде өмірлік құбылысқа байланысты, бірақ оған тәуелді болып қалмайтынын көреміз. Себебі суреткер оны өзінше көркем образ етіп жасайды. Жалпы көркемдік әлем туралы пікірді сонау ежелгі дәуірде-ақ сөз өнерінің тұңғыш теориясын жасаған Аристотель айтқан болатын. Ол әр жанрдың ба-сын біріктіре қарастырып, олардың табиғи ортақ себепкері ретінде табиғат заңына еліктеуді алдыңғы қатарға қой деп айтқан, яғни көркемсөздің мәйегі еліктеуден басталады деді (*Аристотель. Соч. – М., Т.4. – С. 646*). Осы көркем еліктеудің өзін зерттеушілер екіге бөлді: біріншісі – жанама (опосредственное) еліктеу, яғни бұнда көркем ойдың негізі танымдық (познавательная) сипат алады да, онда өмірлік шындықтың көркем шындыққа ұласуы барлық заңдылықтар мен түрлік құбылтуды пайдалана отырып қарастырылады. В. Г. Белинский шындықтың бейнеленуінің осындай екі түрін – реалды және идеалды деп екіге бөлді. Ол: «Ақын өмірдің күнделікті тіршілік көрінісін, өмірге, заманға, халыққа деген көзқарастан туындаған әсерін өзінің мақсат-мұратына сәйкестендіріп суреттейді, не өмірдің барлық жақсылығы мен жамандығын сол қалпында шындықты әшкерелей отырып, соның барлығын тәптіштеп, күнгейі мен көлеңкесін қоса нақты суреттейді», – деп атап көрсеткен (*Белинский В.Г. Собр. соч. – М., 1976. Т.1. – С. 141*). – Біз қарастырып отырған жазушы Р. Отарбаевтың «Бесқасқа Беріштің хикаясы» повесінде өмірлік шындық пен көркемдік шындық қабысып, олардың қат-қабат көрінісі қамтылған. Жазушы кейіпкер характерін сомдауда небір күрделі иірімдер мен жан дүние құбылыстарына құлаш ұрған. Шығарманың көркемдік әлемін түсіну – өте күрделі құбылыс. Себебі ол «шындықты нақты бейнелеу» мен көркем ой қорытудың нәтижесі болғандықтан да жан дүние құбылысы арқылы суреткер өзінің көркемдік әлемінің заңдылықтары мен оның ішкі логикалық құрылымын ашады. Ол үшін жазушының

танымдық шеңберін анықтап, оның адам мен дүние туралы түйген ойын түсініп, кейіпкердің іс-әрекетіндегі қозғаушы күшінің себебін, көңіл күйін, сол көңіл күйге әсер еткен жағдайдың әлеуметтік астарын ашып барып, сол жөніндегі суреткердің көзқарасын екшеп барып қорытынды жасау қажет. «Көркем бейне дегеніміз – жалғанның жалпыға ортақ заңдылығының соны көрінісі. Көркем шығарма жанында жасырынып жатқан жан тебіренісі мен құпия күштерді және өмірдің өзінен туындайтын нақты құбылыстар мен оқиғаларды басшылыққа алатын заңдылықтарды дөп басып табады» (Котиков В. В. *Художественный образ и действительность* Кн. Теория литературы, Основные проблемы в историческом освещении. – М., 1962)

Р. Отарбаев аталмыш повесінде кейіпкердің атамекеніне деген сағынышы мен жалған дүниедегі ең жақыны анасының, көкірегінде бітеу жараға айналған Бәлекей сұлудың ешқашан ескірмес елесін байланыстыра суреттейді. «Ақ Жайықтың жағасында тағдыр қосқан жары, тағдыр табыстырған аға-інілері бола тұрып», бір тілім ай Алакөлдің түнгі самалын есіне салатын, түнгі самал Бәлекей сұлудың қоңыраулы сырғасының даусын қыр қуалап, желпіп жеткізгендей бойын ұйытып, көкірегін әлдебір сағынышқа бөлереді. Тым-тым алыста, көз жаздырып кеткен арманының кеуде тырнаған күйігінен қашып, ақылдың салқын сынына ойысқанда кимешегі ағараңдаған анасының:

Ескі айда есірке,

Жаңа айда жарылқа, –

деп тәу ететіні тіл ұшына оралатын... Осы сағыныш оны қартайған шағында көк жорғаға ер салғызып, Итішпестің Алакөлінен бір-ақ шығарған. Себебі, «Ер – туған жеріне, ит – тойған жеріне» демей ме қазекем?!

Жүсіптің осы сапарынан Ақ Жайық жағасына оралмай қалуының да көтеріп тұрған жүгі ауыр. Шығарма шиеленісіп

барып, күтпеген жерден шешімін табады. Тапқанда да... жүрегінде сәулесі бар, көкірек көзі ояу пендеге ой салумен аяқталады. Еріксіз жанарға жас үйіріп: «Жалған-ай, ащы-тұщыны татқызып, дәм бұйыртпайтын жерге дейін апарып, көресіні көрсетіп, жұмыр басты аяусыз-ақ тепкілейтінің рас... «Адамның басы – Алланың добы» деген осы ма, әлде жазмышы түскірің солай бұйырған ба?» – деп кеуде жара күрсініп, кірпік ұшына кідірген тамшыны мөлт еткізетіні де ақиқат.

Жүсіп өмір бойы сағынышын, үмітін кеудесінде әлдилеумен ғұмыр кешті. Осы екі сезім оны қиналған кезінде қолтығынан демеп, жасыған тұста қанат боп жерден көтерді. Кіндік қаны тамған жердің бір уыс топырағын аңсау мен Бәлекей сұлу қай жерде болса да аман жүр, тіпті біреудің жары боп, ошағының отын маздатып отырса да жалған дүниеде бар, жер бетінде тірлік кешуде деген ойдың өзі оған күш беріп, алдағы күнге деген үмітінің әлсіз шырағын жағатын. Қайран, ғашық жүрек! Әйтеуір жер бетінде тірі жүрсем, жүрегімнің түкпірін мәңгіге мекендеген аяулымның жүзін түбінде бір көрермін деген ойдың да оның жанына маза таптырмай, осы сапарға жетелегені рас. Бірақ... О, жалған дүние! Күтпеген жерден соққы беретінің-ай сенің! Бәлекей сұлудың, мәңгілік ғашық жарының қабірін көрген ол бір-ақ сәтте бәрінен айырылды. Мынау жалған дүниедегі көрсем деген жарығы еді... Одан да жұрдай етті мыстан тағдыр! Бәзбіреулер бәлкім, «Еу, сыншым, не айтып отырсыз, Ер Жүсіптің тағдыр қосқан қосағы, одан сүйген, бір ел боп отырған бала-шағасы бар емес пе?» деп дау айтар. Дұрыс. Бірақ адам баласын өмір сүруге итермелейтін ұлы күш, алға сүйрелейтін арман болуға тиісті. Кеудесін кернеген ондай арманы мен көкірегіне бар адамнан жасырып, құпия ұстаған «аяулы махаббат бейнесі» жоқ жанды құр тұлып десе болмай ма? Бұл жерде Ер Жүсіп бейнесі тіпті биіктей түсетіні айқын. «Өңшең жатағанның арасында тұрған мынау қарағай күмбезді зират кімдікі? Жаймен келіп

құлпытасына үңіліп еді, оңнан солға қарай тізбеленген араб қаріптері бір-біріне қосылып бұлдырап, орындарынан сырғи жөнелгендей болды. Көзіне ақ жібек орамал апарып қайта үңілген: «Бәлекей сұлу Серәлі датқа қызы. Жылан жылы туып, үш мүшел жасап, қой жылы дүниеден озды. Иманы жолдас болғай» деген жазуды қаріптеп оқып аяғына шыққанда тұла бойы қалшылдап, жүресінен отыра кеткенін өзі де сезбей қалды». Жылдар бойы түсінен шықпай, жүрегінде құлыптап ұстаған аяулы бейне ақыры сар далаға сіңген сағымдай көлбедеп, ұстатпай кетті-ау, шіркін! Жүсіпті осы күнге дейін жетелеп келген алтын жіп – әз үміт үзіліп, быт-шыт болды. Енді ол үшін өмірдің еш мәні жоқ. Иә, енді оған бәрібір. Жазушы кейіпкердің психологиялық тебіренісі, әлеуметтік жағдайы мен өмірлік тәжірибесін байланыстыра отырып, философиялық-адамгершілік тұрғыдан қарастырады. Бәлекей сұлудың бұл дүниеде жоқ екеніне көзі жеткен сәтте дүние төңкеріліп жүре бергендей боп көрінген Жүсіп алысқа ұзай алмай, сол жерде Көкжорғадан ауып, құлайды. Көзін бір ашқанда көргені төңкерілген көк аспан мен қалықтап ұшқан қыран еді. Бүркітінің бір нәрсеге көзі түскенін байқап, жеделдетіп жеткен аңшы жапан түзде жалғыз жатқан Жүсіптің аузына соңғы рет су тамызады. Тілге келгенде ақырғы айтқаны жүректі толқытардай еді. «Сонау Ақ Жайықтың жағасында ұрпағым қалды, «Бесқасқа беріш» деп табарсың, соларға мына таңбаны жеткізерсің», – деп, дымқыл топыраққа саусағын батыра, тырнағының көбесі сөгілгенше сызып, аша таңбасын түсіреді, сөйтіп елдік таңбасын аманаттап үлгеріп, фәниден алаңсыз аттанады. Бұл қасиетті аманатты Ақ Жайық жағасында қалған Ер Жүсіптің ұрпағына жеткізу мақсатында Көкжорғаны жетекке алып жолға шыққан аңшының қолындағы тау бүркіті иығын қомдап, талпынды: «пштах, пштах». Бұған не көрінді деп аспанға қараған аңшының көзіне көлеңке сынды ілесіп келе жатқан кереге қанат қара бүркіт шалынады... Мүмкін, бұл арманда кеткен есіл ердің рухы шығар...

жазушы ол жағын қазбаламайды. Тек шығарма соңында қай жерде қалғаны белгісіз есіл ердің зиратына салған бір уыс топырағым осы болсын деп, повесті жазып шыққанын айта кеткен.

Соңында еске алып, іздейтін, ісінді алға апаратын ұрпағың болғанға не жетсін?! Автор осы идеяны да баса айтқандай. Мынау алмағайып дүниеге кім келіп, кім кетпеген?.. Сонау Ұлы жүздегі Жалайыр руынан шыққан, тағдыр желінің айдауымен Кіші жүзге сіңіп, онда бір қауым ел болған Жүсіптің тағдыры шым-шытырыққа толы. Бұл жерде атамыз қазақтың дархандығы Құлкеш бойындағы тектілік пен сырбаздықтан, адамгершілік пен болашақты болжай білген сәуегейліктен көрінеді. Сонау сағымға толы сар даланың бір шетінде жатқан Жалайыр руының саяқ жүрген бір құлынын үйіріне қосып, баптап, өмірін кейінге өнеге еткендей жағдай туғызған Құлкештің бейнесі де адамдықтың ақ туын желбіреткен мәрт бабалар бейнесін еске салатыны ақиқат. Кейіпкер тағдырын шындық өмірмен тұтастықта суреттей отырып, оқиғадан гөрі өмір сүру мәселесіне ден қойып, оған психологиялық-философиялық, әлеуметтік жағынан байланыстырып, қилы әдеби тәсілді қолдануы – повестің мазмұнына да жазылу мәнеріне де, желісіне де, ішкі құрылымына да әсер етіп, мүлдем жаңа сипат берген.

Біз жазушының көркемдік әлеміне әлі талай ораларымыз сөзсіз. Жазушының өзіне ғана тән стилі, сөз қолданыстары да повесть мазмұнын аша түскен. Қысқа ғана мақалада «Бесқасқа беріш хикаясы» повесін сан қырынан талдап көрсету мүмкін болмады. Біздің әңгімеге арқау болған – шығарма көтерген тақырып пен өмір шындығының қабысуы ғана. Жазушы философиялық терең тұжырымдар арқылы адам өмірінің мәні – мәңгілік махаббат екенін өзіне ғана тән дара стильмен өрнектеген.



ҚОҒАМНЫҢ БІТЕУ ЖАРАСЫ

Адамның көңіл күйін табиғатпен үндестіретін психологиялық әдіс суреткердің туған даласына, туған жеріне деген перзенттік сүйіспеншілігінен басталады. Көркем әдебиетте психологиялық егіздеу өзінің даму сатысында ұзақ жолды бастан кешкен, себебі ол халықтың сана-сезіміне, дүниетанымына сай образдар мен суреттер негізінде өрістейді. Мезгіл өткен сайын мекен суреті өзгеріп, халық жадына ежелден сіңген түсініктердің екшеліп, бара-бара өзгеше қалыпқа енуі заңды. Адам мен жер, табиғат, оның орын тепкен мекені осыған байланысты ұғым, тіл деген мәселе көркем әдебиет үшін, яғни образпен ойлау өнері үшін халықтың айнала әлемді бейнелі сурет, кейіптеу жолымен тануы үшін ең алғашқы деректер болған. Әдебиеттегі дәстүр дүниетанудың көнеден келе жатқан жөн-жосығымен тікелей байланысты екені анық.

Көркемөнер туындысы, оның ішінде өлең – халықпен бірге жасасып келе жатқан, халық ғұмырнамасының шежірешісі. Өлеңді, поэзияны зерттеп, оның қыры мен сырына ден қою – халықтың рухани әлеміне, дүниетану дәстүріне зер салу. Халықтың рухани әлемін алға апаратын әдебиет көшін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратындар – ерекше туған дарын иелері, ақындар, жазушылар. Жақсы шығарма – сирек қазына, халық мандайына біте бермейтін құт. Әдеби туын-

ды арқылы адамзаттың әр буыны табысады, арызы мен арманын, тілегі мен мұратын ортақтастырады, бүкпесіз сыры мен көкейкесті мұңын тоғыстырады, артқыға сол шығарма арқылы өсиет айтылады.

Әдебиет туындысы, өнер – халықтың өшпес рухы, жан серігі. Өнер туындысын, поэзияны қанаттандыратын қуат – адамның рухани сұлулығы, жан тазалығы. Сондықтан да халық жүрегіне жол тапқан әдебиет туындыларынан осы бір қасиетті сезімді діттеген шығармашылық адамның жүрегінің мөлдірлігін көруге болады.

Ал енді көркем әдебиеттегі адам мен табиғаттың өзара гармониясын, туыстастығын паш ететін психологиялық егіздеуге келетін болсақ, ол көріктеу құралы ретінде өнер туындыларында әр кезеңде әр қилы көрініс беріп отырған.

Лирикалық кейіпкердің рухани жан дүниесі мен жаратылыс әлемін, табиғат көрінісін тұтастықта нақыштау арқылы философиялық тұжырым жасау, ақиқатқа жол ашу – көне замандағы өнер туындыларынан, қара өлең, жыраулар поэзиясынан жалғасып келе жатқан дәстүр. Сондықтан оның шығу тегі, пайда болуы тым әріден, әфсаналық (мифологиялық) таным кезеңінен басталады.

Халқымыздың дәстүрлі дүниеге көзқарасында ұзақ заманалар бойында көшпелі өмір салтымен қауымдасқан, онымен үйлесім тапқан салт-сананың, әдет-ғұрыптың, талғам-түйсіктің айқын сипатты белгілері сараланған. Дәстүрлі зерденің тегі мен тамыры табиғаттан бастау алып, заттар мен өмір құбылыстарының тіршілік талабымен үйлесе сұрыпталуынан туындап жатады.

Негізінен, қазақы ұғымда адамды қоршаған дүние мен табиғат жаны бар, сапалы құбылыс деп пайымдалады. Бұл құбылыстардың сол бір көне замандарда басқаша өре танытуы мүмкін де емес еді. Себебі табиғат деген қашанда адамның көз алдында құбылып, қозғалып өсіп-өніп,

өліп-таусылып, қайтадан жасарып-жаңғырып, бейне бір тіршілік етіп тұрғандай ғой. Демек, табиғат – қазақтың өмір сүру ортасы ғана емес, табынатын пірі де. Қазақтың кара өлеңінде болсын, жыраулар поэзиясында болсын, ауыз әдебиетінің басқа да саласында болсын, лирикалық кейіпкер табиғат құбылысымен адамша тілдеседі, сырын айтып, мұңын бөліседі, табиғаттың жекелеген бөлшектерін кие тұтып, табынады. Бұдан адамның табиғат пен байланысын, табиғатқа тікелей тәуелділігін байқауға болады. Өйткені көшпенділер түсінігінде табиғат – адам тектес те, адам – табиғат тектес. Адам мен табиғат – тұтас. Макрокосмос (табиғат) пен микрокосмос (адам) – терезесі тең қос жүйе. Мұндай натурфилософиялық негіз адамды табиғаттың, ғарыштың бөлшегі ретінде қарауға мүмкіндік туғызады. Халықтың осы дәстүрлі түсінігін ақын-жыраулар өз туындыларының, өлеңдерінің көркемдік ерекшелігін биік сатыға көтеру үшін шебер де еркін пайдаланған. Қазақ өлеңдеріндегі психологиялық параллелизм халықтың ежелгі таным-түсінігінен бастау алып, уақыт өткен сайын жаңарып, жасарып, поэзияда көріктеу құралына айналған. Себебі, халықтың табиғат байланысынан, табиғат құбылысын түсінуге тырысқан ойларынан кейбір философиялық мәні бар ұғымдар туған. Табиғатқа, жаратылыс әлеміне дәстүрлі көзқарасының идеялық өзегінен жеке заттарды киелеу, жандандыру (анимизм), кез келген затты, табиғат құбылысын тірі деп санау (гилоизм), оларға адам пішінін телу, табиғат құбылысын кейіптендіру, кісілік мінез дарыту, т.б. секілді ілкі замандарда халық басынан әр буыны қадау-қадау жеке дәуір боп өткен танымның толысу сатыларының мұраттары белгі беріп отырады. Осы айтылған құбылыстардың жиынтығы ғылымда танымның мифологиялық немесе әфсаналық кезеңі деп аталады. Мифологияны көне дәуір философиясы деп санасақ, халықтық пайымдау жүйесі –

осы мифология мен философия арасын жалғастырушы дәнекер қызметін атқарады. Философия – мифологиядан пайда болған, демек, халықтық таным аппараты мифологиямен де, философиямен де байланысты. Ал біз назар аударып отырған психологиялық егіздеу табиғат құбылысы мен адам көңіл күйінің үндесуі (гармониясы) болып табылады. Сонда мифологиядан бастау алған шығармаға философия терең мазмұн берсе, психологиялық егіздеу берілген ойды, әдеби туындыдағы философиялық тұжырымды табиғат дидарымен байланысты көрсетеді, тереңдете түседі, тың ой, соны идея қосады.

Көркем әдеби дүниедегі философиялық түйін мен психологиялық егіздеудің өзара үндесуі – қазақтың көркем сөзі дамуының тарихи тағдырын танытудың да кілті. Мифтік таным дәуірі канша созылмалы болғанмен, өткінші дүние екені тарихтан мәлім. Оны танымның ақыл мен білімге негізделген «жаңа» дәуірі, яғни рационалды ойлау немесе «ақылдылық» дәуірі ығыстырып, жеңіл, өрелі тұғырынан тайдырады. Алайда мифтік сана бұдан кейін де тіршілік етуін доғармайды. «Жаңа» мен «ескі» ұзына дәуірлер бойына үзенгі қағыстырып қатар жүреді. Тіпті әбден дағдарысқа ұшырай бастағанда мифологиялық мұрағаттар ұлттық өнердің айшығына, бояу мен көркемдік ажарына айналып кетеді.

Дәстүрлі қазақ ұғымында жеке заттарды киелеу (фетишизация), пір тұтып табыну және оларды жаны бар нәрсе (гилоизм) деп санау бар деп жоғарыда айтып өткен болатынбыз. Міне, енді рационалды ойлау немесе ақылдылық дәуірінде жаңағы киелі деп саналып, пір тұтқан үкі қауырсыны, көкбөрі (тотем), жалғыз терек, аққу, т.б. мүлде басқа тың мағына тауып, ұлттық өнерден, әсіресе қазақ әдебиетінен көрініс береді. Ақындар мен жазушылар осы дәстүрді өз туындыларында мүлде басқа қырынан

пайдаланады, яғни табиғат құбылысын, табиғаттағы киелі деп саналған жекелеген заттарды өз көңіл күйімен, көңіл пернесімен қатарластырып, үндестіріп суреттейді. Сөйтіп мифтік танымнан бастау алған философиялық ұғым көркем әдебиет шығармасына көрік, айшық береді. Бұған мысалды қазақтың қарапайым қара өлеңінен бастап, әфсана, аңыз, ертегілерінен, бүгінгі қазақ әдебиетінің өкілі Рахымжан Отарбаевтың әңгімелерінен табуға болады. Мысалы, жазушы шығармаларындағы «ақ көбелектер», «Манас мінген сәйгүлік», «жағада жүрген ер-тұрманы жоқ тұлпар», «көлдiң иесiндей боп тұрған шал», «жаңбыр кемiрген мола-лар» жазушы жүрегіндегі мұң мен айтар ойының астарлы, тым тереңде екендігінен хабар берсе, ол қазақтың фольклорында да бар үрдіс.

«Аспандағы ақ көбелектер» деген әңгімесіндегі Дәурен деген бас кейіпкердің «тағы да ақ көбелектердің соңынан қуып діңкелеп, аңқасы кеуіп оянуы» оқырманды тылсым бір ойларға жетелейтіні сөзсіз.

Кейіпкердің даралық, жалғыздық сипаты ақ көбелектермен үндесіп, жарасымын тапқан. Жазушы халық санасына жақын, жүрегіне жылы тиетін «ақ көбелектермен» өз жүрегінің, өз көңілінің үйлесімін дәл тауып, шебер қолдануы шеберлік дер едік. Халықтық дәстүрді жаңа заман үрдісіне сай сәтті жалғастырған. Осы әңгімеде жазушы адамның табиғатпен қарым-қатынасының қарапайым суретін жасайды. Психологиялық егіздеу арқылы жазушы мифтік кезеңде жалғыздық пен беймәлімдік рөлін атқарған «ақ көбелектерден» терең философиялық ой тұжырымын жасауға ұмтылады. Жазушы ізденісі сәтті. Еңбегі жемісті. Оны осы әңгімені оқи отырып көз жеткізіп, дәлелдеуге әбден құқымыз бар.

Жазушы оқырман алдына белгісіздікті, беймәлім көңіл сергелдеңін көлденең тартады. Мына жалғанда арманына

адаспай жеткен, жоқ іздеп сандалмаған пенде бар ма, сірә? Дәурен соның алғашқысы һәм соңғысы да емес. Өткен күндер елесін тандайда тамсап көз ілу, өзің бір кезде адастырып кеткен аяулы елесті іздеп жанұшыру, өңің түгіл түсіңде де сол бір жүректі сыздатқан құса-мұннан арылмай, сағыныш азабынан аңқан кеуіп аңсау – бар пенденің басында бар.

Әңгімеде кейіпкер басынан өтетін оқиғалар рет-ретімен баяндалмайды. Сонысымен тартымды. Үзік-үзік санада сақталған елестердің жарқ етіп көрініс беруі арқылы кейіпкер жан дүниесін жарқыратып ашуға ұмтылады суреткер. Қанша соңынан қуғаныңмен, қанша өкініп бармағыңды тістегеніңмен өткен күн тегершігін қайта айналдыра алмайтының тағы айқын. Тән жарасы жазылар-ау, жан жарасын айтсаңызшы! Жазушы әңгіме астарына осындай астарлы ойларды телігені сөзсіз. Әйтеуір, әңгіме бірден оқырманды ойлануға жетелейді. Ортасында иірімі бар өзен іспетті, тереңге тарта жөнеледі. Неге ақ көбелектер енеді түсіне? Ақ көбелек дегені несі? Кейіпкермен бірге базар жақты бетке алып ұзақ жүруге тура келеді. Базарға беттегенде адамдар белгілі бір мақсат қойып баратыны рас. Ал біздің кейіпкеріміз болса олай етпейді. Оның тіпті базарға қарай жүруінің өзі өзгенің жүрісіне ұқсамайды. «...батып-шығып, шығып-батып ұзақ жүрді», жүрген деген аты ғана, өткенді санада тірілтуге тырысады, сол естеліктерді талғажау қылады. Еш мәнсіз тірліктен барқадап таппаған жалғыз бұл ғана ма? Әлбетте, жоқ... Алайда кейіпкер басқа еш нәрсеге мойын бұрмайды, өзімен-өзі. «Шөл ғой шыдатпай жүрген», – дейді оның осы бір түсініксіз сергелдеңін автор. Ненің шөлі? Қандай шөл? Сезім шөлі, жан дүние шөлі, сағыныш шөлі деуге болар. Өйткені оның іздеген адамы әлдеқашан ғайып болған, үкілеген үміті баяғыда үзілген. Кейіпкердің өзімен-өзі болған оңаша қалпын: «Ой, дәурен-

ай», – деген дауыс бұзады. Бұны шақырып тұрған ешкім жоқ, тек жанынан өтіп бара жатқан кейуананың жастық шағын аңсаған күрсінісі екен. «Мен де сендей болғанмын, ...Сен де мендей боларсың», – деп жетегіндегі жас қызға кеудесіндегі бар арманы мен аңсауын екі ауыз сөзбен жеткізген кейуана да жастық дәуренін аңсайды екен-ау...

Иә, Дәурен де бір кезде базарда шалбар сатып тұратын шаруасына пысық жігіт еді. Бұйра бас, ақсары өнді, ашаң, әдемі жігіттің саудасы жүріп, дегені болып тұрған кездер-ай, шіркін! Енді, міне, айдалада, ешкімге керексіз болып, лақтырылып қалған босаған қалбырдай күйде. Ішкі жан дүниесі әлдеқашан пендешілік отына күйіп кеткені өкінішті! Бәрі қалай басталып еді о баста? Жазушы тағы да санада сартап болған естеліктерге жүгінеді. Жарбай ауылында, жалғыз ұлдың тілегін тілеумен күн өткізген кейуананың көлбеңдеген кең көйлегінің етегіне алтын шуақ үйіріліп бұны қалаға шығарып салған кездердің соншама ыстық, жанға жайлы елесімен бірге Әлиманың суреті де қалқып шығады сонда. Оқиға да енді басталады. Әңгіменің экспозициясы үйреншікті, кәдімгі әдет бойынша ең басында емес, ортасында екен. Періште көңіл, сәбидей пәк, сол адалдығымен сүйкімді, жаны сұлу сол бір жан... Дәуреннің тайқы мандайына ғана емес, мынау опасыздық пен көлгірлік толы дүниеге сыймайтын қыз ғой Әлима... Күзге салым отау құрмақ болып уәделескен... Ортаға базар қожасының қызы түсті. Оқиға осылайша өз-өзінен дамып, өрбіп жүре береді. Базардағы бүкіл қатын-қалаштың аузының суы құрып айтатын Сырғалым. «Джиптен» түспейтін, бай таңдайтын Сырғалым... Негрге күйеуге шығып, тайпа көсемімен таласып, шетелден қуылып келген Сырғалым... Жоқ жерде Жарбайдан келген жаман ұлға емешесі үзіліп, дінкесі қата қалыпты... Жазушы Әлима мен Сырғалымның бейнесін қарама-қарсы контраста шебер қолдану арқылы

типтік бейне сомдаған. Қазақ қыздарының осы заманғы келбеті. Соншалықты кереғар, қарама-қайшы, сондығымен де шыншыл, өмірдің өзі іспетті. «Жанарының бояуы әкесінікіндей қою жұқпаған, аспан түстес көгілдір. Қарама-қарсы кеп тұра қалғанда тепсінген қос анары алқымынды тіреп, аузыңа асатып жібергендей» Сырғалым екеуінің іссапары басталып кеткен... Иә, базар қожасының жалғыз қызы Әлимаға сырттай үкім де шығарып қойыпты. Жалғанды жалпағынан басқан байдың қызы Жарбайдағы жалғыз кемпірді қайтеді, оның жаман ұлын қайтеді, тек кезекті бір еркелігі-дағы... Сонда адам тағдырымен ойнай ма, бәтшағар?! Іссапардан келісімен Сырғалымның дегенінен шыға алмай, «Неке сарайына» екеуі барып арыз берген... Әлимаға берген уәде қайда? Әлиманың тағдыры сол кезде Дәуреннің қолында тұр еді ғой... Айдың-күннің аманында соқталдай жігіт неге адасты? Көзін шел басты ма? Әлде байлықтың мысы басты ма? Белгісіз... Тек сайтанның арбауынан шыға алмай қалғаны анық.

Сырғалыммен қала қыдырып, бір төсектен өріп жүрген шақта қалаға ұлын іздеп Ана келген. Бірақ, көре алмайды, кездеспейді. Өйткені жалғыз ұлдың өз басына билігі жоқ. Соңғы рет Әлимамен кездескенде: «Барсың ба?» – деп жай ғана жымыған. Шыны ыдыс сынбады. «Айналасын көзге көрінбес мұңмен құрсаулап тастаған екен. Екі қасының ортасындағы тарыдай мең балалап, жүзіне құмырсқаның ізіндей білінер-білінбес болып жайыла бастапты», – деп суреттейді жазушы. Жетім өскен, аға-жеңге қолына қараған шерлі қыз мұңаймағанда қайтеді? Сенген жанының түрі мынау, перімен көңілдес боп жүрген... Өз намысының отына күйген Әлима у ішіп, ауруханаға түседі. Базардағы қатын-қалаштың аузына қақпақ қоя аласың ба, ішінде жеті айлық нәрестесі бар екеніне дейін біліп алған ғой, шіркіндер! Өзін-өзі жеп, өсекке жемтік болған

адал жан өз арына, қыз намысына күйіп кеткен екен... Ауруханаға жеткен кезде «Беті әлгінде ғана жабылған мәйіт орнынан ақ нұр болып қайта көтерілген. Кәдімгі Әлимасы. Судағы бейнедей қалықтап кеп аңтарылып қалған мұның жанына жетіп тоқтады. Мұңайып, кінәлай қарап сәл бөгелді де, будай ыдырап төбеге сіне берді. Қасында көктемгі алма ағашының гүліндей ақ көбелек қалт-құлт ұшып қоса кетіп барады». Әңгіме аяқ астынан осылай шешімін тапты. Осынау сатқындық пен былық-шылыққа толы қоғамда тазалық үлгісіндей жан бар еді. Ол да кетті бақиға...

Әлима – ауылдан қалаға оқуға немесе жұмыс іздеп келген қазақ қыздарының жиынтық бейнесі. Иә, Дәурен сынды жігіттердің құрға уәдесіне сеніп, алданып қалған қыздар қаншама? Соның салдарынан өмірге келген жетімдер қаншама? Жазушы осы бір қоғамның бітеу жарасындай ащы шындықты әңгімеге арқау ете отырып, қазіргі қазақ жігіттерінің де бейнесін сомдаған. Ол – Дәурен. Тепсе темір үзетін атпал азамат. Алайда уәдеге берік емес, сертке тұрақсыз. Байлық пен мансап көрсе болды, табанының бүрі жоқтықтан соларға құл болуға әзір. Сырғалым арманына жетіп, Дәуренмен неке қиған. Алайда аспанға ақ нұр боп көтеріліп кеткен Әлима басқаларға көрінбей, Сырғалым мен екеуінің ортасына түсе берген. Ал көктемгі алма ағашы гүліндей бір шөкім ақ көбелек ғайыптың ақ нұры мен Дәуреннің арасында қалт-құлт, қалт-құлт байыз табар емес. Сол жерде ессіз талып құлаған Дәурен. «Некесіз жаратылған сәби екі дүниеде де шырылдап әкесін іздеумен өтеді», – десін әлдекім базарға кеп кіргенінде. Е, тәйірі-ай, жалғызының тойына кеп, топалаңын көріп Жарбайына бәйіт айтып жылып қайтқан шешесінің даусы екен ғой. Бала күнде естігені құлағында тіріліпті». Әңгіменің оқырманға айтар философиялық тұжырымы осы.

Базар қожасы әлдеқашан тегістетіп жіберген Әлима тұратын орынға келіп: «Су беріндерші. Су! Су!» – деген

жігітке ешкім қайырылмады. Өзі де ешкімнен су дәметпейді, тек дағдысы осы. Ал ақ көбелектер болса айнала-сында қалт-құлт етіп ұшып жүр... Замананың зары! Ал базар қожасы мен оның қызы неге шүйлікті Әлимаға? Неге жігіт құрып қалғандай Дәуренге жабыса қалды? Өйткені өздерінде ондай тазалық, адалдық, мөлдірлік жоқ! Өздерінде ондай іңкәр сезім де жоқ! Олар тек ақшаның, байлықтың, мансаптың құлы. Бірақ қарапайым пенделік бақыттан жұрдай. Сондықтан бақытты жандардың өмірін де тас-талқан етіп қиратуға құлшына кіріседі. Олардың бұл әрекетіне жол бермеу үшін Дәуреннің өз жолын білуі, өз бақытын қорғауы қажет еді. Алайда, өкінішке орай, бүгінгі қоғамдағы жігіттердің дені Дәурен іспетті, қалай адасқанын білмейді. Тек бақыт құсы қолдан ұшып кеткенде ғана сан соғатыны тағы рас. Ақсақ кемпірдің қызымен диалогі, шалдың ұлымен диалогтары арқылы жазушы бүгінгі таңдағы жастардың жан сарайының жүдеулігін көрсеткен. Суреткер қоғам өміріндегі апатты жағдайды, яғни адамдардың ішкі сарайының кедейленіп бара жатқанын, жастардағы рухани құлдырау жайын тым әріден қозғайды. Ой-өріс шеңберінің тарлығы, рухани мешеулік қана қоғамдағы күрделі дағдарыстарға, тіпті тұтас ұлттың өзіндік салт-санасы мен тұрмыс-тіршілігін ұмытуға, ұлттың жойылуына апарып соғатын себептерін астарлап толғаған. Терең ойлылық пен пәлсапалық тұжырым – жазушы шығармаларының өміршендігінің айғағы.



САНА СОҚҚЫСЫ

Академик Зәки Ахметов: «Поэзия – сөз өнері, шеберліктің теңдесі жоқ үлгісі», – деген болатын «Поэзия шыңы – даналық» деген еңбегінде. Біз осы сөзді қазақ прозасына да қатысты қолданған дұрыс дер едік. Өйткені, бүгінгі қазақ прозасы күнделікті өмірдегі аса маңызды құбылыстарды бейнелеп көрсетуде зор мүмкіншілікке ие екенін ешкім де жоққа шығара қоймас. Өнердің асыл тегі саналатын сөз өнері ғасырлардың шаң басқан қойнауынан бүгінге дейін адам болмысының қат-қабат сырын бейнелеп көрсетуімен құнды екенінде дау жоқ. Бейнеліліктің негізгі өзегі – таным-түсініктер сан мәрте алмасқан замандардың қоңырауын күмбірлеткен ата-бабалар танымынан бастау алған ұғымдар екені тағы рас.

Көркем әдеби шығармадағы бейнелілік аясындағы әңгімені көркемдік ойлау жүйесіндегі кейіптеу тәсілі мен мифтік ойлауға тән анимистік сенім сабақтастығы төңірегінде өрбіткен дұрыс. Адамзат дамуының алғашқы кезеңіндегі табиғатпен бірлік сенімі ондағы әрбір зат пен құбылысқа жанды рух түрінде қарап, оны сана-сезімге ие жаратылыс деп қабылдауға негіз болары ақиқат. Бұл ұғым ғылым тілінде «анимизм» деп аталады. Анимизм – табиғаттың, бізді қоршаған ортаның, барлық заттың жаны бар деген түсінік, қарапайым жүйедегі ойлау.

«Анимизм – қоршаған орта мен табиғат құбылыстарының рухы, жаны бар деп пайымдалған түсінік. Анимизм алғашқы қауымдық дін негізінде және алғашқы адамдардың табиғат күштері алдындағы дәрменсіздігінен туындаған. Мифология анимизм орманның, таудың, ағаштардың, бұлақтың, өзеннің, жел мен толқынның жаны бар деген сенімнен туындағанына куәлік етеді. Жыл мезгілдерінің ауысуы, тасқынның болуы, дауыл, т.б. құбылыстарды ежелгі адамдар табиғаттың жанды күштері түрінде түсініп, адамға тән іс-әрекетке ие адам бейнесінде қабылдаған». Мифологиялық сөздікте берілген бұл анықтама қазіргі әдебиеттегі кейіптеу тәсілінің қайдан бастау алғанын аңғартатыны сөзсіз. Әдебиет пен өнер дамуындағы ежелгі дәуірден қазіргі күнге дейінгі мифологияға назар аударып, оны көркем туындының материалы ретінде пайдаланып келгендігі туралы пікір белгілі дәрежеде көркемдік ойлаудың алғашқы дүниетанымдық ұғымдармен тығыз сабақтастықта екенін дәлелдейтіні шындық.

Қазақ әдебиетіндегі прозалық шығармаларына көз салсақ, М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», О. Бөкейдің «Қар қызы» повесі тұтасымен бейнеліліктің, оның ішінде кейіптеу арқылы жасалған психологизмнің үлгісі дер едік. Табиғатқа «жан бітіріп», «адамдандыра» суреттеу осы екі жазушының бар шығармаларына тән десек қателеспесіміз анық.

Адамның көңіл күйін, жан толғанысын, әр кезеңдегі, әр сәттегі толқуын, қуанышы мен мұңын табиғатқа теліп суреттеуде кейіптеу арқылы жасалған психологиялық параллелизмнің алатын орны бөлек. Ай мен күн, жел, түн, өзен, гүл сияқты табиғаттағы заттар мен құбылыстар көркемдік ойлау жүйесінде адамға тән іс-әрекетке ие болып, ауыстырылып, салыстырылып, егізделіп көрсетіледі. Бұндай колданыстардың арасындағы байланысты тағы да

көне дәуірдегі таным, басқаша айтсақ, мифтік сана үстемдік еткен дәуірдегі мифологиялық ойлау жүйесі мен адамзат санасы өскен тұстағы көркемдік ойлау жүйесі арасынан іздеу заңды.

Кейіптеу арқылы жасалған психологиялық параллелизм – көркем шығармадағы кейіпкер болмысын ашудың бірден-бір жолы. Көркем әдебиетте шындықтың баяндалмайтынын, тек аңғартылатынын, бейнеленетінін ескерсек, бұл көркемдік құралдың маңызды орны өз-өзінен белгілі болады.

Қазіргі прозалық шығармалардан жаңғыртыла, жаңартыла жасалған кейіптеу аясындағы психологиялық егіздеуді молынан кездестіруге болады. Психологиялық егіздеу туралы сөз қозғағанда ең әсерлі табиғат құбылыстары мен заттарының суреттелуіне тоқталсақ, көркем әдеби тілде аспан, бұлт, өзен, құс, т. б. ұғымдар адамға тән іс-әрекетпен көрсетіледі. Көңіл күй құбылыстарын, қуаныш пен мұңды сезімдерді табиғатпен атастыра суреттеу – жазушыдан шеберлікпен қатар сезімталдықты, аңғарымпаздықты талап ететіні айқын. Қазіргі прозалық шығармаларды жазып жүрген жазушылар ішінде тіл кестелілігі, бейнелеу шеберлігі мәселесін ауызға алғанда, есімізге бірден түсетін Рахымжан Отарбаев екенінде дау жоқ.

Жазушының «Жалғыздық» деген әңгімесінде жоғарыда айтылған көріктеу құралы кеңінен қолданылған. Мәселен: «Күн көкжиектегі ұясын тақтап шықты.

Сынық сүйемдеп көтеріліп еңсесін тіктеді де, дүниенің бәріне мырзақол сақилықпен өзі жағып шыққан қызғылт сары бояуын енді біртіндеп өзі сүртіп ала бастады. Көктем қуатына мінгесін қысыр бұлттар саяқтың үйіріндей бұлтыңдап қашып байыз таппайды».

Бір ғана сәттегі табиғат суреті. Бір қарағанда сөзбен салынған пейзаж. Жазушы назарына алынған күн мен бұлт

сипаты ауыстырылып, басқа әрекеттермен көрінген. Күннің «ұясын тастауы», «еңсесін тіктеуі», «баяуды сұртуі», бұлттың «бұлттыңдап қашуы» шын мәніндегі өз әрекеті емес екені түсінікті. Р. Отарбаевтың осы бір кейіптеу арқылы жасалған психологиялық егіздеуі бүгінгі прозамыздың көркемдік қуатын танытатын сипаттың бірі екеніне де сөз жоқ.

Жалпы, жазушы табиғатпен етене араласып, оны сөйлетуге бейім. Сезім әлеміндегі күллі құбылысты табиғат арқылы бейнелеп жеткізудегі шеберлігі психологизм тәсілімен жазылған шығармаларынан көрініс беріп отырады. Жазушы әңгімелерінде табиғаттағы әрбір зат, әрбір құбылыс назардан тыс қалмай, іс-әрекетке ие болып, оралымға еніп кете береді. Солардың бірі – өзен. Біз талдап отырған «Жалғыздық» әңгімесінде: «Қос жағалауын толқын тілімен жалап, шымырлап Шора өзені кетіп барады», – деген бейнелі жолдар бар. Көз алдымызға өзеннің құмдауыт жағасы, су бетінде жыбырлаған толқын елестейтіні рас. Кәдімгі жайма-шуақ табиғат келбеті. Қызықтап тұра бергің келеді. Міне: «Үкілібас қамыстың сыбдырынан үріккен ақмандай қасқалдақ бір топ балапанын қақпайлап қиялай жүзеді. Бар жаһанның салмағы өз иығына түскендей бір мақтаншақ әуілдек қалыңдық ішінен «әуп» деп дауыс көтерді де жым-жырт қалды. Арғы жағалауда жарбиып қаннен-қаперсіз жалғыз үй тұр. Үй іргесінде қабырғасын санап алғандай жетім құлын жүр. Онысы күншуақ жалғыздап суырып берген көгораймен қоймай тістесіп жатты. Қозыкөш жерде қыр басынан жапырық інгеннің жабуындай боп, күн жеп тоздырған молалар қарауытты», – деген жолдардан бәріне таныс қазақы ауыл бар тыныс-тіршілігімен тұра қалғандай болатыны рас.

Бейқам дүние бар сұлулығымен көлбеп жатыр. Жанға әрі ыстық, әрі жақын. Самал жел бетті желпігендей, жусан

иісі мұрын жарғандай, өзен күмбірі, жапырақта мөлдіреп тұнған таңғы шық. Алайда күтпеген жерден оқиға басталып кетеді. Оқиғаның басталуы да қызық: «Кім бар, ей? Қайық әкел, қайық!» – деп айғай салған кейіпкердің өз даусы жаңғырып өзіне: «Сені күткен ешкім жоқ!» – болып естіледі. Осы сәттегі кейіпкер басындағы жан күйзелісін суреттеген: «Денесі құсеттеніп, жақ жүні тұрып кетті.

Жағалауда емініп тұрған үйелмелі-сүйелмелі қарындасы – ағасына, ұл – шешесіне, әйелі – есқара көріп күйеуіне назар бұрды. Күйеуі түскір көзін өзеннен секіртеп, жаңбыр кеміріп тастаған молаларға қарады. Өзара сүйеніш тауып иін тіресіп қалған өлі ауылдың орта тұсынан ақ жаулықты біреу бас көтерген сынды.

Әлде қанатын қызықтаған ақ шағала ма?

Жалт етіп жоғалып тасаға түсіп кетті», – деген жолдарды оқығанда жүрегі құрғыр солқ етіп, төмен түскендей сезімді бастан кешеріңіз ақиқат.

«Қалалық боп кеткенмен, далада өскем», – деп Мұқағали ақын жырлағандай, бір кезде ақжелкен арманға қол созып, ауылдан алыс кеткен кейіпкер бүгін ауылға оралған... Бірақ ауылына жете алмай, қол созым жерде тұрып зарығады. Араны бөліп Шора өзені жатыр. Арғы жағада тұрған оның даусын еш адам естімейтіні ғой жанды қинаған. Бәлкім, ол да емес. Жазушы әңгіменің басында жетім құлынды бекер суреттемепті. Сол жетім құлынмен кейіпкер көңілін табыстыра, салыстыра суреттеп тұр екен. Қыр басындағы молаларды да босқа ауызға алмапты. Сонда аяулы анасы жатыр. Кейіпкер көзіне мола арасынан ақ жаулықты біреу бас көтерген іспетті боп көрінуі тегін дейсіз бе? Жоқ... Перзенті қиналған сәтте тек ана рухы ғана жанұшырып, көмекке асыққан тәрізді... Ал ауыл болса ештеңе естіместен мүлгіп тұр. Бұл – әңгіменің басталуы, яғни экспозициясы. Оқиға әрі қарай өрби түседі.

«Күн тас төбеде әткеншек теуіп тұрды.

Екі ұртын томпитып бақа шулады.

...Әупілдектің жамағайыны, жылтиып көкек көрінді. Қайық күтіп өндіршек созып тұрған төртеуді менсінбей, жалғыз түп бұтаға құйрығын төсеп қонды. Көңілшек қасқаның жатынын жұмыртқа қысып, жат ұя іздеп жүргені шығар.

– Кө-кек!

Даусы сүйкімді екен. Көктемнің кемпіршуағына арқа төсеп құтырып қал. Сенің шешен молада жатып, Шораны кешіп жете алмай, зарығып тұрған жоқсың ғой...»

Жазушы күнді бейнелі түрде «жандандыра» суреттейді. Көкжиектегі ұясын тастап шыққан күн – таң болса, тас төбеде әткеншек тепкен күн – тал түс. Таң атқалы қайық күтіп жағада тұрған кейіпкердің ойына не келіп, не кетпеді десеңізші! Содан да оның мұңын көкекпен айтыстыра отырып, оқырманға жеткізеді жазушы. Қол созым жерде тұрған анасының бейітіне жете алмай зарыққан жолаушының халін жетім құлынмен егіздеп суреттейді. Мысалы: «Арғы бетте көгораймен айтысып жатқан жетім құлын бас көтеріп кісінеді. Жазған-ау, сен көкек емессің ғой... Бүйірі шығыпты. Жабағы жүні түсіп, бүйірі бұлтиған соң шешесі жатқан есіл қырды бұл да ұмытып кеткен. Есі кіргені кеше ғана». Көкекті де тегіннен-тегін сөз қылмаған. Жат ұяға жұмыртқасын тастап кететін көкектің балапаны да жатбауыр екені шындық. Осыны: «Жазған-ау, сен көкек емессің ғой», – деген жол арқылы соншама әсерлі, мұнды қылып берген. Жүрек сазып, көзге жас іркіледі. «Жетім қозы тас бауыр. Маңырап да отығар» деген халық даналығы ойға оралады. Не деген философия?! Не деген тереңдік?! Анаға деген махаббатты «ананы сыйлайық, ананы қадірлейік, ананы ұмытпайық» деген жауыр болған тіркестермен емес, ойында сәуле бар адам ғана ұққандай етіп суреттеген жазушы шеберлігіне іштей тәнті боларыңыз рас.

«Күн батысқа еңбектей жығылды...» Қайық күтіп зарыққан жолаушылар кешке дейін өзен жағасында әлі тұр екен. Батысқа еңбектей жығылған күн олардың қайық күтіп сарсылған шарасыз күйінен хабар берсе керек-ті.

«Бұл күдер үзіп, оң алақанын төсеп, өзен суын сапырып ішті. Шөлдеген жоқ-ты. Тек өкпе-бауырын бір таба шоқ аққұмандай ғып бұрқ-сарқ қайнатып жатты...» Кейіпкер жанының назалануы, іштен өзін-өзі жеу, еш адамға керексіздікті сезіну сияқты әрі-сәрі сезімді аңғартады жаушы.

«Шағын орамалын шаршылай тартқан ақ келіншектің әдемі жүзіне ұсақ-ұсақ діріл боп кеп кірбің қонды. Қаладағы саялы үйін аңсады. Жуылмай қалған кірін, жабылмай жатқан тосабын ойлады. Үлпілдеп тұрған үрпекбас ұл ойша Ыстықкөлде шомылып жүрді. Тау жағалай біткен нарша қарағайларды айтсаңшы! Арманыңа мінгізердей желкенін желбіреткен ақ кемелер ше? Қайыру бермей қашқан қиялын әрең тежеді. Ортада аунап аққан қайырсыз өзенге тағы да қараптан-қарап кектенді.

– Иттің өзі шыдамай шынжырына буынып өлер жерде туып...

Қара шашы қалың біткен танакөз қарындасы Қырымның жайлы жағалауын сағынды. Сырты бүрленіп қатқан, іші қос алақанның қуысындай ұлу қабығын теріп, тереңіне сүңгісе... Жылаңқы өзен мен жағаға жармасып біткен қамыс-қоғаға қашанғы телміруге болады?.. Әкесі де қызық!» Жағада тұрған әр жолаушының басында әр түрлі ой. Бірақ бәрі де шаршаулы. Шыдамдары түгесілген сыңайы бар.

«– Шешем мені жар басына туып кеткендей шілі жар жағалап жүретінім не осы?! Шілі, шілі...

Мұның сыртына шықпай тұншыққан айғайын осы капелімде естіп қалғандай, жалғыз үйдің есігі сықырлай ашылды». Оқиға осылай шиеленіседі. Іштей ширыққан

кейіпкер – жалғыздықтан әбден діңкесі қатқан жан. Іштен өзін-өзі жеп, сыртына шығармай күн кешкен оның дертті жанын ешкім түсінбейтіні ақиқат. Тек оны түсінер әлемде бір ғана жан бар еді. Ол да анау молада жатыр. Ол – аяулы ана бейнесі. Еміс-еміс еске алу арқылы осыны аңғартады жазушы. Бұлардың шыдамының сыналар сәтінде арғы жағада тұрған жалғыз үйден шыққан келіншек Шораға емініп төрттаған боп қалған жолаушыларды көріп аңтарылады. Сонсоң қайыққа жүгірді.

«– Ұйықтап қалыппын. Періште тербеткен шығар, – деді қызыл орамалы қисық байланған қалпы». Негізі жазушы қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігін бес саусағындай біледі, ауыл адамдарының мінез-құлқын сомдауға шебер.

«– Құлақтан жастай қалғанмын... Жалғыз үй, жесір катын, жетім құлын боп тірлік кешіп жатырмыз. Шүкірі таусылмаған бір қауым елміз, – деді самбырлап. Маңдай әжімі жазылып, ұл мен қыз күлістік атты. Суға сыңар аяғымен бойлап тұрған нар қамыс үкілі басын тербеді». Осы жердегі эпитет, кейіптеу, психологиялық параллелизм өзара кірігіп, шығарманың шырайын арттырып тұр. Жазушы өте-мөте сезімталдықпен кейіпкер басындағы мұң-налананы сездіреді.

«– Қатып ұйықтап қалыппын, – деді өзеннің орта тұсына келгенде ентігіп. – Түсім бе, елес пе, бір кішкене қара домалақ кекілді бала: «Апа, тұр. Мен келдім, апа!» – деп жұлқылап оятып жіберді. Көзінде кіреуке мұң бар екен... – Сосын мұның жүзіне жалт қарап, есіне әлдене түскендей, әлдекімді шырамытқандай қимылсыз қалды». Жазушы ішкі жан дүние иірімдерін жазуға шебер. Жетім құлынмен егіздеп алынған кейіпкер бейнесі, жар басындағы жарбиған молалар – бәрі де іштей бір сырды бүккен сынды. Сонымен қатар астральды дүние, ежелгі анимистік көзқарас пен мифтік таным жазушы қаламы арқылы өріліп, біртұтас дүниеге айналған.

«Санасына сартап қып жылдар бұқтырып тастаған сағыныш біртіндеп бой көтерген. Ішіне шым-шымдап жүгірген жылу жаймен жылжып кеп жұтқыншағына қадалды. Құстың қоясындай бір түйіншек әрі де, бері де кетпей тұрып алды. Көзіне сақиналанып жас келген». Әңгіменің алғашқы жолдарындағы экспрессивті-эмоционалдық бояу қоюлана түскен. Әңгіменің өн бойында мұңды леп бар. Әңгіме шарықтау шегіне жеткен. Өзінің тасжүректігіне налып, өзін іштей жазғырған кейіпкердің табиғатпен үнсіз ұғысып тілдесуінде де көп мән бар. Әңгіме астарлы ойға құрылған. «...Сөзді әлденендей бір жансыз нәрсеге, затқа қаратып айту да жиі қолданылатын тәсіл. Осындай арнау сөздің әсерлілігі сезімнің күшінде деп білу керек. Тілсіз дүниеге, затқа, құбылысқа қаратып адам солар сөзін тындап, ден қойып тұрғандай, солармен тілдескендей тебірене сөйлейді. Ал мұның өзі толғанған ой-сезімге берілген шағын танытады», – деп жазады ғалым З. Ахметов. Адам өзін табиғаттан бөлмеген көне замандарда қалыптасқан түсінік кейіннен бейнелеуіштік сипат алғанына С. Қасқабасов миф туралы зерттеуінде тоқталып өткен болатын.

Шулы ортадан жырақтап, кісікиіктеніп қалған кейіпкер – өзінің бар сырын тек табиғатпен бөлісетін жан. Табиғатпен арадағы үндестік, ұқсастық сипаты әңгіменің ажарын кіргізіп, философиялық мәнін тереңдете түскен.

Өзінің мүлдем өзгеріп кеткеніне түсінбей, дүниенің бәріне риясыз сенген мөлдір шағы қай жерде қалғанын іздеген кейіпкер көңілі астан-кестен. Тым болмаса мына бір аңқылдап ағынан жарылған қамкөңіл жанға жылы сөз қимағанына қиналады, алайда дауыстап айта алмайды. Бұны көркем әдебиетте кейіпкер жанының екіге жарылуы деп атап жүр. Жалғыздықтан жаны ауырған кейіпкер ішкі сарайындағы мұң-налананы тек табиғатқа ғана ашады, сосын, бәлкім, анасының бейітіне... Басқа жұртқа сыр бермейді. Ол

Абайда да бар. Әңгіменің шешіміне келсек, оны да жесір келіншектің өзімен өзі сөйлескен монологі ретінде келтірген: «—Танымады ғой, — деді даусы әріректен құмығып естіліп. — Қайдан танысын, жатбауыр боп кетті ғой жазған бала... — Құлын оқыранды. — Жүр, үйге қайтайық».

Расымен жалғыз еді... Елегізіп аспанға қараған. Шексіздіктің шеруіне ылғи жалғыз шығатын ай да айналаға күміс тозаңын төгіп тұрды». Әңгіме осылай аяқталады. Жазушы әңгіменің басынан бастап, соңына дейін кейіпкерді табиғат құбылысымен, табиғаттағы әрбір затпен, мәселен, жетім құлын, сұңқылдаған көкек, үкілі басын тербеген нар қамыс, жалғыздық шеруіне шыққан ай бейнелерімен теліп, егіздеп кейіптеуді қолдана отырып, психологиялық параллелизмге қол созған. Және осы жолда халықтың мифологиялық ұғымы мен анимистік сананы шебер пайдалана білгендігіне дау жоқ.

Әңгіме – философиялық тұжырымы бай, психологиялық астары терең шығарма. Жазушы уақыт заңдылығын сезім түйсінуі арқылы бере білген. Бейнелеудің дәл осы түріне саналы түрде барған суреткердің жаңа қырын таныта түсері ақиқат.



ТАҒДЫРДЫҢ ҚАТАЛ БЕЗБЕНІ

Жазушы Р. Отарбаев «Алтын» деген әңгімесінде бас кейіпкердің ішкі өмірін, яғни санасындағы сан алуан ойларын, қайшылықты пікірлерін, жан дүниесіндегі арпалысын табиғат құбылысымен, жаратылыс дидарымен өзектестірген. Расында да қаламгер мына өмірдің, тіршіліктің бәрі де сана арқылы ашылатын үлкен бір әлем екендігін философиялық оймен, суреткерлік сезімталдықпен бізге көркемдік ойлау жүйесі арқылы ашып беріп отыр. Сондықтан оның туындысындағы кейіпкер – біз үшін тың тұлға. Оның ойлау логикасы да, өмір қайшылықтармен арпалысы, өзін-өзі іздеуі де өзгеше, ешкімге ұқсамайды. Оның ойы да, танымы да, сезімі де оқшау. Сондықтан да әңгіме оқырманды екі ұдай сезімде қалдырады. Бас кейіпкердің табиғатының өзі осылай түсініксіз, қайшылыққа толы. Өйткені суреткер өз ойын, сезімін, күйініш-сүйінішін тек табиғатпен бөліседі, табиғат құбылысымен шарпыстырады, табиғатпен сырласа отырып өзіндік «менін» іздейді.

Қаламгер шығармаларына тән қасиеттің бірі – ойшылдық. Оның кейіпкері – шын мәнінде ойдың адамы. Өйткені ол жалғыз, әрине, рухани жағынан. Сондықтан ол табиғат мінезін өз мінезімен табыстырады. Суреткер – жалғыз. Жалғыздық – қашанда жеке адамның басындағы қайғы-қасіретті, ішкі ойға, емін-еркін егілуге де,

ішкі құпия тіршілікке ерік беруге, өз сезімін қадағалауға да, қадағаламауға да құқысы бар мезет. Әрі бұл кейіпкердің ішкі табиғатынан сыр берер, соның характерін ашуға да өзіндік үлес қоса алатын көркемдік қасиет. Өйткені жалғыздықтан жапа шеккен жан көбіне өз ойымен өзі болады, оның өткен өміріне психологиялық шегініс жасау, бақытты шағын елестету, қайғыру секілді бір сәттік құбылыстар оны табиғатпен, қоршаған ортамен өз мұңын бөлісуге мәжбүр етеді. Кейде адам қатты қапаланғанда немесе қуанғанда өз еркінен тыс, ойланбаған, тіпті ой түгілі түсіне енбеген сұмдық іс-әрекетке баруы мүмкін. Оны психологияда, философияда, әдебиеттану ғылымында адамның шындықты санамен бейнелеуіне тікелей қатыспайтын, еркінен тыс болатын, яғни психикалық құбылыстар, бессознательность дейді. Дәлел – ол өзге пенделердей өмірге тоғышарлық көзқараспен қарамайды, бес күндік фәни жалғанның қызығына алданып, күйбең тірлікке құл боп кеткен пенделерді көзіне де ілмейді. Оларға жоғарыдан, аяп қарайды. Сонда енді шығармашылық адамы жалғыз болмай қайтсін?! Ал жалғыз адамның серігі қашанда ой емес пе? Әрі «ой» деген сап етіп дап-дайын күйінде санаға түсе де қалмайды. Ойды ой туғызады, күнәкар ойларды мың түзету арқылы түйінге жетеді, ақиқатқа жол ашады. Ақиқатқа жету үшін сырынды бөлісер жан керек. Қаламгердің сырын бөлісетін табиғат қана. Оның құпия ойын, жан сырын ұғар қасында жан жоқ. Сондықтан өз көңіл күйін табиғатпен шарпыстыра отырып жырлайды, яғни табиғатпен сырласу арқылы ақиқатқа жол ашады. Шығармашылық адамының ойлау процесінде болатын сезім арпалысын, күдігін, әуре-сарсаңын тек психологиялық параллелизм арқылы суреттейді. Біздің ойымызша, суреткер өз кейіпкерінің жан дүниесіндегі арпалыстарды, ой-сезіміндегі алақұйын ой ағыстарын, контрасты сезім құбылыстарын беру-

де психологиялық параллелизмді таңдаған, яғни оның кейіпкері – жалғыздықтың зарын шеккен жан. Қаламгердің ішкі ойын, жанын түсінер жан жоқ. Сондықтан да ол жалғыздықтың дертіне душар болады. Жанын жегідей жеген сансыз сауалдар жауабын кімнен іздер, азапқа салған жан жарасынан оны кім арылтар? Оның ойы астан-кестен, жан дүниесі аласапыран. Жан жұмбағын шешіп, мұның түсінетін ешкім жоқ жанында. Өз ойымен өзі әуре. Суреткердің сомдаған кейіпкері көбіне сондықтан да табиғат көркін өз жанына, көңіліне ортақтастырып алады. Жалғыздықтан жарылып жай таппаған жанына жалау етер серігі – ой, сана, қоршаған дүние, табиғат дидары. Көркем әдеби туындының әрбір жолы сана күресінен, пікір қайшылығынан, ой арпалысынан тұрады. Сол себептен де болар, кейіпкердің тілегі, ой-арманы табиғатқа телінген. Біздің негізгі зерттеу жұмысымыздағы мақсат психологиялық параллелизм тәсілі болғандықтан, жазушының бұл компонентті өз табиғатына тән формада қалай бергендігін «Алтын» әңгімесінен табамыз.

«Алыстан мұнартып көрініп, арса-арса сілемдерінің өзі жеткізбей сілеңді қатыратын Мұғалжар тауы ғой бұл, жарықтық. Жазда жаңбыр еркелеп төбесінен төгіп өтетін, қыс түсе ұлпа қарды жамылып, бұйығы ұйқыға бататын алыпты уақыттың өзі мүжи-мүжи қажытқандай. Көрместі көре-көре кеміріліп, шау тартып, шаршап жатты». Міне, бұл – кейіпкердің өзінің ішкі сезімін табиғат күйімен шарпыстыра берген психологиялық параллелизм. Қаламгер өз бақытын да, азап-қайғысын да тек табиғатпен бірлікте таниды. Бұл әңгімедегі психологиялық параллелизм өзінің логикалық, психологиялық жағынан да ойлау процесінің бүкіл заңдылығын сақтай отырып дамиды. Адамның психологиялық құбылыстарын, ішкі жан дүниесін ашып, характер сомдауда сүбелі үлес қосарлық логикалық

шешімдерді ширықтыратын көркемдік бейнелеу құралдары – атап айтқанда психологиялық параллелизм тәсілінің қаламгердің «Алтын» әңгімесінде басты роль атқаруы табиғи. Әрине, жанын жегідей жеген жан жарасының аузын табиғатқа, жаратылысқа ашпағанда кімге ашпақ? Сөз жоқ, өзіне, адам ішіндегі адамға бар сырын ашып, шер тарқатады да, соны табиғатпен астастырады. Ол көркем әдебиетте психологиялық параллелизм арқылы көрініс бермек. Иә, жалғыздықтың серігі – ой, ішкі ой екені дәлелсіз шындық. Сондықтан да жазушы өз ойымен өзі болып, өзімен-өзі сөйлесіп, өзі ғана шешім қабылдап, оны да тек өзі шешеді және өзінің осы күйін табиғаттың белгілі бір кезеңімен, табиғаттағы жекелеген заттармен не құбылыстармен шарпыстырады. Тығырықтан шығар жол таппай жанталасқан суреткердің бар қасіреті, азабы да осы психологиялық параллелизмде жатыр. Күрделі адам санасына сай стильде, тың тәсілде жазылған шығармада ишара, дауыс ырғағы, тыныс белгілері, т.б. секілді өзге де көркемдік тәсілдер образ табиғаты, оның психологиясы көркемдік құралдар арқылы танылады. Проза табиғатына тән шымырлық, жинақылық басым көрінген бұл әңгімеде драматизм табиғаты өзінің аса шынайылығымен оқшауланған. Ішкі ойды табиғат күйімен астастырып, дәл берген жазушы кейіпкердің психологиялық қалтарыстарын табиғи әрі жіті қадағалай жеткізуге шебер. Жалпы суреткер өз кейіпкерінің тіршілігін өз пенделік қадір-қасиетіне, мінез-құлқына, үміт-ынтасына, іс-әрекетіне қарай бейнелеуге бейім. Адам психологиясы, толқу, тебірену, өмір жолындағы бұралаң-бұлтарыстардың логикалық құбылыстары, сананың үздіксіз күресі табиғат көркімен қабысып, үлкен шеберлікпен суреттелген.

Қазақ әдебиетіндегі психологиялық параллелизм даралық сипатқа ие болып, әдеби процесінде өзіндік өсу заңдылығымен дамуын Р. Отарбаев туындыларынан

білеміз. Қаламгер суреткерлігіне тән үш қасиетті атап өткен жөн. Ол, біріншіден, күрделі психологиялық жағдай мен психологиялық процесті талдау. Екіншіден, кейіпкердің рухани жан әлемінде жиі болатын күйзеліс, психологиялық қиналысты беру атмосферасы. Үшіншіден, кейіпкердің рухани ішкі көңіл күйіне сәйкес табиғат суретін беру шеберлігі. Осы психологиялық атмосфераны қоршаған ортамен, табиғат құбылысымен тұтастықта беру үшін алдымен жазушы тілі бейнелі, көркем болуы керек. Ол біз зерттеп отырған әңгімеде өте бай әрі құнарлы екендігі даусыз. Оған әңгіменің өзі куә. Мәселен, Р. Отарбаев кейіпкердің басындағы сезім қайшылығын, қиын психологиялық тартыс, ішкі өмір ағынын табиғатпен бірлікте суреттей отырып, үлкен қоғамдық-әлеуметтік, психологиялық, философиялық ой түйе білген.

«Алтын» әңгімесінде өмір ағыны, жалғыздықтың жан азабын шеккен кейіпкердің жан құбылысындағы сан алуан құпия қалтарыстары, ішкі иірімдері логикалық тұрғыдан нанымды түрде, психологиялық күйзеліс пен табиғат, қоршаған орта суреті астастырылып суреттелу арқылы ашылған. Әңгіменің композициялық құрылымы, сезім, қозғалыстың интонациясын, динамикасын танытатын диалогтар, леп белгілер, көп нүктелер үзік-үзік ойдың желісі арқылы беріледі. Бұл тек кейіпкердің жан дүниесінде болып жатқан ішкі өмірінен, сезім құбылыстарынан сыр шертеді. Жалпы әңгімеде кейіпкер мен табиғаттың тұтасып жататындығы басым. Әңгімедегі табиғат көрінісі, пейзаж көбіне адаммен тұтасып, оның көңіл күйімен, оның ішкі өмірімен, толғаныс-қуанышымен, сезім құбылысымен тығыз байланыста дамиды. Пейзажды қаламгер кейіпкердің ішкі арпалысына, сезімдік құбылыстарына, қарама-қайшылықтарына қарай құбылта бейнелейді. Сондықтан да әдебиеттану ғылымында пейзаж психологиялық талдау тәсілі ретінде кейіпкердің

ішкі жан дүниесін ашуда үлкен көркемдік қызмет атқарады. Әңгіменің өн бойында табиғат мен лирикалық кейіпкердің бір-бірімен байланысы, тұтастығы үзілмей, іштей бір жалғастықпен жымдасып, жарасып кетеді. «Суреткер табиғат дидарын дүниені танып білудің ұжымды бір әдеби тәсілі ретінде қарап, адам үлкен философиялық ой түйіндеуді мұрат тұтады» (С. Қасқабасов. *Қазақтың халық прозасы*. – А.: Ғылым, 1984. – 56-бет).

«Адамның жаратылыстан өзін бөлмей тұрған кезде туған көптеген мифологиялық символдар, жануарға немесе табиғат объектісіне арнап сөйлеуге, олармен сырласып, тілдесуге болады деген түсінік кейін көркем фольклорға ауысып, басқа бейнелеуіштік сипат алған», – дейді.

«Поэзияда адам өмірі, мінезі, іс-әрекеті, кескін-келбеті бейнеленгенде, оның сан алуан дара, дербес өзгешеліктерін толық сақтаған және сол адам өскен ортаның, дәуірдің сырларын танытатын типтік қасиеттері бар тұлға жасалып шығады», – дейді З. Ахметов (*Өлең сөздің теориясы*. – А., 1973. – 8-б).

Қазіргі әдебиеттану ғылымында прозадағы бейнелеу тәсілдерінің бірі – психологиялық параллелизм (лирикалық кейіпкердің ішкі жан толғанысын, көңіл күйін табиғат құбылысымен шарпыстыра, қанаттастыра бейнелеу, т.б.) көрінісі жан-жақты қарастырылып, арнайы зерттеу объектісіне айнала қойған жоқ. Ал психологиялық параллелизмсіз күрделі де көркемдік дәрежесі биік, нағыз толымды туындының дүниеге келуі екіталай. Шебер де көркем шығарма адам психологиясының ішкі иірімдерін, күрделі де терең ойлау жүйесін, сана-сезімдегі жанды қозғалыстарды ашу арқылы ғана жасалмақ. Психологиялық параллелизмнің кейіпкер жан дүниесін, рухани көкжиегін танудағы көркемдік қызметінің өзі, міне, осында, адам жанының сырт көзге сезіліп, байқала бермейтін ішкі қоймаларын,

құпия қалтарыстарын, жұмбақ сырларын табиғат көрінісімен тұтастықта шынайы да сенімді түрде бейнелей білуде жатса керек. Сондай-ақ, белгілі ғалым Л.С. Выготскийдің дәлелдегеніндей, шығармадағы оқиғаны өз ой-санаңнан, жан дүниеннен өткізіп, терең сезінбей түсініп білудің, яғни өнерді психологиясыз танудың мүмкін еместігін ескерсек, осы міндет-талаптың өзі-ақ бізге қазақ теориясындағы психологиялық параллелизмді, оның кейіпкер психологиясын ашудағы көркемдік қызметін арнайы зерттеудің үлкен мәні бар екенін айқындайды.

Психологизмді зерттеушілердің бірі Л.Я. Гинзбург кейіпкердің жан дүниесін схемалап, болжап қою психологизмге тән еместігін атап көрсетеді. Әсіресе, классиктердің сүйіспеншілік пен парызды, күйреуіктердің (сентименталист) сезімталдық пен салқынқандылықты шендестіруі психологизм табиғатына жат екендігін айтады: «литературный психологизм начинается с несовпадений, с непредвиденности поведения героя».

Психологиялық параллелизмнің классикалық үлгілерін Р. Отарбаев туындыларынан көре аламыз. Ол өз шығармаларында ең әуелі кейіпкердің жан дүниесіне терең әрі нәзік бойлатады. Мұң да, өкініш пен арман, үміт те араласып, табиғат көрінісімен бірігіп, біте қайнасып кеткендей болады. Өткен өмірдің өкініші, алдағы күннің үміті мен жеткізбей қойған арман адамға нәзік те тәтті мұңды әуен сыйлайды. Жан құмары мен жеке өмірдің фактілеріне табиғат пен қоршаған ортаны өзара сабақтастыра отырып, кейіпкердің күрделі де сан қилы көңіл күйін, қайғы-мұңын психологиялық параллелизм арқылы суреттеген.

Қаламгер тудырған туындылардың қатарында аса бір көркем, шеберлікпен туғаны – біз талдап отырған «Алтын» әңгімесі. Табиғат жайында реалистік дәстүрмен, ірі суретшілдікпен туғызған шығармалардың қатарында

бұл әңгіме жаңа сапада бөлекше көрінеді. Бұнда орыстың классикалық прозасының дәстүрінен ауысқан ірі ерекшелік бар. Онысы енді табиғаттың кезі мен көркін көлденеңнен көруші боп суреттемейді. Кейіпкер көңілімен айналадағы дүниенің суретін, сырын шарпыстырып, табыстырып жырлайды. Бұл әңгімедегі жазушы үшін шын жаңалық – табиғаттағы стихия мен қаламгер көңілінің шабытты стихиясы терең сырлы сипаттармен кезігеді:

Мұғалжар тауы: «Ара-тұра күрсініп ап:

– Баяғы батыр сұлу «Қызданайдың қырғынындай» қызық қайда? Намысқа пісіп арпалысқан ерлер ат тұяғынан от өргізіп, көз көрмеске өтіп кетті. Сол дәуренді көрген соң, ендігі шөп пен шөлкемді қайтейін. Бәлду-бәлду бәрі өтірік, – дейтіндей. Десін-ақ», – деген жолдарда табиғаттан алған әсер жазушыны шіміркендіре бір білінсе, соған орай шабытты жүрек сыр қосады. Кейде сол дүниенің саз-сарынын ілестіріп барып шабытты жүрек басқа жаққа да шалқып кетеді. Көрініп тұрған болмыс қана емес, көмескі сезіммен ойларға да алабұртып, ауытқып отырады.

Табиғатқа эстетикалық қатынас қашанда қоғам өмірінің нақтылы ахуалдық жағдайына тікелей байланысты. Адам табиғи дене, тән ретінде табиғатпен жұптап, егіздеп суреттелініп, көркемдік таным өрісінің өзекті өлшеміне айналып кетеді. Негізінен, табиғат, жалпы жарық дүние әдемі де әділ жаратылған. Өнер туындыларында, соның ішінде біз тоқтап отырған әңгімеде жаратылыс әлемінің осы біртұтас баянды болмысын адаммен егіз байыптау, жұп жазбас жарасымын суреттеу көрініс тапты. Табиғат пен адам сезімін үндестіру арқылы адам баласының өмір шындығына тікелей қатынасы ашылады. Дүние, құбылыстың барша қарекетін мейлінше мәнді, мағыналы, бұлжымас, тап солай болуға тиіс тіршілік заңдылығын адам көңілінің алақұйын сәттерімен астастыра суреттегенде суреткердің өзіндік «мені»,

шығармашылық қуаты айқын сезіледі. Өйткені табиғат, яғни жаратылыс нақтылы, көрнекі, ол өзін-өзі негіздеп, тек өзіне-өзі тәуелді бола алады. Кәдімгі дүлей дауылға, найзағай нөсерге, от-су сұранымына көңілдің ызалы, кекті шағын шарпыстырып суреттеген әңгіме табиғат пен адам көңіл күйінің о бастан егіз жаратылғанын дәлелдейтін шығарма бола алады. Табиғат құбылыстарымен теңдестіріле, шендестіріле отырып, адам әрекеті, ерлік, елдік қадір-қасиеттер түсіндіріледі. Адам әдетте қоршаған орта, табиғат туралы ұғымын ішкі жан сарайымен исіну, көкірек көзімен түйсіну, ой, сезім жітілігі арқылы сезіну әсері тұрғысынан проза немесе басқа да көркемөнер туындысы түрінде жеткізеді.

Әңгіменің тақырыбы – адам жан дүниесінің азуы, яғни адам жанының экологиясы. Идеясы – ұлттық менталитетке тән ірілікті сақтау, пенделік бойкүйездік пен ұсақтықтан бойды аулақ ұстау. Әңгіменің прологы Мұғалжар тауының сұлу көрінісін суреттеу, суреттегенде де Мұғалжар тауы бейне бір көпті көрген қариядай боп кейіптеле (жандандырыла) бейнеленуінен басталады. Бүгінгі ұрпаққа көпті көрген көнекөз қария-абыз сыр шертіп тұрғандай. Туған жерді түйсіну, табиғат пен адамның үндестігін айшықтаудың әдемі әдісі.

Әңгіме сюжетінің экспозициясы – Мұғалжар тауының етегінде отырған әжесіне сонау Алматыда оқитын немересінің ат арытып іздеп келуі. Немересі Алмат оқудан шығып қалған, «Көкбазарда» тәшкі айдап жүр екен. Атақты Көтібар батырдың ұрпағы Алматтың бұл келісі тегін емес екен. Ол әжесімен диалогта әрі қарай ашылады. Ол әжесімен оңаша қалған сәтте өз сапарының сырын ашады:

«– Әже, – деді Алмат оңаша қалған сәтті бағып. – Бай атам Итжеккенге айдаларда ат басындай алтын жасырған деседі. Рас па?»

Сыры кетіп, сыны қалған қара кемпір қапелімде абдырап, шуда жібін үзіп алды.

– Жәй аңыз да... Тайлақтың жүні еді. Қағынды келгір...

– Әже, жасырып қайтесіз. Алматыдағы сыған қызға дейін атамның алтынын біліп тұр.

– Не дейді?

– Иә, бал аштырғам...

– Бай атамды түстеп тани ма екен?

Алмат жарқ етіп күліп жіберді:

– Қайдан танысын. Сыған қыз алақаныма ұзақ үнілді де бұй деді: «Атаң асқан бай бопты. Алыс сапардың алдында алтынын көміп кетіпті. Издесең, табасың...»

– Апырым-ай, ә?

– Соны естіген соң айдап жүрген тәшкімді лақтырып кеттім. Жасырған жерін айт. Издеймін, әже.

– Әжең шамасын біледі деген ғой?

– Иә.

– Қағынды келгірлер өңшең!»

Осы диалогтан-ақ қара кемпірдің Бай атасының алтынын немересінің іздегенін жақтырмайтыны белгілі болады. Бай атасына да қайыр бермеген дүние ғой ол... Алайда, қиылып қоймаған Алматтың көңілін қимаған кейуана өзі білетін құпияны Алматтың алдына жайып салады. Жазушы оны былай суреттейді: «– Құлыным, бай болып көргеніміз жоқ, кедей боп өлгеніміз жоқ, сол алтыны түскірді... – деп еді, жанындағы ұзын бойлы тебін мұрт бозбаланың көзі маздап бара жатты. Қалжыңбас қайнысы айтатын Бай атасының жанарындағы отқа пілте тұтатқандай жалынды анық көрді. – Қой, болмас, – деді сосын сыры кетіп, сыны қалған қара кемпір өзінің де өрлігі ұстап, – атасының байлығын ботасынан қызғанғаным не? Жат біреудің ырысына қол сұғып, ұрлап-жырлап жатқан жоқ. Алса, тұқымға тиесілі қазына. Тапса – тапты. Таппаса... Бір өкініш іштерінде кетпесін. Тығып төркініме берген жерім жоқ қой. Тәуекел!» Бұл – әңгіме сюжетінің ширығып, дамуы. Әжесінен Бай

атасының алтыны қай жерде жасырылғанын білген Алмат қазына іздеп, қарағайдың түбін қаза бастайды. Оның бұл ісі Мұғалжар тауының етегінде отырған үш үй тұрғындарын бей-жай қалдырмайды. Түс ауа әжесінің кәрі қайнысы Тамшыбай жетеді тық-тық жөтеліп. Қойторысын іздеп шыққанын сылтауратқан ол Алматтан сыр тартады. Бірақ оның бекінген түрін көріп, әліптің артын бағады. Тамшыбай кетісімен тезек тердімді сылтауратып Бүкір қатын жетеді. Ол да өтірік аңқаусып, әрі қарай кете барады. Бұл соңғы екеудің де жанын жай тапқызбай жүрген ел аузындағы Бай атасының алтыны. Бәрі де осы қазынадан дәмелі. Бірақ ешқайсысы «Алтын-күміс тас екен, арпа-бидай ас екен» деген халық даналығын еске алмайды. Сол жылтыраған дүние кімге опа берді дейсің? Алайда көзді шел қаптап, есіл-дерті баю болған олар аруак, Алла дегенді естерінен біржола шығарып алған. Жазушы Мұғалжар тауын ұрпағының ісіне күйзелген абыз-қария кейпінде беруі тегін емес. Адам мен табиғат тұтас, егіз. Осыны түсінбеген пенделерге не дерсіз? Ойларында тек материалдық игілік, ал рухани дүниелері кедей.

Ақыры Алмат Бай атасының алтынын табады. Оны жазушы былай бейнелеген: «Күн екіндіні еншілегенде барып күрек ұшы бір жұмсақ затқа былқ етіп тиді. Жүрелей қалып, қос қолымен жалма-жан бос топырақты аршыған. Құрым киіз ілікті. Ілкідегі өңі ақшулан шығар. Сызды жерде жата-жата қарақошқыл тартыпты. Алматтың жүрегі алып-ұшып аузына тығылған. Жанын беймәлім бір күш келіге сап түйгендей, тынысы тарылып, булыққан. Ақыры қолы қалтырып, әжептәуір қомақты орауды ордан алып шықты. Жан-жағына ұрлана қараған, аулақта ұшып бара жатқан қара қарғадан басқа тіршілік иесі көрінбеді. «И, мынау ақтиін ғой, қашып жоламай қойған. Құйрығымен алдап жанына жетіп келгенін қарашы. Тішт! Аулақ! Сенің

атаңнан қалған қазына емес». Алтын іздеген жас жігіттің байлыққа құмартып, ашкөзденуін осылайша жеткізеді. Бұл – әңгіме сюжетіндегі оқиғаның шиеленісуі. Әуелі шыққан, парағы сарғайып кеткен Құран кітабын жанына тастай салған Алмат, нағыз байлықтың сол Құран екенін қайдан білсін?! Аруақты атасы Құран арқылы мынау ат басындай алтынды жын-шайтаннан, дүниеқоңыз пенделерден сақтап келген еді ғой. Құранды лақтырып тастаған сәтте ордалы жылан да, жын-пері де, тіпті Тамшыбай мен Бүкір қатын да алтынға таласа бастайды. Сол сәтте: «Алдынан ғайыптың ақ нұры көтерілген. Жібек перде желпіп өткенде ішінен Бай атасы көрінді. Қаумет сақал, қайратты қалпы. Тек әлденеге әбіржіген сыңайлы. Жүргені не ұшқаны білінбей сырғып кеп мұның алдын кес-кестеді:

— Ботам, көзіңді аш! Бұл әдірем қалғыр жылтырақ темір маған да опа таптырмаған. Ақыры түбіме жеткен. Құтыл тез! Бер ана мүсәпірлерге!

Оң көзі шарасынан шыға ақиып, аузынан бүршік-бүршік ақ көбік көрінген Алматтың ата танитын халі жоқ еді. Перінің ең үлкен дуакеш ақсақалы осы екен деп ойлады». Суреткер ашкөздікпен дүниеге құныққан тоғышарлардың психологиялық халін тап басқан. Бұл – ата аруағының адасқан ұрпағына жол көрсетуі, яғни қазақы сенімде бар нәрсе. Мифологиялық сананың шығармадағы бейнелеуіштік ролі өте үлкен. Жазушы халықтың әфсаналық логикасын пайдалану арқылы Алматты сақтандырғысы келген. Бірақ тым кеш. Атасының аруағын танымай бас салуы – оқиғаның шарықтау шегі. Яғни, адамның есі кіресілі-шығасылы, бар ойы – алтынды қалай да өзінде қалдыру. Жазушы алтын бар жерде ордалы жылан мекендейді деген мифологиялық түсінікті орынды пайдаланған. Сондай-ақ, алтынның иесі болады, перілер мен жын-шайтан алтын бар жерді өздері иеленеді деген халық ұғымындағы көне түсінікті де әңгімеге

кірістіру арқылы кейіпкердің жан дүниесін жарқыратып көрсеткен.

Жарық дүниеде алтыннан да қымбат ар, намыс, иман, қанағат барын білмейтін, білсе де білгісі келмейтін көрсоқыр надандардың ісінен түңілген жазушы әңгіменің шарықтау шегіне жеткенде Алматың ата аруағын аяғымен таптағанын былай көрсеткен: «Қапелімде тұра ұмтылып, қаумет сақалына жармасты. Жұлқып тартып жерге жықты. Алқымын сығып, кеудесіне көсіліп мінді.

– Есінді жи, ботам!

Алматың уысынан босаған қаумет сақалы желмен баяу желбіреп, жанарына үрей шүпілдеп толып, үстінде Әзірейілдей төніп отырған бұған жаутаңдап қарай берген. Тағы бірдеңе айтпақ еді, үлгермеді. Сол тапжылтпаған қалпы қақ маңдайдан қаздың жұмыртқасындай алтынмен құлаштап періп кеп жібергені:

– Мә, саған!

Жарық дүниенің құлағын тескен шырқыраған дауыс жазықтықты жайпап өтіп, тау асып жоғалды.

– Енді сен өлтірдің ғой, ботам!» Шығарманың шешімі. Ата аруағын қастерлемеген, одан қалған рухани байлық – көне Құранды лақтырып тастап, ат басындай алтынға жармасқан ұрпақтың қыл үстіндегі тағдыры шебер шешімін тапқан.

Сонау бағзы заманнан келе жатқан мынау өткінші дүние, қызық дәурен, думанды шақ – бәрі жалған деген философиялық тұжырым жүректі сыздатқандай сезіледі. Сол өткінші өмір философиясын, бес күндік жалғанның жанды арбар қызықтарын қуудың қажетсіздігін осы әңгімеде астарлап айтады. Күнделікті күйбең өмірде бақ үшін, тақ үшін жарысу, алдау, арбау – пендешіліктің ең төмен көріністері. Бітпейді де, қоймайды да... Жүйкені тоздырады, шаршатады. Психологиялық параллелизмнің

биік үлгісіне жеткен Р. Отарбаев өз шығармашылығында көркемдікпен «жан диалектикасын» шебер пайдаланды. Сезім контрасты (қайшылығы), катал табиғат, тағдыр тәлкегіне қарсы тұрып, дүние мұхитында өз орнын ақыл-ой, парасатымен айқындаған адам ұлылығы туралы айта отырып, сол ұлы адамның өз ұрпағы алдындағы дәрменсіздігі туралы терең философия айтады.

Өмірдің өзі қайшылықтардан тұратынын суреткер қалай дәл жеткізген?! Адамның ғана көкірегінде емес, мұң-қайғы табиғатта, Мұғалжар тауында да бар екен, көрместі көріп, адам қолы жасаған опасыздықтан шаршапты ол да. Адамның көңіл күйін табиғат құбылыстарымен үндестіріп, қабыстыра суреттейтіндіктен психологиялық параллелизм әдісімен жазылған туындыларға философиялық астарлы мағына тән. Психологиялық параллелизмді өз шығармаларында әлемдік әдебиет өкілдерінен XVIII ғасырда Ж.Ж. Руссо, Л. Стерн «Сентиментальное путешествие во Франции и Италии», И.В. Гете «Страдания юного Вертера», Н.М. Карамзин «Бедная Лиза» повестерінде алғаш қолданды. Бұл бағытты Э.Т. Гоортман повестерінде, Д.Т. Байрон өз өлеңдерінде, поэмаларында дамыта, байыта түсті. Осы дәстүрді XIX ғасыр жазушылары дамытып, (сентиментализм) күйреуіктік сарын мен оптимистік бағытты романтикалық арнаға бағыттады. Францияның ұлы жазушысы О' де Бальзак, Стендаль мен П. Флобер, Ресейдің ұлы ақыны М.Ю. Лермонтов, ұлы жазушысы И.С. Тургенев өз шығармаларында кейіпкерлердің күрделі ішкі әлемін, күрделі көңіл күйін өзара шиеленістері мен тартыстарында, табиғат пен қоршаған орта аясында суреттеді. Кейіпкердің өзін-өзі іздеуі, жан күйзелісі күнделікті өмір күйбеңімен, табиғи ортамен байланыста берілді. Психологиялық параллелизмді зерттеуші А.В. Карельскийдің сөзімен айтқанда: «упрочение психологизма было обусловлено

пристальным интересом писателей и неоднозначности обыкновенного, «негероического характера к персонажам многогранным, мерцающим, а также с доверием авторов к читательской способности самостоятельного нравственного суждения».

Өз шығармаларында психологиялық параллелизмді көп әрі сан қырлы пайдаланған орыс әдебиетінің аса ірі өкілдері Л.Н. Толстой мен Ф.М. Достоевский болды. Л.Н.Толстойдың адам психологиясын сонша жете білуіне және зерттеуден жалықпайтын еңбекқорлығына, көркемдік шеберлігіне тәнті болған Н.Т. Чернышевский: «Внимание графа Толстого более всего обращено на то, как одни чувство и мысли развиваются из других: ему интересно наблюдать, как чувство, непосредственно возникающее из данного положения или впечатления, подчиняв влиянию воспоминаний и сам сочетаний, представляемых воображением, переходит в другие чувства, снова возвращается и прежней исходной точке и опять странствует». Ал психологизмді зерттеуші Бахтиннің еңбектерінде Ф.М. Достоевский шығармалары туралы мынадай ойлар бар: «Художественной доминантной романов Ф.М. Достоевского явилось самосознание героя-идеолога, который фигурирует не как человек жизни а как «субъект сознания и мечты», пребывающий в «подполье»: «видение автора направлен именно на его самосознание и на безисходного незавершимость, дурную бесконечность этого самосознания». Жоғарыда талдаған Р. Отарбаевтың «Алтын» әңгімесі туралы да айтар пікіріміз осыған саяды. Кейіпкер көңіл күйін табиғатпен үндестікте бере отырып, психологиялық тереңдікпен философиялық тұжырым жасаған. Сөз жоқ, айтуға тұратын еңбек.



ТАҒДЫРЛАСТАР

Қазақ әдебиетінің проза аталатын алтын сарайына қыздың жиған жүгіндей кестелі тіл, көркем сөз айшығымен, философиялық терең ойы, астарлы мазмұнымен, бір-біріне мүлдем ұқсамайтын, бірақ бүгінгі замандас келбетін суреттейтін кейіпкерлерімен өз орнын ойып тұрып алған Рахымжан Отарбаевтың «Қайдағы-жайдағы» әңгімесінде сонау Кеңес өкіметі кезінде бір-біріне мықтап байланған, алайда алуан тағдырлы, сан ұлттың адамдары сомдалған. Көп ұлтты Қазақстандағы өмір шындығын сонау әжімді жылдар қойнындағы шежірелі тарихпен байланыстырған жазушы бүгінгі таңда алыс ауылда тұрып жатқан корей, орыс халқының өкілдерінің қазақтармен тамыры тереңге кетіп араласқанын, араларындағы сан жылдардағы шимайлы тағдырлар байланыстырған достық арқауының қаншама терең, қаншама тебіреністі екенін әңгіме кейіпкерлері арқылы оқырман көз алдына елестететіні айқын.

Шығарманың бас кейіпкері Санақбай – атақты шопан, кеңес заманында ту десе түкірігі жерге түспейтін еңбеккер атанған, бүгінгі таңда Қазақстанның бір түкпіріндегі ешкімнің есінде жоқ кішкене ауылда тұрып жатқан зейнеткер. Жазушы ауыл тірлігін бір кісідей-ақ білетінін, сол ауылдың бүгіні мен болашағына жаны ашитынын бұдан бұрынғы «Тоқтышақ», «Қытайдан жеткен сәлемдеме»,

тағы басқа әңгімелеріне арқау етіп жүргені көзі қарақты оқырманға таныс. Бұл жолы жазушы мүлдем басқа қырынан суреттейді бәріміз білетін ауыл шындығын. Санақбай шал – бір кезде «бір қора қойды ысқырығымен қайырған», «кімсің, Санақбаймын» атанған бабалардың құрығын қолына ұстап қой баққан ауыл еңбеккері. Иә, ол заманда малшы-қойшылар, егінші-сауыншылардың дүрілдеп тұрған шағы болатын. Еңбегінің бағаланғанын кім жек көрсін?! Санақбайдың дәурені Кеңес өкіметі құлағаннан кейін кете бастайды. Бұл жерде Санақбай – типтік бейне. Шындығында да, адал еңбегімен мал бағып, табан ақы, маңдай терінің қызығын көрмеген адамдар арамызда қаншама?! Әуелі Кеңес өкіметі құлады. Одан кейінгі өліара шақта кейбір совхоз басшылары мен Орбай құсаған пермі бастықтары екі асап биге шыққаны тағы рас. Санақбайлар ондай жұртты жеп, жеккөрінішті болатын жандардың санатынын емес, не де болса адал еңбегінен күтетіндер. Осы әңгімедегі орыс кемпір Антонина, корей шал мен Ерлепестер қазақ жеріндегі әр ауылда бар. Әр ауылдың өз Антонинасы, корей шалы, Ерлепесі мен Санақбайының бар екені ақиқат.

Кеңес өкіметі тұсында жер ауып қазақ жеріне келген корей шал осы жерге тамырымен байланған. Енді бұл ауылдан кеткісі жоқ. Тіпті тілі де, ділі де қазаққа айналып болған. Антонина да бір қарағанда орысқа ұқсағанымен, оның да «қазақтанып» кеткен орыс кемпірі екеніне көз жетеді әңгіме барысында. Айына бір рет зейнетақы алған кезде осы төртеуінің басы қосылып, өткен-кеткенді еске алысатыны бар. Сол кезде 1986 жылы желтоқсанда көмейіне салған жалғыз оғы әлі атылмаған Антонинаның ескі мылтығы, корей шалдың тігін машинасы да осы жерден табылады. Жазушының астарлы ойы желтоқсанда оқталып, әлі атылмаған мылтықтан көрінеді. Тұспалмен айтылғанымен

дәл осы жерде «Орыспен дос болсаң, айбалтаң жанында болсын» деген ата-бабалардан қалған нақыл тіл ұшына еріксіз оралары сөзсіз. Әңгіменің экспозициясында Санақбай мен кемпірінің арасындағы еріксіз езу тарттырар диалог арқылы ауыл зейнеткерлерінің жағдайы беріледі:

«...Енді кеп, шүйкедей боп, дауды тамыздық етуін. Қызыл тілі таңдайын күйдіріп олай-бұлай көсеуін.

– Мен болсам белімнен шойырылып, кәріп боп қалдым. Сегізкөзімді сипатайын деп ауданға бәлгерге кетіп барам. Жолкіреңе деп зейнетақыңды уысыма тұтасымен құймайсың деуін.

Қап, бәлем!...

– Дүкен жағалап кеткелі тұрсың. Иә, карта ойнап ұтыласың. Бар, ойбай, сыбағаңнан қағыларсың дей ме, әй?!

Осы сөзді кеше сауырынан түспей оқыранып тұрған шақта айтса нетті?!

Мана түс әлетінде поштаға бас сұққан. Зейнетақысы келіпті. Ол қайбір жарытымды нәрсе?! Ай сайын алақанына сауысқанның саңғырығындай ғып бірдеңе тамызады. Жатар-тұрарың осы деп. Келе:

– Мә, әлгі жамандарға кәмпит апар, – деп кемпіріне тұтасың теңгелікті ұстатқан. Немерелерін айтқаны.

Аяғын аттап басқан сайын бажылдап жүрген неме жалғыз жетім қағазды көргенде тіпті өршіп кетті. Осының ауыратынының өзі өтірік. Қарашы, қаздаң-қаздаң етіп мұны желімен қағып әрі-бері өтуін.

– Кетем, келін-баламның қолында тұрам. Қал солай, Ерлепес пен корей шалды, қарауыл орыс қатынды қара тұтып, – деп сілтейді-ай». Міне, зейнеткерлердің ауылдағы тірлігін қолмен қойғандай ғып суреттеген. «Сауысқанның саңғырығындай» деген теңеу арқылы ай сайын алатын зейнетақы мөлшерінің аздығы көрініп тұр. Алайда, осы жарытымсыз нәрсені алып, қанағатпен отырған қанағатшыл

қарияларға деген жанашырлықты да сезуге болады осы жолдардан. Ауылда өскен әр адамға таныс тірлік, таныс диалог. Өмірін бірге өткізген кемпір-шалдың жарасымды қағытпасы. Ауылды сағынып кететінің де шын. Кемпірі Қанішкенге жүретін автобуска арқаланып, бар жылы-жұмсағын балаларына арнап сөмкеге салып алып шығып кеткесін Санақбай да үйден шығады. Беталысы – ауылдағы жалғыз дүкен. Соның жанына Ерлепес, корей шал, Антонина кемпір жиналмақшы. Жолда келе жатып, баяғы жекешелендіру тұсында елдің малын алдына салып айдап кеткен жымысқы совхоз басшысы оралады. Сол кеңшар директорына қойды аштан қатырдың деп айтам деп, сонау қырдан келген Санақбай құрдастарымен бірге қырлы рөмке тартып алып, кеңшар кеңсесіне кіреді. Сөйтсе, директор баласын үйлендіріп жатыр екен. Жүз грамның буымен есік алдындағы хатшы қызға болмай директордың кабинетіне кірген Санақбай көзі мұнартып тұрып, бос тұрған креслоны, төрде ілінген Горбачев суретін директор деп елестетіп:

«– Әй! – деді бұл сол тұрған қалпы екпіндеп. – Атаңа нәлет, балаңның күйегі түсті екен деп малды қырамыз ба? Бір уыс шөп жоқ. Қыстай жем көрмедік. Тұмай туа шөгіп жатыр. Ертең төл қайда дерсіндер. Пішт, мә дермін сонда. – Қолын шығарып, бас бармағының өсіңкіреп кеткен тырнағына бір түкіріп қойды. – Пішт, мә! Неге үндемейсің? Ә, солай ма? Шыбынның өзі шөлдеген шілдеде, өгіз өкірген аязда... Біз пақыр жүреміз. Алдымен мал аман ба дейсіндер... Жан аман ба деп көрдіндер ме осы?! Қақсайтындарың қайта құру... Құрып неге кетпейсіндер?! – деп сөзінің соңын саясиландырып барып әзер тоқтаған.

– Ағай, директор әзір келе қойған жоқ. Құда аттандырып жатыр. Ертең болады.

Жалт қарапты. Есіктің көзінде еліктің лағындай боп, бұған үрке қарап хатшы қыз тұр.

Көз алдын кептеген мұнар сейіліп сала берді. Қараса, кресло қаңырап бос жатыр. Бос креслоның көк желкесінен асылып Горбачев тұр. Жансыз сурет демесең, бұған тесірейе қалыпты. Көз айырса екен-ау. Оң жақ шекесіндегі қызыл қалы тіпті қарақошқылданып барады. Осылайша Санақбайдан сөгіс естіген Горбачев «жайлауың – анау, қыстауың – мынау, бар енді, егемен бол» деген, – деп суреттейді жазушы. Осы естеліктерді еміп, ауылдағы жалғыз дүкеннің жанына келген Санақбайды Антонина кемпір қарсы алады. Ол да тағдыр айдап, қазақ ауылына келіп, қоныстанып қалғандардың бірі. Күйеуі Петро пешші еді. Оған да топырақ осы жерден бұйырыпты. Одан кейін соңына бір қара қаншықты ертіп, корей шал жетеді. Оның күшіктері шалдың сөмкесінде екен. Қара қаншық күшіктерді жарытпағасын, аяп, асырап алмаққа күшіктерді алып барады екен. Бұрынғы пермі бастығы Ерлепес, қолында бір шөлмегі бар, ол да жетеді осы кезде.

«– Бәрібір пәршиби дүние. Енді біз құрастырып жарытпаспыз», – деп лықылдатып тең бөліп құяды. Ауыл адамдарының тілін жеңіл әзілмен, астарлы қалжыңмен жеткізе отырып жазушы осы бір бір-біріне сүйеніш болып жүрген жандарға деген жүректегі сағынышын да сездіре білген. Осылай ішіп отырып, өткен-кеткенді еске алысты. Бір кезде бір уыс бетін көміп кеткен ұсақ-ұсақ әжімдер құрт құсап жыбырлап қашып байыз таппайтын корей шал:

– Айтпақшы, өткен жұмада ауданға барғам. Опырып жейтін Орбайды көрдім, – дейді.

Ауыздарына аңдаусызда ащы түсіп кеткендей, жанындағы үшеуі бірдей тыжырынды.

– Үстінде өзім тіккен ақ кенеп бешпет. Ақ кепкі. Иығынан бастап етегіне дейін жарқ-жұрқ етеді. Қаптаған орден-медаль. Ал, керек болса!

– Оңбаған ит! – деді алдымен Санақбай.

– Ұятсыз доңыз! – деді Ерлепес іле-шала.

– Осыдан көзіме көрінсін. Бір-ақ атайын, – деді Антонина тот басқан мылтығын әрлі-берлі қозғап.

Опырып жейтін Орбай – бұрынғы пермі бастық. Жекешелендірудің алақызба тұсында асап қалғандардың бірі. Аузынан ақ май ақтарылып жүріп, ақыры аудан орталығына көшкен.

...Ел егемендікке жеткен елең-алаң тұста қысқа жіп байлауға келсе де күрмеуге келмей... «Ой, пірім» деген шақта: «Несін айтасың, әлгі Орбайдың кенже ұлы бизнесмен екен. Екі қап ұн беріп Ленин орденін сатып алыпты. Елу кило кантқа Еңбек Қызыл Ту, палас төсенішке «Құрмет Белгісін» сұрапты. Медаль берсең он қадақ кір сабын ұстатады», – деп ел-жұрт елеурескен. Сауда қызды. Сақал сипағанша небір озаттың өңірін әшекейлеп тұрған атақ-абырой сылдыр қағып сол баланың қоржынына түсті.

– Әлгі сиыршы Сайлаудың борпаяқ әйелін білесің ғой.

– Ал...

– Соның да бала көп тапқаныңның байғазысы деп Үкімет берген «Алтын қатын» деген медалін жымқырып кеткен.

– Тұзақ үзген алаяқ!

– Оны айтасың, Орбай сол орден-медалді жарқыратып тағып Астанаға барыпты. Үй сұрапты», – деп ауыл адамдарының психологиясын тап басып суреттейді жазушы. Аласапыран тұстағы ел арасынан шыққан Орбай сияқты алаяқтарды әшкере қылады. Орбай да типтік бейне. Ел арасында осындай Орбайлар қаншама десеңізші! Ел қиналған шақта, соны пайдаланып байып қалғандарды Санақбайлар кіжіне отырып, елден аластайды.

Санақбай, Ерлепес, корей шал, Антониналар – адал еңбегімен жан баққан, арына кір түсірмеген жандар. Олар осы ауылдың қыдыры іспетті. Ауылдағы жаңалық, болып жатқан оқиға да бұлардың назарынан тыс қалмайды. Ауылды сорып, байығандар аудан, облыс асып көшсе, бұлар сол

ауылдан табан аудармайды. Олардың жаны – ауыл. Тағдыр тәлкегімен бір ауылға жиналып, өмірдің ащы-тұщысын бірге татқан олар бір-біріне сүйеніп ғұмыр кешуде. Тілектері де бір. Әңгіме соңында:

«– Әнұран қайда? Соны айтамыз. Баста!

– Алтын күн аспаны...

Қапелімде төрт дауыс төрт жаққа шығандап барып «Қазақстаным» деген тұста ғана бас қосып өтеді. Қайырмаға екінші мәрте оралғанда Антонина күшейіп, жігері тасып, тот басқан мылтығының дүмін жерге солқ еткізіп ұрсын». 1986 жылғы желтоқсанда оқталған Антонинаның тот басқан мылтығы атылады. Бүкіл ауыл дүрлігеді.

«– Россия, спаси! – деп Антонина қос қолын жайып аңырай жығылды.

– Маде ин Корея! – деп сымдай жіңішке даусымен бажылдап жіберген тігінші шал құрайдай боп сол құшаққа құлады.

Кімнен араша тілерін білмеген Санақбай мен Ерлеспес дүкен айнала жортақтап қашып, жорғалап бұқты.

Бір уыс жемге таласқан торғайлар да ұшып-қонып, «алтын күннің» астында шырылдап жатты», – деп аяқтайды жазушы.

Қазақстанды көгертетін қазақтар, бәрібір «бөрінің баласы орманға қарап ұлиды» дегенді де астарлап жеткізген суреткер. Әңгіменің философиялық байламы мықты. Абай айтқандай, «тілге жеңіл, жүрекке жылы» бұл әңгімені оқырманның жылы қабылдары сөзсіз.



ТАҒДЫР ТАЛҚЫСЫ

Көркемөнер туындысының өзегінде шынайы өмірге деген жазушы көзқарасы жататыны айқын. Сөз зергері сол арқылы оқырманын шынайы өмір сырларын сезіне білуге, өзгенің қайғысын өз жүрегінде түйсіне білуге тәрбиелейтіні сөзсіз. Қаламгердің қолында жер шарының тағдыры тұрады. Өйткені, күнделікті өмірде жай пенделер көріп жүрген, бірақ аса мән беріп жатпайтын түйткілді сәттер жазушы жүрегіне қадалған шөгір іспетті. Ол жай ғана сыздап, өзінің бар екенінен бір уақ хабар беріп отыратын бітеу жара тәрізді суреткердің жан дүниесін қинап, күйзеліске түсіреді. Сөйтіп, «Сөз өнері – дертпен тең» деп ұлы Абай айтқандай, толғақты сәттерден соң ғана жарыққа шығады. Қазіргі қазақ прозасына көз жіберіп қарасақ, қолына қалам ұстағанның бәрінің бірдей сөздің киесі мен құдіретін түсіне бермейтінінің де куәсі болар едік. Осының өзі заңды да. «Тұлпардан тұлпар озар жарысқанда» деп атамыз қазақ бекерден-бекер айтпаған ғой. Бүгінгі өмірдің тынысы мен тіршілігін суреттеуде Талаптан Ахметжан, Рахымжан Отарбаев сынды суреткерлердің шоқтығы биік тұр. Мәселен, Рахымжан Отарбаевтың «Қытайдан жеткен сәлемдеме» деген әңгімесі соның айғағы.

Бұл әңгімеде Кеңес өкіметінің туы жығылып, өліара кезеңнің өтпелі шағындағы еліміздің шынайы күйі бей-

неленген. Тәуелсіздікке қолымыздың онай жетпегенін айғақтайтын бірегей дүние. Қазақ-қазақ болғалы басынан азабы мен тауқыметі арылмаған, бірақ соған мұқалып қалмаған ел екенін астарлап жеткізген жазушы тар заманда ұлтымыздың көрген құқайы мен басқа ұлттардың жасаған астамшылығын кейіпкер монологі ретінде береді. Әңгіме тақырыбы – Қытайға ауып кеткен қазақтардың тағдыры. Идеясы – Отанға деген сүйіспеншілік, шынайы сезімге адалдықты уағыздау, елге-жерге деген махаббатқа баулу. Әңгіменің бас кейіпкері Өмірбай арқылы тар заманда елінен ауып, өзге елдің боданында өмір сүрген қазақтардың типтік бейнесін жасаған. Қысқаша мазмұнына келер болсақ, ақтар мен қызылдар шайқасқан сонау бір кезеңде Қытай ауып кеткен қазақтардың тағдыры, оның ішінде бас кейіпкер Өмірбай тағдыры әңгімеге арқау болған. Қытай жерінде тұрған қазақтардың да өздерінің тәуелсіздігі үшін гоминдан үкіметіне қарсы шыққаны, Оспандай ердің сол жолда мерт болғаны нанымды суреттелген. Өмірбай кіндіктен жалғыз бала болғанымен, әкесі оның Оспандай ердің қол астында Қытай үкіметіне қарсы жорыққа аттануына мұрындық болады. Өйткені, азаттық пен Отан деген ұғымды жоғары қойған, табиғаттың төл перзенті қазақтардың мәрттік пен батырлықты ұрпақтан-ұрпаққа рухани мұра қылып отырғаны да сол данагөй шалдардың арқасы. Егер Өмірбай сол жолда жалтақтық көрсетсе, масқараның өзі сол болар еді. «Өлімнен ұят күшті» деген қағиданы ту етіп ұстаған қазақтың намысқой, өр, батыр халық екені Оспан бейнесі арқылы атойлап тұр. Міне, Өмірбай сондай ермен тізе қосып, гоминдан өкіметіне қарсы шайқасады. Алайда өмір бар жерде өлім бар, бір ұрыста Оспан қаза тауып, оның құрған жасағы ақыры Қытай өкіметінің қолына түседі. Одан әрі қарай түрме, азап, жазалау басталатыны мәлім. Осындай тозақтан өткен Өмірбай әрең дегенде түрмеден

босанып, елге қайтып, ата-анасының қолына Әсемайдай келін түсіреді. Перзент сүйіп, өмірдің өзіне тән қызығы мен шыжығына кенеле бастайды. Сүйікті ұлы мен келінінің қолынан алғай деп тілек еткен қариялардың тілегі ақ екен, перзенттерінің жамандығын көрмей дүние салады. Ұлды болған Өмірбайдың сол күнде қайғысы мен қуанышы бірдей-тін. Сол кезде «Сәбет жақтан шекара ашылатын болыпты» деген хабар дүңк ете түседі. «Бір ай ғана ашып, шекараны кері жабады екен», «Сәбет жаққа өтетін адамдардың шашына дейін тексеріледі екен», т.б. қауесеттер елдің ішінде дүрбелең туғызғаны да рас. Өмірбай екі ұлы мен Әсемайды алып, Кеңес өкіметі жаққа өтіп кетуге, атаменге жетуге қам жасайды. Сөйтіп, Әсемай мен екі ұлын қайындарына жіберіп, олар сол жақтан Кеңес өкіметінің шекарасына келетін туыстарымен бірге келетін болады. Әсемайлармен шекарадан кездесеміз деп уәде байласады да, өзі ата-анасының басына дұға етіп, басқа шаруаларды реттеп шекараға жеткен кезде даңғаза-шуға тап болады. Неге екені белгісіз, шекара жабылайын деп жатыр, өтетіндер үлгеріп өтеді. Үлгермегендер қала бермек. Әсемайдың туыстары кешігіп жатыр, ал Өмірбайды ағайындары қысып барады. «Өте берген дұрыс, олар кеше келген лекпен өтіп кетті», – дегенді естіген Өмірбай соңғы лекпен бірге шекарадан өтіп кетеді. Келесі күні жеткен Әсемай екі баласымен шекараның ар жағында қала беретіні де сол уақыттағы өмір шындығы екені рас. «Күйеуім кеше ғана Сәбет жаққа өтті, рұқсат етіңіздер», – деп жылаған уыздай жас келіншекті аяған шекара бастығы Өмірбайды іздестіріп, шекараға шақырады. Аңқау ел Өмірбайды қайтадан шекараға шақырып жатыр дегенді естіген кезде: «Еш нәрсені білмеймін де, гоминдан өкіметіне қарсы шайқасқаның үшін құйрығыңа шала байланып жүрмесін», – дегенді құлағына құйып қоятыны тағы бар. Осылайша басы мәңгіріп, екі оттың ортасында қалған

Өмірбай екі баласы мен әйелінен танып, Кеңес жақта қала береді. Атамекенге орналасқаннан кейін, Базаркүл есімді сатушы келіншекке үйленіп, өмір ағынымен аға береді. Жүрек түбінде қалған ескі жара ұмытылып жата берер ме еді, егер Кеңес өкіметі құлап, Қытаймен екі арадағы шекара ашылмаса!

«Қытайдағы жегжаттарына кеткен Тақай келіпті десе-ді», – дегенді кешкі мал қамында жүріп әйелі Базаркүлден естіген Өмірбайдың жүрегі өз-өзінен қағып, іші алай-түлей боп, қапелімде не дерін білмей, түсі өзгеріп кететінінің өзінен оның ішкі әлеміндегі өзгеріс, күрес танылатыны сөзсіз. Оның бұл өзгерісін өзінше жорыған Базаркүл: «Кезінде мойындары ырғайдай, биті торғайдай болып әрең жетіп еді, енді іштеріне шыр біткесін құтырайын деген екен», – деп шаптығып шыға келеді. Осы жерде жазушының адам психологиясына қанықтығы көрініп тұр. Кейіпкердің жан дүниесіндегі өзгерістерді тап басып танып, шеберлікпен суреттеген жазушының шешен тілі, оралымды ойы оқырманын баурап алатыны да шын. Кешкі мал сауымынан кейін дастархан басына отыра берген кезде «Ассалаумағалейкүм!» деп кіріп келген Тақай жеңгесі саналатын Базаркүлмен әзілдесе отырып, Қытай жақта қалған елдің аман-саулығын, сәлемін жеткізеді. Бір кезде Қытайда еріксіз, екі баламен зарлап қалған Әсемайдың беріп жіберген тоны мен Базаркүлге арнап салған көйлектік матасы, магнитофоны Базаркүлдің ажарын кіргізіп: «Қартайған адамға киім қонатын ба еді, тәйірі! Тонды Астанадағы күйеу балаға бересің, магнитофон немерем Ерланға, көйлектік матадан қызым көйлек тіктіріп киер», – деп табан астында билігін жүргізіп, кесіп-пішіп тастайтын сәті де оның мінезінен хабар беретіні ақиқат. Өзінің бір кездегі қатесі алдынан шығып, өкініштен түнімен ұйықтай алмай, аласұрған Өмірбай магнитофонның бір түймесін басып қалғанда Әсемай сөйлеп қоя бермесі бар ма? Бір кездегі

сызылып тұратын даусы қатқылдана бастаған ба, қалай?! Өмірбайдың қателігін бетіне баспаса да: «Жүрегіңіз жылы еді ғой, неге бізден танып кеттіңіз? Сіз иә десеңіз шекара бастығы мені екі баламен шекарадан өткізгелі тұрған», – деген сөздерін естіген бас кейіпкеріміз солқылдап жылайды. «Шекарадан бір қара көрінсе сіз болар деп екі бала елендейтін, естісеңіз есіңізге түсер деген үмітпен үшеуіміз қосылып «Балапан қазды» айтатынбыз. Шырқыраған даусымыз құлағыңызға жетпеді ме, Өмеке?!» – деп біткен кезде: «Тірілей өлтірдің ғой, Әсемай», – деген Өмірбайдың жан дүниесіндегі арпалыс арқылы адам баласының қашан болса да жасаған қателігінің алдынан шығатынын ескертіп тұрған іспетті.

Әңгіменің өзі сюжеттік дамудан басталады. Яғни, Өмірбай шалдың қазіргі жай-күйі, Базаркүлмен бас қосып тұрып жатқан бүгінгі таңдағы өмірі екеуінің диалогі арқылы оқырман көз алдына кәдімгідей сөзден сурет жасап, елестеп өтетіні айқын.

Негізінен жазушы қай әңгімесінде де диалогты өте шебер пайдаланады. Жалаң суреттеуден гөрі екі-үш адамның әңгімесі арқылы өрілген оқиға шындық өмірдің бір көрінісі екенінде дау жоқ. Қытайдағы туыстарына кеткен Тақайдың оралуын естіген Өмірбайдың оқыс оянып кеткендей болуының өзі кейіпкер характерін, ондағы психологиялық өзгерістерді танытып тұр.

Шығарма сюжетіндегі байланыс – Тақайдың алып келген сәлемдемесі. Міне, сол ғой біздің кейіпкеріміздің көңіл күйінің әңкі-тәңкісін шығарған. Неге олай екеніне әңгімені әрі қарай оқи отырып көз жеткізуге болады. Әрі қарай кейіпкердің өткен күн естелігі арқылы қазақтың басынан өткен аласапыран уақыттарға куә болады.

Оқиғаның экспозициясы немесе басталуы – Кеңес өкіметінің Қытай мен арадағы шекарасының ашылып, туған топырағын аңсаған жұртқа рұқсат етілуі туралы хабар.

Осыны естіген ел дүрлігіп, атажұртқа қарай өкше көтере бастайды. Міне, осы топпен Өмірбай да өтпек ниетте. Осы кезден оқиға шиыршық атып, шиеленісе береді. Әсемай мен қос ұлын қайын жұртына аттандырып, Бозтөбенің етегіндегі әке-шеше зиратына тәу етіп, шекара қақпасына тартуы, Өмірбай кербестінің құлақ түбін терлетіп жеткенде үш күн бойы ашық тұрған шекара қақпасының жабылайын деп жатуы, Әсемайлармен сол жерде кездеспей қалуы, елдің аузынан естіген:

– Қайын жұртың кеше өткен, көрдік, – деген сөздері алдағы жасайын деп тұрған өмірлік қателігінің алғышарттары екенін оқырман сөзсіз сезінеді.

Өмірбайдың аңсары болған ата күлдікке жалғыз қадам басуы – оқиғаның шиеленісуі. Әсемайлардың кейін жетуі, бұның келіншегі мен екі ұлынан танып шығуы оқиғаны одан әрі дамыта түседі. Базаркүлмен бас қосып, ішіндегі сыздаған жарасын елемей жүре берер ме еді, Тақайдың әкелген сәлемдемесі болмаса? Магнитофондағы Әсемайдың ауызша хаты, ондағы әкесін күткен қос жетім мен тірілей жесір атанған жазықсыз әйелдің «Балапан қазды» шырқап:

«Бұл өлке – біздің ауыл жайлаған жер,

Желіге асау құлын байлаған жер-ай.

Көзіме от-жалындай көрінесің,

Құрбымен алтыбақан ойнаған жер-ай.

Е-ей, ахау сабаз,

Ұшырдым ұясынан балапан қаз-ай.

Қос жетімекпен қосылып шырқыраған сол даусым құлағыңызға жетпеді ме, Өмеке?...» – дейтін тұсы – оқиғаның шарықтау шегі.

Осыны естіген бас кейіпкердің:

– Тірілей көмдің ғой, Әсемай! Балапандарым менің! Кеш сорлы әкенді! Кеш! – деп бақырып жіберуі – шығарманың шешімі.

Жазушы шеберлігі сонда, шығарманы үйреншікті композицияға құрмаған. Әңгіменің композициялық құрылысы күрделі. Сонысымен де қызық. Әңгіменің тілі шұрайлы. Мәселен, «Намаздыгер мен ақшамның ортасында күн күркіреп, көктемнің кіндігін кескен», – деген сөйлемде табиғат құбылысына жан бітіре қолдануы, көріктеу құралы кейіптеуді шебер пайдалануы суреткердің тілдік қорының байлығын көрсетеді. «Қыс қамытынан мойны жіңішкеріп шыққан ауыл сіркіреп жауып өткен ақ жауынға жауырын тосып: «И-и, жарықтық-ай!» – десіп, келер күнге үмітін жалғап, мәре-сәре боп қалды». Осы сөйлемдегі «мойны жіңішкеріп шыққан ауыл» деген күрделі эпитет кейіптеуге де айналып, жандандырыла құбылып тұр. Ауыл адамдарының жай-күйі осы бір ауыз күрделі эпитет аясына сыйып тұр. «Бәкене бойлы, қырбық мұрты бар қоңқақ танау қара кісі аяқ-қолынан жан кетіп, іңір қараңғысына ілініп қалғандай еді». Бұл сөйлемдегі Өмірбайдың портретінің өте бір шеберлікпен берілгенін көруге болар. Жазушы адам жан дүниесін шебер ашатындығымен де шебер. Мәселен: «Кеше қалың көшпен бірге өтті деген қайын жұрты мен келіншегін, мойны қылқиған қос қарғасын таба алмай, табанынан таусылған шақта:

– Өмірбай жаны ұяда болса тез жетсін, – депті Қытай беттегі шекара бастығы.

Суыт хабарды естіген көрші-көлем, алыс ағайынның жақ жүні үрпиісіп кетті.

– Біліп ем арамыздан осылай бір ши шығарын.

– Нені айтып отырсың? Отбасын түгендеп бергелі жатқан шығар.

– Әсемай мен тышқандай екі балаға бола қақпаны кері ашады деп пе ең?

– Аттап баспа! Оспан батырдың қасында жүріп үкіметке қару кезенген жан Сәбетке өтпесін деген жарлық шығыпты.

– Андаусызда өткені болса алдап шақырып алып, Құлжаның түрмесіне көзін жылтыратып қамандар, бәлем, депті.

– Оны айтасың, қол-аяғына бірдей кісен салып, тілін көмекейден шорт кесіп алыңдар депті.

– Мойныға алма. Бала – белде, катын – жолда.

Сөйтіп, аз ақылынан ажырап тұрғанда сымдай тартылған бір орыс офицері мұны алдына салып айдай жөнелген...» Көріп отырғанымыздай, жазушы оқиғаны диалог арқылы сомдауға шебер. Сонымен қатар, адамның ішкі жан дүниесін де осылай жайып салады. Ағайынның қорқып кеткенін «жак жүні үрпиісіп» деген фразеологизммен сомдауының өзі тіл сонылығы.

Өмірбай характерін танытудағы мына бір диалогтан оның қандай адам екені анық көрінеді:

«– Әйеліңіздің бары рас па? – деді домаланған қытай.

– Жоқ. Қайдағы әйел? Оспан батырды да ғұмыры көрген емеспін, – деді бұл.

– Балаларыңыз ше?

– Ешкімді білмеймін. Үкіметке қарсы соғысқаным жоқ, – деді тағы да құты қашып.

– Жалғыз бастысыз ба?

– Иә...

– Өмеке-ау, иә, соңымда Әсемай мен қос ұлым қалды, жібере көріңіз десеңіз бізді шекарадан міне-міне өткізгелі тұрған. Көрші бөлмеде отырып барлық жауаптасуды естідік. Бізден танып шығып, құрбандыққа қиып кеткеніңіз қалай?! Жүрегіңіз жұмсақ еді ғой...» Міне, заманға құл болған адамды көреміз осы диалогтан. Өз басын қорғау қамы кімді қасіретке ұшыратпаған? Не де болса, белді бекем буып, шындықты қасқайып тұрып айтатын батыр қазақы мінез қайда кетті? Әлде қос жақты езгіге түскен қайран жұрт ез боп, езіліп кетті ме? Жүрек сыздатар қайғы. Тұтас ұлт өз мінезінен ажырап қалған. Сахара төсінде арда өскен қазақ

халқына тән батырлық, жарасымды аңғалдық, сойып түсер шешендік, бір ауыз сөзге тоқтау бүгінгі замандастарда бар ма? Қазақ халқының заманалар ағысында жоғалтқаны көп-ау... Әңгіменің астары осыған меңзейді. Жазушы өзі жазған оқиғасының кейіпкер жүрегіне жол табуы үшін небір архаизмдер мен фразеологиялық сөз тіркестерін шебер қолдана білген. Диалог арқылы тұтас бір өмірге шолу жасаған. Шындық өмірдің келбетін таныта білген. Әңгіме сонысымен де құнды, сонысымен де оқырман жанын жаулайтыны анық.



ЖҮРЕКПЕН ЖАЗЫЛҒАН ӘҢГІМЕ

Көркем әдебиетте адамның тұрмыс-тіршілігін, өмір сүру ортасын суреттеумен қатар жан дүниесін, ішкі әлемін қарама-қайшылықтармен қатар қойып өрнектеу – бағы заманнан келе жатқан үрдіс. Кейіпкердің сыртқы тұлғасын, бет пішінін суреттеу қандай керек болса, ішкі әлемін өзіне тән қарама-қарсы принциптерімен суреттеудің де маңызы ерекше. Кейіпкердің ойы мен мақсаты, әр қилы сезімдерді түсініп қабылдау өресі, яғни жан дүниесі әр көркем шығармада әр түрлі суреттеледі. Сөз өнерінің неғұрлым ерте кездегі түрлерінде ол көбінесе кездеспейді. «Ауыз әдебиетінде геройлардың бастарында болатын күйініш, әр түрлі психологиялық өзгерістерді суреттегенде оған табиғатта не жануарларда болатын әр түрлі құбылыстар қатарласа, жарыса жүретін. Сол қатарластыру арқылы адамның басындағы сезім дүниесін суреттеу психологиялық параллелизм әдісі болатын», – дейді Қ.Жұмалиев (*Қазақ әдебиет тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – А., 1960. – 304-б*).

Психологиялық параллелизм әдісі ауыз әдебиетінде әбден бекіп, тұрақтанған әдіс еді. Мысалы: қара өлең. Бұл – психологиялық параллелизмнің ескі түрлері. Параллелизмнің адам баласының табиғат тануының сәбилік дәрежесімен байланыстылығы, ескі кездегі көп тәңірге табынушылық, кейінгі кезде бір тәңірге сенумен байланыс-

ты жақтары, оның өзара түрлері, тарихи даму жолдары өте ұзақ та күрделі. Біз бұл жерде параллелизмнің тек іс-әрекет, қимыл жақтарынан табиғат, жануарларға құбылыстарды қарама-қарсы қойып, солар арқылы адамның көңіл күйін суреттейтін түрлеріне тоқталайық. Ауыз әдебиетіндегі, адамның ішкі сезімін суреттеудегі ең үлгілі саналатын «Тарғын» жырындағы белі мертігіп жатқан Тарғынның монологі.

Бұл – Тарғынның жан күйзелісін, оның қиналып жатқандағы ішкі сезім дүниесіндегі күйініш халін суреттеу. Бірақ соны суреттеу үшін табиғаттағы әр түрлі құбылыстарды, әр түрлі жануарлардың арасындағы қарым-қатынастарды қатарластыра, яғни параллель алады. Қаһарманның басындағы ауыр халін оқырмандар сол қатарластыра суреттеген табиғат құбылысы, жануарлардың арасындағы қарым-қатынастар арқылы ғана сезеді. Ауыз әдебиетінде бұл дағдылы әдіс еді.

«Қыз Жібек» жырында Төлеген мен ауыдынан бірге шыққан, махаббат пен ғашықтың символы іспетті алты қаз жаралы болып жатқан Төлегеннің қасына сазға келіп қонайын десе, жаулар атқылап қондырмайды. Алты қаз айналып, қиқулап ұшып жүргенде әлсіреп жатқан Төлегеннің көзі түсті:

*Әуелеп ұшқан алты қаз,
Қасірет-қайғы халімді,
Неге келіп білмейсің?
Тілсіз мақлұқ жануар,
Бірге келген жолдасым,
Қасыма неге келмейсің? –*

деп құстарға өтініш айтып, мұңын шағады. Ғашықтық жырларда кездесетін тағы бір көрініс бір-біріне ұғым жағынан жақын заттар салыстыра бейнеленгенде де параллель ұғым тудырады.

Махамбеттің «Қызғыш құс» өлеңін алсақ та, ақын өз басындағы ауыр хал, көрген зорлық-зомбылығына лашынанан тепкі көрген қызғыш құстың ауыр халін қатар қойып, сол арқылы ішкі өз жағдайын көрсетеді.

Қазіргі әдебиет туындыларында кейіпкердің нақты характері, мінез-құлқы, адамның ішкі иірімдері мен психологиялық көріністері табиғатпен, табиғат заңдылығымен қаз-қатар кескінделетін болды. Мәселен, Рахымжан Отарбаевтың «Би» әңгімесінде автор кейіпкердің рухани жан дүниесін табиғатпен, өмір заңдылықтарымен байланыстыра суреттей отырып, терең философиялық тұжырым жасаған. Жазушы өмір деген дарияның жағасына жетпек болған әр жолаушыны оның күтпеген буырқаныстары мен толқындарының мүлде басқа жағаға лақтырып тастайтыны жөнінде үлкен бір ойға жетелейді. Шындығында да өмір дегеннің өзі бір қарама-қайшылыққа толы емес пе? Күлдіріп тұрып жылатқан, жұбатып тұрып терең тұнғыыққа құлатқан өмір шіркінің де тап бір тасбауыр өгей шешедей пенденің алтын басын қақпақылдап ойнауға тойған ба? Жазушының айтпақ болған ойы да осы іспетті. Әңгіменің тақырыбы, жоғарыда айтылып кеткендей, өмір шындығы. Пендені еркелеткен, ойнатып жүріп от бастырған, күйіндірген, түнілдірген, белгісіз бір жарық сәулеге ынтық етіп қол создырған бес күндік жалған фәнидің тұрақсыз қалпы. Ата-бабаларымыз жалған дүние деп бекерге күрсінбеген екен.

Шығарманың идеясы – қандай жағдайда да адамшылықтан аулақтамау, сүрінген пендені кінәламау, түсіне білу, қолдан келсе қол созып, жан жарасын емдеуге тырысу. Қателескен жанның бетіне қара күйе жағып соттау оңай, оны жағылған күйеден ақтау қиын, сондықтан барынша бір-біріміздің жанымызды түсінейік деген ойды астарлы түрде береді жазушы. «Біреуді айыптама, сонда өзің де айыпты

болмайсың» дегендей, өзге жанды жазғырғанша, өз жаныңа үніліп, өз мініңді де мойындай білгенге не жетсін? Мынау бес күндік жалғанда бізге жетпей жататыны да осы! Жазушы ешкімді кіналамайды, жазғырмайды. Бәріне де кінәлі өмір. Осы жерде біртуар Мұқағалидың «Өмір деген біреу бар» деген өлеңінің төмендегі жолдары еске түсері анық:

*Аңқылдаған не таптым ақкөңілден,
Несіне ердім сайтанға жат көрінген?
Өмір деген біреу бар билік құрған,
Билігінен мен соның қақ бөлінгем.*

Шындығында да «Адамның басы – Алланың добы» екені рас. Қалай қуаласа солай домалайды. Әңгіменің экспозициясы, яғни оқиға Атырау аэропортына шетелдің кең құрсақ ұшағының ыңыранып келіп қонуынан басталады. Ұшақтан түскен келісті жүзді кербез Камилланы күтушілердің бұл жолы кешігуі арқылы жазушы алдағы оқиғаны ишараттап тұрған іспетті. Сөйтіп, жесір келіншек Орал қаласына жету үшін такси жалдайды. Әңгіме желісі Камилланың марқұм күйеуін еске түсіруі арқылы жалғанады. «Күйеуі жарықтық көңілі кең, келісті-ақ азамат еді. Соның арқасында шығар, өмір бойы алтын тұтқалы, ерініп ашылар емен есіктердің төрін босатпай өтті. Қарауындағыларға да жайлы-тын. Зейнетақыға шығар алдында Оңтүстік Африканы армансыз аралатқан. Жартасты жағалауда кісіден үрікпей, қойындасып жүзетін пингвиндермен қоса шомылған. Жібек шәлінің бетіндей шымырлап қалған суы неткен сүйкімді еді?! Өн бойыңды аялай сипап, жылы ағыс боп қытықтап, құмарыңды қаралай қоздырған. Сонда ғой, Кейптаунның қымбат дүкендерін кезіп, көк көйлек, көгілдір жақұт, сары көйлек, сарғыш жақұттарды самсатып сыйлағаны»...

Иә, о да бір өтіп кеткен дәурен болатын! Камилла үшін бұл естеліктер көңіл төріндегі ең бір аяулы, қымбат дүние екені де рас еді. Алайда, жылдар жылжыған сайын, сары көйлек

тұрмақ, сағыныш та тозады екен... Сонымен қатар оқиғаның күзде, қыркүйектің алғашқы аптасында болуы да көп нәрсені аңғартқандай. Егер адам өмірінің жастық шағын көктеммен теңесек, күздің келуі – өмірдің бастан өтуі дегенді білдіреді емес пе? Ал Камилла соны мойындағысы келмейді. Жазушы жесір әйелдің басындағы жұрт түсінбес мұнды жеріне жеткізе баяндайды. Шындығында да жесірдің жүдеу көңілі мен қоңторғай тірлігін түсінетіндер де аз екені ақиқат. Көбінесе, айналасындағылар жесірді ағаш атқа мінгізіп, сөз етуге әзір тұрады. Алайда оның жүрек түкпіріндегі қайғы-шерге пысқырып та қарамайды. Ол да адам ғой, пенде ғой деп ешкім маңдайынан сипамайтыны рас. Жесір әйелдің де әйел бақытын көріп, жұрт татқан махаббат ләззатына шомылғысы келетіні басына түспеген пенде үшін беймәлім. Тіптен жесірдің бұндай қылығы үшін күнакар саналып, айнала қоршаған ортаның күстаналайтынына куә да болып жүрміз. «Басқа түскен баспақшыл» деп қазақ атамыз айтқандай, жесір әйелге кешіріммен, түсіністікпен қарау керектігін ешкім де қаперге ала бермейтіні өкінішті жәйт. Жазушы осы бір қоғамдағы әлімсақтан бері бітеу жарадай сыздап келе жатқан түйткілді мәселені көтере отырып, жесір әйелдің жан дүниесін, сағыныштан сартап болған жетім көңілін оқырман алдына жайып салған.

Бүгінгі таңда жесір әйел санының көбейіп отырғаны – қоғамдағы жазылмас дерт, орны толмас өкініш. Қоғамдағы әлеуметтік жағдай онда өмір сүріп отырған адамдардың бақыты арқылы өлшенетін болса, қазіргі таңда бақытты адамдар санының бұрынғыдан азайып отырғаны – ащы да болса шындық. «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды» деген қанатты сөзді атамыз қазақ тегін айтпаған. Астарында үлкен мағына жатыр. Адам боп дүниеге келгеннен кейін теңін тауып, жұп болып жарастықпен ғұмыр кешкенге не жетсін? Алайда, нарықты нар маядай иіте алмаған еркектердің көбі бүгінде жүректен кетсе, көлік апатынан қазаға ұшырағандар

саны да өсіп барады. Демографиялық ахуалдың бұрыннан да керемет боп тұрғаны шамалы. Мұқағалидың әйгілі:

Әйелдерді еркектерден көп дейді,

Ойбай, ойбай, бола берсін көп мейлі!

Әйел деген әдемі зой, әдемі,

Әдемілік бізге көптік етпейді, –

деген өлеңімен жанымызды жұбатуға тырысқанмен, шындыққа үңілу де қажет! Еркексіз әйелдер ешқашан бақытты болмайтыны шындық. Жұп болып өмір сүру – Адам Ата мен Хауа Анадан бері келе жатқан тірліктің тұтқасы. Алла Тағаланың өзі барлық жанды, жансыз нәрсені жұп қылып жаратқан. Сондықтан, әйелдер қаншама бай, дәулетке ие болсын, мансапта биіктесін бәрібір, жұбын таба алмаса бақытсыз. «Теңі келсе, тегін бер» деген мақалдың астары да осыған саяды. Міне, жазушы осындай адамзаттық үлкен мәселені арқау ете отырып, жесір әйелдің тіршілігіне түсіністікпен қарайды, оның да мынау өмірде жұбын тауып, бақытты болғысы келетінін астарлап жеткізеді. Кезінде ел ішіндегі ақсақалдардың аузынан: «Жесір әйелдің үйінің қос босағасы алтыннан құйылса да, оған садақа тиеді», – дегенді естуші едік. Сірә, дуалы ауыз батагөйлер жесірдің жарым көңілін түсініп, жалғыздықпен өткен ғұмырдың төлеуі болмайтынын осы арқылы жеткізсе керек. Әлбетте, өз басына түспеген жандар біздің бұл ойымызға сын көзімен де қарар, бірақ атамыз қазақ «Аға өлсе, іні мұра, іні өлсе, аға мұра» деп, әмеңгерлік салтты еріккеннен дәстүр ғып енгізбеген де шығар!

Иә, Камилла таксист жігітке қарап отырып, неше түрлі ойға беріледі. Күйеуі тірі болса, түнделетіп таксимен келе жатар ма еді? Ол тірі болса, жалғызсырап жер бетінде жүрер ме еді? Қорада қаңтарылып тұрған «Лэнд Крузерге» қарап көз жасын іріккен әйелдің іштей бір шешімге келгені

рас еді. «Жеті жыл жоқтағанда моладан басын бір көтеріп, жеті сөз айтпаған» күйеуінің енді келмесіне көзі жеткен ашынған әйелдің жалғыздықтан түңілген көңілінің байламы еді ол. «Өлі арыстаннан тірі тышқан артық» дегендей, не істерін білмей, жалғыздықтан көңілі құлазыған жесір әйелдің «өлмегенге өлі балық» деп, амалсыздан қабылдаған шешімі еді ол. Сюжет желісі арасындағы оқиғаларды байланыстыру үшін жазушы Камилланың құрсақ көтермегенін, сондықтан күйеуінің соңғы жылдары ит пен мысық, тотықұс асырағанын әңгімелейді. Алланың пендеге берген бір бақыты бала сүю, ұрпақ жалғастыру болса, Камиллаға ол да бұйырмапты. Иә, мұны шын сүйген күйеуі ешқашан әйелінің осал тұсы туралы тіс жарып, тіл қатпапты, бетіне баспапты. Алайда, күшіктік қылықтарынан ләззат алып отырмыз деп «Ләззат» атаған иті, иісшіл тұқымнан деп «Сақ» атаған мысығы, үйге кірген-шыққандарды тергеп, мошқап отырсын деп «Терге» атаған тотықұсы арқылы өзінің пенделік арманынан да хабар беретіні рас. Бұның бәрі Камилланың естелігі арқылы баяндалады.

Жазушы ішкі монологты шебер пайдаланатыны даусыз. Камилла сырт көзге сондай бақытты боп көрінгенімен, іштей бақытсыз еді. Тіпті өзін сүйген күйеуінің тірі кезінде де бақыттан басы айналып жүргені шамалы. Өйткені атасы сыр бермегенімен, енесі мұның етегінің қанамағанын желеу етіп, жақтырмай өткен. Тіпті шыдамы таусылғасын күйеуіне: «Бағынды байламайын, ажырас. Өкпем жоқ», – деп рұқсат та берген, алайда обкомдағылар: «Айтпа ондайды! Үлкен өндірісті сеніп тапсырдық. Партия кешірмейді», – депті. Сонымен лауазымның дәмін енді татқан жас бастық үнсіз қалыпты. Кейін Камиллаға бала асырап алайық деп қолқа салғанда, енді бұл көнбеген екен. Соның бәрін еске алып, өкініштен өзегі өртенген әйел іші толы жылтырақ дүние, қаңыраған биік коттедж-

де жападан-жалғыз қалғанына налиды. Сөйтіп, «ендігі жерде аз ғұмырына сүйеніш болатын бір пендеге көңіл тоқтатуға бекінеді, құшағын толтырмағанымен көңілін ортайтпас еді ғой».

Сөйтіп, таксист боп жүрген сұлу мұрт, сары жігіт Жәнібекпен көңіл қосады. Бұл – оқиғаның шиеленісуі. Айына екі мың доллар ақша берем, жағдайыңды жасаймын деген соң ол да ойланбай келіседі. Осы жерде тағы да бір ойланатын мәселе – бүгінгі таңдағы жұмыссыздық мәселесі. Осының өзі адамдарды тығырыққа тіреп, қалайда ақша табу керек деген принципті алға қойғаны ақиқат. Жесір әйелмен көңіл қосқан Жәнібектің көп ұзамай тасы өрге домалайды. Бала-шағасын жаңа, жайлы орынға көшіреді. Артынша ырғап-жырғап қызын ұзатады. Алайда ел аузына етек тыға алмайтыны рас, өсегі құрғыр сумандап, әйелі Әсемге де жететіні сөзсіз. Отбасында болған ұрыс-керісте шетелдік компанияда жұмыс жасаймын деген өтірігінің беті ашылып, өзінен үлкен жесір әйелмен көңіл қосқаны әшкере болады. Сай-сүйекті сырқыратар шындықтың беті ашылып, бұл мән бермеген отбасындағы түйткілді жағдайларды алдына жайып салады әйелі Әсем. Сөйтсе, бұл ақша табам, дәулет жинаймын, отбасын тарықтырмаймын деп жүргенде, жалғыз ұлы нашамен ауызданыпты. Өмірдің ендігі тұтқасы деп жүрген ұрпағының да тамырына балта шабылғаны емес пе бұл деген? Әңгіменің шарықтау шегі де осы.

Ұлының нашақорлармен байланысын естіген сәтте тірліктен баз кешіп, есік алдындағы қаңтарулы «Лэнд Крузерге» отырып, айдау жолға түсіп, жұлдыздай ағып келе жатып қана ес жияды. Кімге опа берген дүние бұл? Иесіне бұйырмаған бұл машинаны мінгендердің бәрі бақытсыз болатыны несі? Әлде «Бүлінген жерден бүлдіргі алма» деген осы болар, бәлкім?! Камилланың өзінен кіші жігітпен көңіл қосқанын естіген немере қайын сіңлісі де келіп ойран салып кетеді. Ашып айтпаса да, ағасының ақ төсегін арамдағанына

ашындым десе де, оның да көкейін тескені — Камилланың дүние мүлкі, байлығы, үйі. Ағасынан қалған үй мен машина, қыруар байлық біреуге бұйырар деген ашкөздік... Беу, жалған дүние десеңші! Өзіне бұйырмаған нәрсе өзгеге опа берер ме? Бірақ бес күндік қызылды-жасылды опасыз жалған оны ойлауға мұрша да бермейтіні даусыз. Өңгіме шешімі өз-өзінен өріледі. Жәнібекпен бірге Астанадағы жамағайындарының тойына барған Камилла той үстінде, билеп жүріп құлайды. Тойға Жәнібектің әйелі Әсем де келген екен. Отбасында туған шатақтан құтылу үшін Камилла оған да машина әпереді. Содан кейін «азуы қалса да, ашуы тарқапты»... Ол да тойға қасына біреуді ілестіріп, Жәнібекпен Камиллаға қыр көрсете, қарама-қарсы отырады. Әсемнің өзімен амандаспағанына, біреумен табыса қалғанына Камилла кәдімгідей өкпелі. Өйткені оны асырап отырған Камилла ғой! Камилланың ақшасының арқасында ғой оның машинамен шалқайып жүргені. Осы ойлардың жетегіндегі Камилла Жәнібекті ортаға алып шығып, құтырына билейді. Соңғы рет билеп жүргенін сезбейді, әрине! Көк көйлек киіп, көгілдір жақұттарды самсатып таққан Камилла өмірдің өтерін білсе де, тап осылай тез құлаймын деп ойлады дейсіз бе? Өмірден өз үлесін алып, өмір ләззатын татып қалғысы келіп жанталасты. Бірақ бәрі бір сәтте-ақ қажет болмай қалғаны! Алланың алдында бәрі бірдей. Бай бол, кедей бол, жетім бол, жесір бол! Тек аз ғана тірліктің сындарына төтеп беріп, өз жүрегіңе адал боп қалсаң болғаны.

Жазушы Камилланы да, Жәнібекті де, Әсемді де кіналаудан аулақ. Тек өмір шындығын сол қалпында мөлдіретіп баяндап берген. Шындығында да өмірдің өзі би ғой, шіркін! Барлық пенделер билеп жүр. Қашан құлайтыны да беймәлім... Өткінші дүниеден опа тапқан пенде атаулы болмаса керек. Осыны білгенімен, астарына мән бермегендіктен ғой ғұмырдың көбіне өкінішке толы болатыны. Өмір деген сахнада ар мен ұятынды жоғалтпай

өтсең, сол емес пе мұрат деген! Бес күндік фәни адамның адамшылығын да сынға салатыны даусыз. Адамдықтың ақ туын құлатпай, қиындық пен қайғыға шыдай білген, мұң-наланы төзіммен жеңген адамның ғана о дүниеге беті жарық күйінде аттанбақ. Жазушының айтары да осы болса керек. Осы жерде Шеллидің: «Бізге жүрекпен түйсіну азайып барады», – деген сөзін келтіре отырып, Рахымжан Отарбаевтың не жазса да жүрекпен жазатын жазушы екенін мойындамасқа лажымыз жоқ.



МӘҢГҮРТ ҰРПАҚ НЕМЕСЕ ӨЛІМДІ САУДАҒА САЛУДАН АБАЙ БОЛАЙЫҚ

Рахымжан Отарбаевтың «Соңғы спектакль» атты әңгімесі – бүгінгі таңдағы өздерін «жаңа қазақпыз» деп шалқақтап кеуде соғатын, нарықтық қатынастар дүниеге әкелген шала сауатты, бизнес заңдарынан хабары болмаса да түлкідегі алпыс екі айланы меңгеріп алған жандардың тірліктерінен хабар беретін дүние. «Соңғы спектакль» деген тақырыбынан-ақ көрініп тұрғандай, өмірдің сахна, ал адамдардың сол өмір атты сахнаның әртістері екенін оқырмандардың есіне оралтып, күлдіріп отырып ойлантатын, ойлантатын да тәубеге келтіретін бірегей туынды екенінде сөз жоқ. Шығарманың бас кейіпкері Тасеменді оқырмандарға былайша таныстырады жазушы: «Бұл өзіміздің Тасемен ғой. Жастайынан облыстық театрда әртіс боп бастап, кейін бірер өнер мекемесін дөңгелентіп әкеткен. Орта бойлы, жалпақ бет, жарғанат құлақ, жайдары немені бұл өңірде танымайтын адам кемде-кем. Оңтайынды тауып, оң жағында үйірілген жанды кім жек көрсін? Кешегі жекешелендіру кезінде де жем жеп қалды. Нарықтан да қысылмай нар түйе жетектеп шықты.

– Әкесі Дәуіт уызына торғай кіріп кетсе де білмес аңқау еді, жарықтық. Шайтантөбеде суға түсіп жатқан бір топ қызды пері деп ойлап, ат бауырлатып сабап, сот-

талып кете жаздаған. Ал баласы мына заманға аузын тосып, түкіргізіп туған қу екен. Өнер мекемесін басқарып, байыған жалғыз осы», – десіп бәзбіреулер қызғаныштың қызыл шоғын көсеп-көсеп жіберетін. Мейлі ғой». Осыдан артық кейіпкерге қандай мінездеме, қандай портрет керек? Аз ғана сөзбен Тасекеңнің өмірлік ұстанымының қандай екенін оқырманның көз алдына әкеле қойған.

Тасемен – типтік бейне. Қай жерде, қай ауыл, қай қалада болмасын өз Тасемені бар екені айқын. Олар қашанда, Сәкен Сейфуллин айтпақшы:

Шырқ айналар шіркін, тауық,

Жемің болса қолыңда.

Қайдағысы сені тауып,

Топырайды жолыңда, –

дегендей, өз мақсаттарына жету жолында аянбай күресе білетін жандар. Жағынуға да, табынуға да бар, бетперде киіп алып, өз мұраты үшін кіммен болсын тіл табыса алады. Өмір сүруге бейім, қулығы мен сұмдығына құрық бойламайтын қулар. Алайда, «Мың асқанға бір тосқан» демекші, олардың да құрдымға кетер кездері болады екен. Оны жазушы былай суреттейді: «Бірақ жұрттың көзі мен сөзі текке кете ме, соңғы кезде облыс әкіміне жақпай-ақ қойды. Баталы құлдай алдында бәйпең қағып көрген, сазарған неме ішін алдырмады. Сосын: «Қой, жасым елуден асқанда кімнің алдында кішірейіп жүрем?.. Мә, ендеше», – деп қызметін өткізіп берген. Екі-үш ай үйінде тым-тырыс жатып бақты. Іздер жан жоқ. Өзге түгілі үйдегі қатын-баланың алдында бетінің ажары таусылып бара жатқан соң жеке концерттік мекеме ашқан. «Тасемен и К» деп айдарлап атақты. Бұрын қарауында қызмет еткен екі әнші келіншек пен бір айтыс ақынын алып гастрольге аттанған. Ел-

жұртты адақтап, әуелетіп ән салдырып, әзіл айтып халықты қытықтап күлдіргісі келген. Аса мазалы тірлік шыкпады. Алматы мен Астананың аспанында қаптап кеткен жас жұлдыздар алдарын орап, нәпақаларын қағып әкете берді. Жарнамалары мықты. Ылғи дәу бастықтармен, күшті бизнесмендермен көзқыспасы бар олар тұрғанда жұрт бұларды қайтсін?! Ақыры той-томалаққа асаба да боп көрген. Оны да келістірмеді. Лыпылдап тұрған жас жігіттер қаланың бар қыздырма қызығын тендей бөлісіп алыпты». Өмірін айла мен кулыққа құрған, қолында билігі бар кезде бір адамға дұрыстап жақсылық жасамаған, тек амал мен айлаға шебер, әйтпесе қолынан ешбір тірлік келмейтін, бірақ өзін таланттымын деп санайтын адамның қолынан билік кеткен кездегі тыныс-тіршілігі дәл қалпында, тайға таңба басқандай шебер өрнектелген. Осылай аңырып тұрғанда Тасекене сонау Астанадан мұнай алпауытының бірі Айбар Аскаров телефон шалмасы бар ма? Сөйтсе, өмір бойы ел басқарған әкесі о дүниелік болыпты. Елге сіңірген еңбегінің арқасында өңірі орденнен босамай кеткен қадірлі қарияны соңғы сапарға аттандыру екен Айбекеңді күйзелтіп тұрған. Себебі, атасын жоқтап жоқтау айтатын Айбекеңнің әйелі орыс қолды, қазақшаға шорқақ екен. Ал балаларының бәрі де орысша мен ағылшыншаға судай ағып тұр. Олардың да білмейтін жері – қазақ тілі мен өз халқының салт-дәстүрі. Осы кем-кетікті білдірмей, ел алдында абыроймен шалды аттандыратын адам керек. Сол-ақ екен, Тасекең бірден лып етіп, тізгінді қолына алып алды. Өйтпесе Тасемен бола ма?

«—Аға, деді бұл мән-жайға жедел қанығып, — жаназа шығарар молда да, қандай қадірлі қариядан айырылғанымызды айтып жырлайтын ақын да, тіпті жоқтау айтатын әйелдерді де әзір етем. Тек сүйекті қолымызға тигізсеңіз болды». Соңғы кезде елге еленбей, көңілі түсіп жүрген Тасекеңнің қиялы өте ұшқыр еді. Қолайлы сәтті

пайдаланып, жаназа арқылы жаңа табыс көзін қалай табуға болатыны туралы сценарий құрып шығарады. Бұрын қарауында қызмет еткен екі әнші келіншек пен айтыс ақынын шақырып, алдағы істің мәнін ұғындырады. Қаралы жиынды өзінің жүргізіп отыратынын, сосын айтыс ақынының жыр төгер жерін, молданың жаназа шығаратын кезін, сүйек жөнелтілерде екі әнші келіншектің сай-сүйекті сырқыратып жоқтау айтатынын нығырлап түсіндірген Тасекең енді молда іздеп отырғанда алыстан жиен боп қосылатын, алаңғасар, бұрын орталық мешітте кассир боп жұмыс жасаған, содан ақша жеп, түрмеге түскен Қайсардың кіріп келмесі бар ма? Тасекеңнің жаңа бизнес жобасын, жасап жатқанын білген ол өзінің түрмеде мешіт ұстағанын айтып, жан қинамай ақша табу үшін бар күшін салады.

Оны жазушы былай суреттейді:

«— Бір аятты оқып көрші, мақамыңды білейін.

Тиын сауып, ақша жеп жүргенде біраз нәрсе құлағына қонған ғой. Кісіні ұйытып тастайды екен. Орталық мешіттен молда табар-ау, бірақ ол түпкілікті болып жарыта ма? Жұрттың штаттағы молдасын қашаған жылқыдай қашанғы тізгіндеп отырарсың? Одан да өзіңнің басыбайлы молдан болғанға не жетсін?

— Жарайды, бар, — деді біраз ойланып. — Кештетіп кел! Шапаның мен сақалыңды әзір етем. Сенімен ұзақ дайындық жасамаса болмас. ...Бұл — тұтас спектакль!»

Осылайша қаралы жиын өткізу спектаклінің сценарийін жасап, жаңа бизнесіне молда, ақын, жоқтау айтушы келіншек әзірлеген Тасемен Айбар Асқаровтың ел-жұртқа қадірлі әкесін соңғы сапарға абыроймен аттандырып салады. Тіпті Айбар Асқаров пен оның байқатпай келіп біз сұғып алмасаң былқ етпейтін қарындасы Бәтіш те екі әнші келіншек сұңқылдап әкелерін жоқтаған кезде бір-бір тамшы жас шығарады көздерінен. Бұл жердегі жазушының астар-

лы ойы тереңде жатыр. Бүгінгі таңдағы ата-анасын қарттар үйіне өткізіп, өздері аспаннан түскендей боп жүретін жандар бар емес пе? Жоғарыда айтып кеткен бүгінгі бай десен бай Айбар Асқаровтай адамдардың тек дүние мен ақшадан басқаны білмейтін қалыптары да оқырман назарына ұсынылып отыр. Олар бәрін де сатып алуға болады деп ойлайды. Тіпті әкесіне жаназа шығартуда да осы әдеттерінен танбайды. Алайда жылы жүрек, мейірім мен ата-анаға деген ыстық ықылас пен махаббатты сатып ала алмайтынын олар сезбейді. Сол қатыгездіктері өздерінің де түбіне жетері туралы бір мысқал да ойланбайды.

«Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер» демей ме қазақ атамыз? Өз әкесін жерлеп тұрып тебіренбеу, үш қайнаса сорпасы қосылмайтын біреулерге ақша төлеп жоқтау айтқызу не деген сорақылық? Мәңгүрттіктің түп тамыры осында жатқан жоқ па? Немесе өз халқының салт-санасын білмейтін ұрпақтан не пайда, не қайыр?! Осындай ұрпақ өсіріп отырған Айбар Асқаровты әкесінің де өлімінен сорақы өлім күтпесіне кім кепіл? Жазушы әңгіменің астарында осындай ой ұсынады оқырманға. Осыдан кейін-ақ жаназа шығарудың шебері болып алған Тасеменнің жаңа бизнесі гүлдей жөнеледі. Әңгіме астарында ащы шындық жатыр. Уытты мысқыл, улы сарказмды қолдана отырып жазушы жұрттың ата-анасы алдындағы соңғы парызын ақша арқылы шешуге ұмтылысын былайша суреттеп, сын найзасымен түйрейді:

«— Тасеменнің мекемесі ашылғалы жұртқа тіпті рахат болды. Бар міндеттен сытылып шыға келді. Айтсайтқандай, осы күнгі келін-кепшіктің көзінен жас шықпайды. Суалып қалған. Оқта-текте шық ілінсе де, екі ауыз сөздің басын құрап, жоқтау айта алмайды. Тіпті немере-шөберелерінің ойын-сауықта жүргендей ойнақтап басып қызмет көрсететіндерін қайтерсің? Мұның ел

сеніміне кіргені сондай, ұзақ сапар шегерде, қымбат өлкенің курортына кетерде, тіпті бәзбіреулердің: «Біздің әулеттегі шал-шауқанның бірі шетіней қалса, Тасеке, өзің бас-көз боларсың. Андағайлап жеткенмен ажалға ара тұрмаспыз», – деп қиылатындарын айтсаңшы. Ал, керек болса!» Көріп отырғанымыздай, өлімді де саудаға айналдырып жібергендерден іштей түніледі жазушы.

Өлім деген қазақ атамыздың ұғымында өте ауыр нәрсе. «Өкпеге қиса да, өлімге қимайды» деген сөз текке айтылмағаны даусыз. Алайда, бүгінгі таңда өлімге салқынқандылықпен қарайтын, өлімде де ата-анасын соңғы сапарға ата-баба жоралғысына сай аттандыра алмайтын, қалтаға сиынған мәңгүрт ұрпақ өсіп келе жатқанын сынай отырып, улы сын жебесімен түйрей отырып жеткізеді суреткер. «Өлі жібімей, тірі байымайды» деген халқымыздың даналық сөзінде де өлімге деген құрмет, қазалы жердің ауыртпалығын бөлісу, аруақты ренжітпеу жатыр. Осының бәрін белден басқандардың өздерінің де барар жері жер асты екенін, соны түсінбей шалқақтайтындарын уытты мысқылмен мегзейді автор. «Өлімді жерде молда семірер» дегендей, біреулердің көз жасы, қайғы-қасіреті арқылы байлыққа күмп етуді көздеген Тасемен мен оның қарауындағылар бір-ақ күнде масқарасы шығып, абырой-беделден жұрдай болады. Оның себебі тым әріде жатыр.

«Дүмше молда дін бұзар» деп халқымыз тегін айтпаса керек. Ақша жеп, түрмеге қамалған адамның молда болуы, жұрттың жаназасын шығаруынан артық не масқара болады десеніңші! Өзі имандылықтан жұрдай адам, жұртты қалай имандылыққа үндемек? Әңгіме астарындағы осындай философиялық терең ой мен тұжырым улы сарказм, ащы мысқылмен қосылып, оқырманды ойлануға жетелейтіні сөзсіз. Әңгіменің соңында, жоқтау айтылар тұста, түнімен тойда болып ұйқысы қанбаған әншілердің секектеп билеп,

құтты болсын айтуынан төбелес оты тұтанып жүре береді. Осылайша Тасеменнің жаназаға арналған соңғы спектаклі де бітті. Әңгіме соңындағы төбелес арқылы жазушы Тасемен сияқтылардың жұрт санасын улап жүргенін, алайда бәрінің де әшкере болатынын бейнелеген. Өлімді саудаға салудан аулақ болайық деп үндейді бұл шығарма. Ащы мысқыл, уытты сатираны қолданған жазушы бизнеспен айналысудың жолы осы екен деп, өлімді де келемеж қылудан сақтандырады. Жасыратыны жоқ, соңғы кезде өлімнің де бәсеке болып бара жатқаны ащы да болса шындық. Осыған тосқауыл қою керек деген ойға үндейді. Сонымен қатар, өнер адамдарының да тым ұсақтап, ақша қуып, пайда табудан басқаны көздемейтін қалыптарын ашып көрсете білген. «Дос жылатып айтар, дұшпан күлдіріп айтар» деген қазақтың қанатты сөзін еске алсақ, жазушы ащы шындықты айта отырып, халқымыздың тілі мен дінін, ділін ұмытпайық деген идеяны ұсынады.

Әңгіме сатиралық жанрда жазылған. Тақырыбы — халықтың салт-дәстүрі, тілі мен діні, имандылық иірімдері. Идеясы — халықтық жоралғыларды сақтау, ана тілді қастерлеу, имандылыққа үндеу. Ұрпақты мәңгірттіктен сақтауға атсалысу. Әңгіменің тілі өте тартымды, көріктеу құралдары шебер, орынды қолданылған. «Осы күні жұрттың көзінен жас шықпайтын боп барады ғой», «байқатпай келіп біз тығып алмасаң былқ етпейтін Бәтіштің өзі көзінен екі тамшы жас берді». Иронияны қолдана отырып келтірген бұл жолдардағы уытты мысқыл, ащы сарказм кімге болсын ой салғандай. Әңгіме оқырман көңілінен шығары сөзсіз.



МӘҢГІЛІК МУЗА АЗАБЫ НЕМЕСЕ МОНА ЛИЗАМЕН ҚОШТАСУ

Әдеби шығармалардан біз кейіпкерлердің бастан кешкен килы оқиғаларын ғана білеміз, бірақ олардың ішкі әлемін, психологиялық жай-күйін өте аз кездестіреміз, тіпті жоқ деуге де болады. Кейіпкердің уайым-қайғысы, жан сарайы бізге жұмбақ күйде қалады да, тек оқиғаның барысы, шиеленісуі ғана басты назарда болады. Тіпті кейіпкердің жан дүниесі туралы сөз бола қалса да, өте сараң және белгілі бір оқиғаға байланысты ғана беріледі. Ал Рахымжан Отарбаевтың «Мона Лиза» деген элегиясында оқиға көбінесе естеліктер арқылы оқырман назарына ұсынылады.

Әңгімедегі бас кейіпкердің жан айқайы ішкі монолог арқылы ашылған. Шығарма тақырыбы – көркем әдебиеттегі ең бір өміршең де мәңгі тақырып – махаббат машақаты. Шығармашылық іссапарымен Миланға барған суретші әйгілі Ла Скаланың алдындағы алаңда тұрған Леонардо да Винчидің мүсінін көрген бетте әлденеден жүрегі шаншып, құлап түседі. Есін ауруханада ғана жиған оның көз алдынан жастық шағының енді оралмас елестері фотолентадай өтіп жатқан еді. Әңгіме экспозициясы бұл. Одан әрі суретші өмір бойы арманы болған Моншақтың бейнесін елестетеді. Ол әйгілі Леонардо да Винчидің өлмес туындысы «Мона Лизамен» шаштасып жатыр екен. Ал, керек болса! Себебі,

Моншақтың да, бас кейіпкердің де бақытсыздығына себепші болған «Мона Лиза» екен.

Сонау арман қуған жастық шақта біздің кейіпкеріміз де Леонардо да Винчи сияқты құдіретті туындыны өмірге әкелсем деп ынтығады емес пе? Содан да тұсына ұлы суретші мен әйгілі «Мона Лизаны» іліп қойып, жалықпай зерттейді, тілдеседі, сырласады. Ондағы ойы – ауылдағы өзі бар жанымен құлай сүйген Моншағының портретін салу. Алайда, көзі ұқсаса жанарының ішіндегі жасырынған ойлы сұлулық, дала еркесіне тән мөлдірлік пен ұяндық таптырмай әбден сілесін қатырады. Сондай толғаныста, толқуда жүрген шабытты шақта суретшімізді бір жылға Мәскеуге жіберуге шешім қабылданады. Яғни, шеберлігін шыңдасын, болашағы зор деген үмітпен. Бас кейіпкеріміз ауылға хабар салғасын, ауылдан артынып-тартынып анасы байғұс жетеді Алматыға. Бұның бәрі – Милан ауруханасында жатқан суретші санасынадағы үзік-үзік елестер. Алайда осының бәрі жиналып, оқиға желісіндегі байланысты құрайды. Ауылдан келген анасы ұлының кереуетінің тұсындағы «Мона Лизаның» портретін көріп, тіксінеді. Өйткені ол кісі де ауылдағы Моншақты келін етіп түсіруді армандайтын. Жайлап ұлынан сыр тартқан кезде анасына әзілдеген ұлы: «Болашақ келініңіз ғой. Ата-енесіне баптап шай құйып берем деп отыр», – деп ана үмітінің күл-талқанын шығарады. Оқиға одан әрі шиеленісе түседі. Ауылға салы суға кетіп оралған ана бұл сырды қартына айтады. Сөйтіп, ата-баба салты бойынша күні ертең келін түсірем деп қалса әзір отырайық деп, бар ағайынның басы қосылып, талқыға салынады. Ауылда өсек жатқан ба, осының бәрінен құлағдар болған Моншақ алғашқы махаббатынан үмітін үзіп: «Менің суретімді салып әуре болма», – деп хат жазады. Сөйтіп, ауылдың тәкаппар аруы күйеуге шығып кетеді. Мәскеуден осыны естіп жедел жеткен суретші жер сабап қалады. Осы-

ның бәріне кінәлі «Мона Лиза» мен оны салған Леонардо да Винчи деп, кереуетінің тұсындағы суретті жұлып алып, көше кезген қайыршы шалға ұстатып жібереді. Өзі әскерге аттанады. Бұл – шығарманың нағыз шарықтау шегі. Содан Сібір ормандарына сіңіп, сонда қалып қояды. Отыз жыл бойы ат ізін салмаған ауылға анасын жерлеуге барғанда ғана Моншақты көреді. Сөйтсе, Моншақ та бақытсыз екен. Күйеуі сиыршы, өзі сауыншы Моншақтың жүдеу күйін көрген суретші: «Буынды шөптің үстінде, бұлтты көктің астында сен аман жүрші», – дейді өзімен-өзі күбірлеп... Моншақ үнсіз жылаған күйі ұзап кетеді.

Шығарма шешімі – суретшінің Миланға келуі, Леонардо да Винчидің мүсінімен тілдесуі. Иә, шығарманың басталуы да, шешімі де – осы! Бұны жазушының шеберлігі десек, артық емес. Элегия ішкі монологқа құрылған дедік сөз басында. Суретші Леонардо да Винчидің алып мүсінін көрген бетте: «Кездестік-ау, ақыры», – дейді. Өміріне кеткен өкпесі де, бүгінде жүректі тек жылатып қана жататын өкініш-өксігін де екі ауыз сөзге сыйдырғаны қандай сезімталдық?! Жылдар бойы жүрегін жандырып келген сол бір күндердің елесі санасында қайта тіріледі. Сол бір елестер жанын шабақтаған сайын бір өліп, бір тірілетін суретшінің жүрегі осы жолы сыр береді. Жылдар жүгін арқалау оңай ма? Оның өзі ылғи өкініш пен өксіктен құралса... Жазушы бұны: «Жанымның бір жіңішке жібі дірілдеп барып үзіліп кетті білем», – деп төндіре суреттейді. Миланның көшесінде тәлтіректей басқан суретшінің есірік мендеген санасынан енді Мона Лизаның суреті оянады, сөйтеді де оны өзіне қол бұлғап шақырады. Суретші болса, оны санасынан өшіре алмай әуре. Енді бір сәтте өзі ессіз ғашық болған Моншағы елестейді. Екеуінің сол бір жазғы түндегі айтқан сырлары, берген серттері бүгінгідей көз алдында тұр. Моншаққа: «Алдымен сенің портретінді саламын. Жан

тазалығың, ерке келбетің, тіпті бүкіл нұрың сол суреттің бетінде қалқып тұрады. Дәл Мона Лизадай ғып. Тіпті одан да артық. Одан да әдемі!» – деп уәде бергені, содан күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей шабыт құшағында өнер құдіретіне елтігені елес беріп өтеді... Армандары не деген аскак еді?! Жаны не деген таза еді?! Мынау қулық-сұмдыққа толы жер бетінің жалған қалпы ол кезде балаң суретшіге беймәлім болатын. Күндіз-түні қиялында Моншақтың келбеті, сол бір аруды Леонардо да Винчи сынды өлмес өнер туындысына айналдырсам деген арман... Бірақ сол кезде балаң суретші өнер жолының бұралаң екенін, азабы мен қиындығы қоса жүретінін, жүрегіне жүк арқалатар тағдыр мазағы мен азабы болмаса, өлмес өнер туындысының, өзі айтқандай, жүрекпен жазылған туындының өмірге келуі неғайбіл екенін білмепті. Балаң суретші сөйтіп, тағдыр жүгін арқалайды, табанын тоздырып, өнердің суығына күйеді, ыстығына тоңады. Жалаңаш, жалғыз қалған жүрегін солай жұбатқансиды. Бірақ соның бәрі бос дүние, өзін-өзі алдау екенін, Моншақ сынды ешкім де жүрегін толтыра алмайтынын Миланда, Леонардо да Винчиден кездесіп тұрып түсінеді. Әңгіме: «Хош, арманым боп табысып, азабым боп ажырасқан Мона Лиза! Кешір, Моншақ!» – деп аяқталады. Осы сөзге бәрі де сыйып тұрған іспетті. Моншақ оның Музасы екен. Сол Моншақ-Музаның құдіреті екен оны талмай өнер жолында қолтықтап келе жатқан. Сондықтан да ол Моншақпен бас қоса алмады. Өйткені Моншақ арман күйінде қалғанда ғана құдіретті, сұлу болатын. Егер өмірде қол жеткізсе, оның Мона Лизамен қатар тұруы мүмкін емес еді. Мона Лиза да муза. Өнер құдіреті осыны сезіне білуде! Өнер адамдарына тән жұмбақ сана, қияли ғұмыр кешу кілтипаны туралы жазылған осы бір әңгіменің астарлы мәні, философиялық байламы да осында дер едік.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ әдебиетінің проза жанрында жанқиярлықпен өзін тек әдебиетке ғана арнап жүрген санаулы жазушы бар екені көзі қарақты оқырман қауымға аян. Міне, осы саусақпен санарлықтай суреткерлердің бірі – Рахымжан Отарбаев. Қаламгердің әрбір туындысы жүрекпен жазылған, академик Зейнолла Қабдоловша айтқанда, нағыз «Ардың ісі» екені оның шығармашылығымен таныс әр оқырманға айқын.

Жазушының біз зерттеу нысаны етіп алған шығармаларының бәрінде дерлік кейіпкерлердің жан дүниесі айнала қоршаған ортамен, тылсым табиғатпен тұтастықта алынады. Мәселен, «Бесқасқа беріштің хикаясы» повесінде Жүсіптің беймәлім тағдыры мен жауапсыз махаббатын суреттеуде Алакөл мен айды куәгер етіп тартқан суреткер, сол арқылы оның жан-дүниесіндегі аласапыран дауылды, жан айқайын егіздеп бейнелейді. Жүсіптің өлмелі анасын тағдыр тәлкегіне тастап, өзіне де белгісіз өңірге ат басын тіреуі, сол кездегі көңіл күй өзгерістері туралы суреттеген кезде де айнала қоршаған ортамен үндестікте нақыштаған. Бұның өзі жазушының туған жерге деген махаббаты, өз жүрегіне деген адалдығымен тұтасып кететіні ақиқат.

Жазушының «Жайық жыры» туындысын алсақ, Жайық өзенінде таңертеңнен кешке дейін ылдиға, кештен таң сібірлегенге дейін өрге қарай толқынға қақпақыл бо-

лып, жолаушылаудан бір танбайтын адамның қу басы, оны көріп, сол арқылы өз өмірін де көңіл сүзгісінен өткізетін теңгемұрт қарияның тәубеге келуі өте бір нанымды баяндалады. Осының бәрінде де бір суреткердің өзіне ғана тән, қайталанбас қолтаңба бар. Ол кеңістік, уақыт, табиғат құбылыстары және кейіпкерлердің жан дүние иірімдері. Суреткер әсіресе кейіпкерді «іштей сөйлетуге» шебер. Ішкі монологты пайдалана отырып, өткен шақ пен осы шақ және болашақты шебер жалғайды. Мәселен, «Қытайдан жеткен сәлемдеме» әңгімесі. Осындағы бас кейіпкердің қара басының қамы үшін бір кезде әйелін, екі баласын құрбандыққа шалғаны бірнеше жылдар өткеннен кейін алдынан шыққанын нанымды өрнектеген. «Не ексең, соны орасың» деген қанатты сөздің астарын философиялық байламмен нақты ұқтырады. Жазушының логикасы мықты, психологиялық тұжырымы терең. Әсіресе астарлы ойды шебер береді. Сонымен қатар, архаизмді ұтымды пайдаланады. Ауыл адамдарының өмірін айнадан көрсеткендей, анық та әсерлі нақыштай отырып, бүгінгі күннің шындығын тап басатыны ғажап. «Токтышақ» әңгімесіндегі тірі жетім торша бала Токтышақ пен оның әжесі, аяғын билете басқан ақсақ кемпірдің мұңға толы өмірін суреттей отырып, торша баланың көзқарасы арқылы бүкіл ауыл адамдарының тыныс-тіршілігін таныта кетеді. Жазушының қаламынан туған әрбір дүниеден оның шексіз дүниетанымы, талғамы танылатыны даусыз. Бүгінгі таңдағы қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылып жатқан Рахымжан Отарбаевтың туындылары – шын мәніндегі бірегей шығармалар.



ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Арутюнова Н. Д. Метафора и дискурс. Кітапта: Теория метафоры. – М., 1990.
- Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана: Фолиант, 2002.
- Базарбаев М. Өлең – сөздің патшасы. – Алматы, 1978.
- Белинский В. Г. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1948.
- Блок А. О литературе. – Москва: Художественная литература, 1980.
- Веселовский А. Н. Историческая поэтика. – М., 1989.
- Виноградов В. В. Поэтика русской литературы. – М., 1976.
- Гегель Г. В. Ф. Эстетика. В 4-х томах. Т. 2. – Москва, 1969.
- Гегель Г. Ф. Н. Эстетика туралы лекциялар. Кітапта: Эстетика. Т. 1. – М., 1968.
- Голосовкер Я. Э. Логика мифа. – Москва, 1987.
- Дональд Девидсон. Что означает метафора. Кітапта: Теория метафоры. – М., 1990.
- Еремина В. И. Миф и народная песня. В книге: Миф. Фольклор. Литература. – Ленинград, 1978.
- Затонский Д. Постмодернизм: гипотезы возникновения \ Иностранная литература. – Москва, 1966, № 2.

- Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002.
- Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы, 1984.
- Қондыбай С. Арғы қазақ мифологиясы. Төртінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004.
- Литературный энциклопедический словарь. – Москва, 1987. – С. 750-755.
- Майтанов Б. Қазіргі қазақ прозасындағы модернистік және постмодернистік ағымдар // Көкейтесті әдебиеттану. 5-кітап. – Астана, 2005.
- Мифологический словарь. – М., 1990.
- Мифы народов мира. Энциклопедия в двух томах. Т. 2. – Москва, 1997. – С. 715-719.
- Отарбаев Р. Жайық жыры. – Ақтөбе, ЖШС Полиграф, 2003.
- Отарбаев Р. Қараша қаздар қайтқанда. – Алматы, Сөз-Слово, 2006.
- Потебня А. А. Эстетика и мысль. – М., 1976.
- Тілешев Е. Суреткер және көркемдік әдіс. – Алматы: Арқас, 2005.
- Уилрайд Ф. Метафора и реалтность. Кітапта: Теория метафоры. – М., 1990.
- Фрейденберг О. М. Миф и литература древности. – М., 1978.
- Шапай Т. Шын жүрек – бір жүрек. – Алматы: Жазушы, 2000.

Мазмұны

Психологизм иірімдері	3
Мәңгілік өлшемі	14
Жалған дүние	25
Өмір-өзен	34
Жан дауыс	58
Мұнды әуез	70
Көркемдік әлем	88
Қоғамның бітеу жарасы	99
Сана соққысы	109
Тағдырдың қатал безбені	119
Тағдырластар	134
Тағдыр талқысы	141
Жүрекпен жазылған әңгіме	150
Мәңгүрт ұрпақ немесе өлімді саудаға салудан абай болайық	159
Мәңгілік муза азабы немесе Мона Лизамен қоштасу	166
Қорытынды	170
Пайдаланған әдебиеттер	172

Касқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002.

Касқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы, 1984.

Қондыбай С. Арғы қазақ мифологиясы. Төртінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004.

Литературный энциклопедический словарь – Москва, 1987. – С. 750-755.

Майтандық Б. Қазіргі заманғы қазақ әдебиетіндегі модернизм және постмодернизм. – Астана: Аударма, 2002.

Мифологический словарь – Москва, 1997. – С. 715-719.

Отарбаев Р. Жайық жырлары. – Астана: ЖШС «Полиграф», 2004.

Отарбаев Р. Жайық жырлары. – Астана: ЖШС «Полиграф», 2004.

Словарь – Астана, 2002.

Суреткер Е. Суреткер. – Астана: ЖШС «Полиграф», 2004.

Тарих – Астана, 1990.

Тарих – Астана, 1990.

Тарих – Астана, 1990.

Тарих – Астана, 1990.

Тарих – Астана, 1990.

Тарих – Астана, 1990.

Тарих – Астана, 1990.

Тарих – Астана, 1990.

НИЕТҚАЛИЕВА Гүлзада

ДАРА

Редакторы Ғабит Молдамұрат

Ұларбек Байтайлақ, Қуат Құрмансейіт

Техникалық редакторы Балнұр Тәуекелова

Компьютерде беттеген Айнаш Құлжанова

Басуға 08.12.2010 ж. кол қойылды. Пішімі 84x108 $\frac{1}{16}$.

Қаріп түрі «Таймс». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 9,24. Таралымы 1000 дана.

Тапсырыс №353*.

«Фолиант» баспасы.

010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды